

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Психология» сериясы
Серия «Психология»
Series «Psychology»
№2(51), 2017**

Алматы, 2017

БАС РЕДАКТОР

Намазбаева Ж.И. – психология ғылымдарының докторы, профессор.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Михайлова Н.А. – PhD докторы, гонорар-профессор (Германия); **Нагибина Н.Л.** – PhD докторы (Германия); **Ерментәева А.Р.** – психология ғылымдарының докторы, профессор; **Ибраимова Ж.К.** – психология ғылымдарының кандидаты, доцент.

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Косшыгулова А.С. – психология магистры.

*Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы
мамырдың 8-де тіркелген №10103 – Ж
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір. 2000 ж. бастап шығады.*

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Намазбаева Ж.И. – доктор психологических наук, профессор.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Михайлова Н.А. – доктор PhD, гонорар-профессор (Германия); **Нагибина Н.Л.** – доктор PhD (Германия); **Ерментәева А.Р.** – доктор психологических наук, профессор; **Ибраимова Ж.К.** – кандидат психологических наук, доцент.

ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ

Косшыгулова А.С. – магистр психологии.

*Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая
2009 г. №10103-Ж
Выходит с 2000 года. Периодичность – 4 номера в год.*

EDITOR IN CHIEF

Namazbayeva Zh.I. – doctor of psychological sciences, academician, professor.

THE EDITORIAL BOARD MEMBERS

Mikhailova N.A. – PhD, honorary-professor (Germany); **Nagibina N.L.** – PhD (Germany); **Ermentaeva A.R.** – PhD doctor of psychological sciences, professor; **Ibraimova J.K.** – candidate of pedagogical sciences, associate professor.

EXECUTIVE SECRETARY

Kosshygulova A.S. – Master of psychology.

*Registered in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 №10103-Zh/Ж
Periodicity – 4 numbers in a year publishing from 2000.*

МРНТИ 15.31.21.

Ж.Ы. Намазбаева ¹

Т.Ш. Исабекова ²

^{1,2}Абай атындағы ҚазҰПУ, «Тұлға психологиясы» ҒО,
Алматы қ., Қазақстан

ТҰЛҒАНЫҢ ДЕПРЕССИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада тұлғаның түрлі деструктивті жай-күйлерінің негізгі себептері, факторлары және механизмдері жайында мәлімет беріледі. Түрлі депрессиялық жағдайларда психологиялық көмек көрсетуге және оның алдын алуға тұжырымдамалық көзқарас аясында қазіргі тұлғаға сипаттама беру үшін кешендік тәсілдеме жүзеге асырылды. Әр түрлі субъектілердің, сонымен қатар адам топтарының тұлғалық дамуына, депрессиялық күйлердің алдын алуға, психологиялық түзетуге бағытталған кейбір қарапайым психологиялық ұсыныстар, психологиялық кеңестер беріледі, сонымен қатар депрессияның пайда болу себептері, түрлері, белгілері жайында теориялық материал баяндалады. Тұлғаның коммуникативтік қызметтерін дамыту барысында танымдық және эмоционалды-еріктік өрістердің өзара байланысты тәсілдемесінің маңыздылығы көрсетілген. Сонымен қатар, қазақ тілінде интегративті түрде этномәдени аспектілерді ескеру арқылы қазіргі тұлғаның деструктивті жай-күйлерінің алдын алуға және психологиялық түзетуге тұтас көзқарастың теория-әдіснамалық, ғылыми-практикалық аспектілері назар аударылады.

Түйін сөздер: тұлғаның депрессиялық жай-күйі, психологиялық көмек, депрессиялық жағдайдың алдын алу, психологиялық түзету, жаңартпа психотехнологиялар.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің барынша кең таралған көрінісі ретінде **депрессияның** түрлі формалары саналады. Бұл арада оның байқалуында әлеуметтік-саяси формациялар соншалықты маңызды емес, себебі кез келген қоғамда адам психикасының жалпы заңдылықтары ортақ және олар әр түрлі дәрежеде бұзылады.

XXI ғасырда тұлғаның түрлі жағымсыз қасиеттерін тудыратын себептері ретінде өмірдің аса жоғары қарқыны, бәсекелесу қабілетінің жоғарылығы, әр түрлі мәселелерге байланысты күйзелістің жоғары деңгейі, соның ішінде лаңкестік пен экстремизм, жұмыссыздық, әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық, қиын экономикалық жағдайлар және т.б. болып табылады. Сонымен қатар қазіргі қоғам адамға өз-өзіне наразылық тудыратын бірқатар құндылықтарды жүктейді. Мұндай құндылықтар болып жеке басының амандығы мен күш-қуатына табынушылық, физикалық және тұлғалық жетілу саналады. Сол үшін біз қатты алаңдаймыз, өзіміздің жеке мәселелеріміз бен сәтсіздіктерімізді жасыра бастаймыз. Қазіргі кезде депрессияға табиғатта болып жатқан өзгерістер, жыл маусымының ауысу ырғағының бұзылуы және т.б. әсер ететіндігін ерекше айта кеткен жөн [1].

Депрессияның түрлі себептері жөніндегі қазіргі көзқарастардың ортақ арқауы бар және олар келесі реттегілерден тұрады.

Көбінесе депрессия күйзеліс салдарынан пайда болады деп саналады. Белгілі болғандай, ол ұзаққа созылатын немесе жалғыз-жарым жарақаттайтын жағдай болуы ықтимал.

Депрессия кез келген жаста пайда болуы мүмкін. Депрессивтік ауытқулар кез келген әлеуметтік топтағы адамдарда болады.

Осылайша, кез келген қоғамның құндылықтары адамға айтарлықтай қысым жасай отырып, депрессивтік күйлердің пайда болуының негізгі себептері болып табылады. Әрбір адам өзінің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға, қоғамда құрметті, еңбекте табысты болуға, сымбатты да ақылды, отбасында, жұмысында сыйлы болуға, өзіне көңілі толатындай және қоршаған ортаға, әсіресе балалары, ері, әйелі жайында айтылған жағдайда, оларға жағымды болуға тырысатындығы белгілі. Демек, егер адам аталған параметрлердің біреуіне қол жеткізе алмаса, немесе одан да әрісі барлық әлеуметтік орталарда сәтсіздікке кез болып отырса, онда адамның бойында үмітсіздік пайда болады, сәтсіздікке ұшырайды және ... әрине оның тұлғалық дамуында түрлі жағымсыз үрдістер пайда болады.

Кез келгеніміздің басымыздан өтетін депрессивтік жағдайларға ауыр психологиялық жарақаттар әкелуі мүмкін: жақын адамдардың қайтыс болуы, отбасының бұзылуы, сүйікті адамынан ажырау, сонымен қатар ауыр сырқаттар. Ғалымдар депрессияның пайда болуында генетикалық факторларға, жүйеке және иммундық жүйелерінің ерекшеліктеріне ерекше мән береді [2].

Алайда біз депрессияның пайда болуының психологиялық себептері ретінде психиканың, күш-жігердің бейімдік қасиеттерінің төмендеуін, психиканың қорғаныс қасиеттерін басқара алмаушылықты, өзін-өзі реттей алмайтындықты, белсенді дербестіліктің, тұрақты тұлғалық дамудың, жақсы жетілген эмоциялық-еріктік үрдістердің жоқтығын, жақын және сенімді достардың, жанына жақын адамдардың, қажетті және даналық кеңестерін беретін аға тәлімгерлердің жоқтығын және т.б. белгілейтін едік.

Депрессия теориясына әр түрлі мектептердің психологиялық көзқарастары жайында айтатын болсақ, онда психоаналитикалық теорияның негізгі мәні болып - депрессия, бір мезгілде сүйіспеншілік пен өшпенділіктің объектісі болып табылатын маңызды «басқадан» айырылған кезде пайда болады. З.Фрейд [3] өз еңбектерінің бірінде «қара жамылу» және «меланхолия» ұғымдарын бөліп көрсетті. Ол қара жамылуды шын мәнінде маңызды және сүйікті адамнан айырылудың салдарынан деп, ал меланхолияны шынайыдан гөрі эмоционалдық субъектіден айырылу деп көрсетеді. Содан кейін адамда өзін-өзі бағалауының төмендегені, өзіне деген аса сыни көзқарас, кінәлі сезіну және т.б. байқалады.

Психологиядағы когнитивтік теория өкілдерінің ойынша, депрессиялар үш деңгейдегі жағымсыз ойларды дамытады: өзін қандай да бір құндылықтардан айырылғандай және еш нәрсеге жарамсыз көру, қоршаған ортаны қайырымсыз, жиіркенішті етіп көру, сонымен қатар болашаққа үмітсіздік таныту.

Когнитивтік-бихевиористік теория жабыққан адамды «жаттанды түрдегі дәрменсіз» тұлға ретінде сипаттайды. Бұл термин біз сырттай келеңсіз оқиғаларды болдыра алмайтын жағдайларға тап болған кезде болатын жағдайды барынша нақты сипаттайды және осы арада енжарлық, сенімсіздік пен торығу сезімі пайда болады. Мұндай адамдардың күрделі жағдайларға өздерінің тиісті реакцияларына біртіндеп үйрене бастайтындығын ескеру қажет және олар енді оған басқаша жауап бере алмайды.

Тұлға психологиясы депрессияның дамуына бейім тұлғалардың типтерін, әсіресе депрессивтік психоздарды сипаттауға үлкен мән береді. Барлығына Э.Кречмердің тұжырымдамасы [4] мен циклотимдік тұлғалар жайында мәлім. Х.Теленбах [5] депрессиялы адамдардың преморбидтік тұлға құрылымдарын нақты сипаттаған. Мысалы, меланхолик типіне жататын адамдарға тәртіптілік, беймазалық, міндеттілік, ал әлеуметтік салада көбінесе күш салудың арқасында жүзеге асатын тығыз симбиотикалық тұлғааралық қатынастарға деген беталыстар тән. Қоғамдық өмірде олар өздерін адал ниетті, жауапты, бірақ көлеңкеде қала беретін серіктестер ретінде танытады.

Негізінен психикалық ауытқуларды түзетумен айналысатын дәстүрлі психологияға қарағанда позитивтік психология адам мінез-құлқының дәл сол қасиеттерін және ерекшеліктерін психикалық ауытқулардың ауыртпалығын басынан кешпеген, өмірмен қанағаттанатын, бақытты адамдарға тән қырларын зерттейді. Гуманистік психологияның Абрахам Маслоу [6] және Карл Роджерс сияқты өкілдері кезінде осыған ұқсас психологиялық теорияны дамытқан, алайда толыққанды ғылыми зерттеулерсіз олардың теориясы сол күйінде қалып қойды.

Әдебиет көздерінің талдауы депрессияны тиісті эмоционалдық жағымсыз реңі бар аффективтік күй ретінде, сонымен қатар мотивациялық, когнитивтік салаларда өзгерістері бар және мінез-құлқтың жалпы енжарлығымен сипаттауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, К.Е. Изардтың пікірі тартымды. Ол депрессияның маңызды құрамы ретінде өзін-өзі құрметтеуден, өзіне деген сенімділіктен және өз қадірін сезуден айырылуды

санаған [7]. Адамның базалық эмоциялары – қайғы, жиіркенушілік, жек көрушілік, ашу, қорқыныш, кінә депрессиялы адамда өзіне қалай болса, өзге адамдарға да солай байқалады.

Оның белгілері әр түрлі болады. Алайда олардың негізгісі болып эмоционалды, ойлау, мінез-құлықтық және физиологиялық түрлері саналатындығын көрсеткен жөн.

Қандай белгілер **эмоционалды** көріністерге жатады? Ол:

- көңілсіз көңіл-күй
- үрейлену
- жабырқау
- ашуланшақтық
- өзін-өзі бағалауы мен сенімділіктің төмендеуі

Қандай белгілер **ойлау** көріністеріне жатады? Ол:

- зейін қою мен шоғырланудың бұзылуы
- ойлаудың баяулығы, оның шығармашылығының жоқтығы
- позитивтік, жасампаз емес жағымсыз ойлардың басымдығы
- түңілушілік
- дәрменсіздік

Қандай белгілер **мінез-құлықтық** көріністерге жатады? Ол:

- мінез-құлықта да, іс-әрекетте де мақсатқа бағытталған белсенділіктен бас тарту
- енжарлық
- жалғыздықты жақсы көру
- ойын-сауықтан бас тарту
- алкогольдік ішімдіктерді жиі қолдану

Қандай белгілер **физиологиялық** көріністерге жатады? Ол:

- тәбеттің төмендеуі
- ұйқының бұзылуы
- әлсіздік
- ақыл-ой және физикалық жүктемелердегі шаршағыштық
- күш-жігердің төмендеуі
- жүрек, бұлшықет және басқа да мүшелердегі сырқаттар.

Көп жағдайда адамдар жоғарыда көрсетілген қандай да бір белгілерді бөліп көрсете алмайды. Алайда олар отбасында да, жұмыста да және оқу іс-әрекетінде де байқала береді. Көбінесе депрессияның белгілері біз үрейленген немесе жабырқаған кезде көрінеді, кейде біз өзімізді бақытсыз, басқаларға қарағанда дәрменсіз санаймыз, кейбір кезде жанымызға жақын, қымбатты адамдар бізді тастап кеткендей болады. Бізді еш нәрсе қуантпайды, қоршаған ортада болып жатқан нәрсенің барлығын біз жағымсыз деп қабылдаймыз. Сонымен қатар ұйқы бұзылады, жайсыз түстер көрініп, қоршаған шынайылыққа қызығушылықтың жоғалуы байқалады.

Біздің міндетіміз психологиялық түзетудің әдістері арқылы психологиялық көмек көрсетудің жалпы қағидалық жолдарын көрсету, қоршаған ортадағы адамдарға депрессивтік мінез-құлықтың мәнін ұғындыру және депрессия кезінде пайда болатын тұлғаның жағымсыз жақтарын түзетуге және оны жоюға бағытталған денсаулық сақтаушы, профилактикалық болып табылатын психологиялық ахуал ұйымдастыру.

• Ағзаның қорғаныс күштерін қалпына келтіру үшін жеңіл түрдегі жүйелі физикалық жүктемелер ұсынылады.

• Әуезді, босаңсытатын әндерді жиі тыңдау (ән терапиясы)

• Арт-терапия (ағылш. тілінен аударғанда өнер) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психологиялық түзетудің бағыты. Арт-терапия деп пациенттің психоэмоционалды күйіне ықпал ететін, әдетте, бейнелеу шығармашылығы терапиясы түсіндіріледі. Арт-терапияның басты мақсаты психикалық күйді өз ойын білдіру және өзін-өзі тану қабілеттерін арттыру арқылы үйлестіруден тұрады. Өнерді емдеу мақсатымен қолданудың

құндылығы, оның көмегімен символикалық деңгейде әр түрлі сезімдер мен эмоцияларды көрсетуге және зерттеуге болатындықта: сүйіспеншілікті, өшпенділікті, ренішті, ашуды, қорқынышты, қуанышты және т.б. Арт-терапия әдістемесі адамның ішкі «Менінің» маңызы ол ылғи да сурет салғанда немесе мүсін сомдағанда көру бейнелерінде байқалады деген сенімге негізделеді, соның барысында психиканың үйлесімділігі жүзеге асады.

«Арт-терапия» терминін суретші Адриан Хилл 1938 ж. шипажайларда туберкулезбен ауыратын науқастармен өзінің жүргізген жұмыстарын сипаттау барысында қолданысқа енгізді. Бұл әдістер АҚШ-та екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік лагерлерден шығарылған балалармен жұмыс жасағанда қолданылды. Арт-терапия өз дамуының басында З.Фрейд пен К.Г. Юнгтың психоаналитикалық көзқарастарын көрсетті, ол бойынша адамның көркемдік іс-әрекетінің соңғы өнімі (сурет, мүсін, инсталляция болса да) оның санадан өтпеген психикалық үрдістерін аңғартады [3,8,9]. 1960 жылы Америкада арт-терапиялық ассоциация ашылды. Қазіргі кезде арт-терапияның келесідей түрлері бар:

1. Сөздің тар мағынасында арт-терапия – бейнелеу өнеріне негізделген көркем терапиясы.
2. Эмоционалдық кескіндеме. Бояулар бүркінімен салынған сурет.
3. Библиотерапия (соның ішінде ертегілер терапиясы) – әдеби шығармалар және әдеби шығармаларды өнерпаздықпен оқу.
4. Ән терапиясы.
5. Драма терапиясы.
6. Би терапиясы.
7. Қуыршақ терапиясы.

Арт-терапия эмоционалдық даму барысындағы кедергілерде, күйзелістер, депрессиялар кезінде, көңіл-күйдің төмендеуінде, эмоционалдық тұрақсыздық, эмоциялық реакциялардың ырықсыздығында, өзге адамдармен эмоционалдық қабылданбағанын уайымдаған кезде, жалғыздық сезімдерінде, тұлғааралық шиеленістерде, отбасылық қарым-қатынаспен қанағаттанбаған жағдайда, қызғаныш кезінде, тым мазасызданған, қорыққан жағдайларда, өзін жақтырмағанда, өзін-өзі бағалауы төмендегенде арт-терапия сәтті қолданылады.

Аталған психологиялық тәсілдер, әдістер көпшілікке қолжетімді. Алайда, есте сақтайтын жайт, психологиялық мәдениетті және құзыреттілікті ұйымдасқан немесе жеке түрде үнемі көтеріп отыру қажет.

Арт-терапияны қолдану бойынша негізгі **міндеттерді** білу маңызды [8,9]:

1. Тұлғаға депрессиядан, агрессиядан және басқа да жағымсыз сезімдерден шығуға әлеуметтік тиімді жол көрсету.
2. Депрессивтік мінез-құлықты өздігінен психологиялық түзетудің үрдісін жеңілдету.
3. Жеке басының эмоционалдық жағдайы жайында материалдар алу және содан кейін өзіне позитивті қарай отырып, өздігінен белсенді түзету жұмысын жалғастыру.
4. Қоршаған ортаға (өмірлік мәселелерге, ренжіткен адамдарға, бәсекелестерге, өткен шаққа, өз іс-әрекеті мен мінез-құлқын жағымсыз бағалауға) деген жабырқаңқы ойлар мен сезімдерді позитивтік көзқарасқа қайта бағдарлау [3].

5. Айналадағы адамдармен эмпатиялық тұлғааралық байланыстар орнату. Бұл өте қажет, себебі депрессиялы адамдардың ойлау стилі ерекше, ол қоршаған өмірді және өз болашағын келеңсіз түсте көруге бейім, өмірдің және жеке басының жағымсыз жақтарына ерекше көңіл қоюдан тұратын жағымсыз ойлаудың түрі болып табылады. Осының барлығы мұндай адамдардың отбасында, жұмысында қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастыруға әкеледі, ал сынның жоғары деңгейі, жоғары шиеленістік адамның эмоционалдық сүйенішінің көзі болып табылатын әлеуметтік оқшаулануға ықпал етеді. Мұндай жандарға жақын адамдары ерекше қолдау көрсетулері қажет. Оларды жігерлендіруге тырысып, түсіністікпен қарап, депрессияның өткінші күй екендігіне және оның пайда болуына сол адамның еш кінәсі жоқ екеніне сендіруіміз қажет.

6. Адамның өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі реттеуін дамыту.

7. Өз назарын өзінің түйсіктері мен сезімдеріне шоғырландыру, сонымен қатар қоршаған ортадағы адамдарға эмоционалдық қатынасын позитивтік түрге өзгерту.

8. Шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзін-өзі бағалауын көтеру.

Енді депрессиялық мінез-құлық байқалатын адамдарға тікелей бағытталған **кеңестерге** көшеміз.

1. Күн тәртібін құрыңыз және мүмкіндігінше соны сақтауға тырысыңыз.

2. Асығыс түрде маңызды шешімдер қабылдамаңыз. Сізге ақылға салып ойлану және жақын адамдарыңызбен кеңесуіңіз қажет. Депрессия кезінде сіз өзіңізді және өзгелерді үнемі объективті қабылдамайсыз.

3. Үнемі құнарлы және рақаттанып тамақ ішуге тырысыңыз. Бұл сізге өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі. Депрессия кезінде иммунитет әлсірейді, дәрумендерді көбірек пайдаланыңыз.

4. Жағымсыз ойлар мен қылықтардан алшақ болыңыз. Көбінесе шынайы достарыңызбен және туыстарыңызбен қарым-қатынас жасауға тырысыңыз.

5. Алкогольді қолданбаңыз. Депрессияға қарсы дәрілер тек дәрігермен белгіленуі мүмкін.

6. Ұйықтататын дәрілерді жиі пайдаланбаңыз.

7. Өзіңізге шектен тыс талаптар қоймаңыз. Есіңізде болсын, кез келген сәттілік біртіндеп келеді және соған сенуіңіз қажет.

8. Өзіңізді барлық сәтсіздіктерде сөге бермеңіз. Тынышталып, Сіздің қателігіңіз неде екенін ақылға салып ойлануыңыз керек. Содан соң мәселелерді басқа жолдармен шешу қажет.

9. Өзіңізді кез келген жетістіктеріңіз үшін марапаттаңыз және өзіндік бағалауыңызды арттырыңыз (өзіңізге бір нәрсе сатып алыңыз, театрға, қонаққа барып келіңіз, біреуге бір нәрсемен көмектесіңіз).

Қазіргі кезде **агрессия, депрессия, стресс** сөздерін жиі еститін болдық, яғни екі адамның бірінде кездесетін дертке айналып отыр. «Агрессия» сөзі ашу, ыза, реніш деген сияқты жағымсыз эмоциялармен, кек алу, намысына тию немесе зиян келтіру сияқты себептермен, нәсілдік немесе ұлттық жалған наным сияқты жағымсыз ұстанымдармен орайластырылады. Агрессия сөзі латынның «aggrēdi» деген сөзінен шыққан, бұл сөз «**шабуылдау**» дегенді білдіреді [5,6].

Агрессия деп зиян келтіретін мінез-құлық түсіндіріледі. «Агрессия» түсінігіне нысаны және мінез-құлық әрекеттерінің нәтижесі бойынша әр түрлі болып келетін – **қыршаңқы қалжың, өсек, дұшпандық қиял және деструктивті мінез-құлық түрлерінен бастап қарақшылық және адам өлтіруге дейін** баратын мінез-құлық әрекеттері кіреді. Жалпы, агрессия деп айналасындағы адамдарға қатысты болатын дұшпандық мінез-құлық қарастырылады. Агрессияға дұшпандық күйі жақын болып келеді. Көп жағдайда агрессия мен дұшпандық сезімі бір-бірімен сәйкес келеді, бірақ адамдар дұшпандық, қастық сезімде бола тұра агрессияға бармауы да мүмкін, себебі «агрессор» үшін мұндай әрекеттің қандай нәтижеге әкеліп, немен аяқталатыны белгілі. Агрессияның дұшпандық, қастық сезімге қатысы болмауы да мүмкін, мысалы адамдар ешқандай дұшпандық қатынаста болмай-ақ бір-бірін ренжітуі мүмкін.

Қазіргі уақытта БАҚ құралдарында агрессияның жаңа бір түрі – **буллингке** көп көңіл бөліне бастады. **Буллинг деген (bully- бұзақы, төбелескіш, зорлаушы) қорқыту, дене немесе психологиялық террор арқылы басқа адамды қорқытып, оны өзіне бағындыру дегенді білдіреді.** Өзінің «Мектептегі буллинг: ол туралы біз не білеміз, не істей аламыз?» деген кітабында норвегиялық психолог Дан Ольвеус буллингке жақын тұратын оқушылардың типтік қасиеттерін қарастырған болатын [10]:

- оларда басқа оқушыларды өздеріне бағындырып, оларға би болу қажеттілігі қатты дамыған;

- олардың мінез-құлығы импульсивті және ашуға толы;
- оларда тіпті мұғалім мен ата-аналарына деген де агрессивтік мінез-құлық орын алады;
- оларда өздерінің құрбандарына деген аяушылық сезімі болмайды;
- олар әдетте дене тұрпаты жағынан жақсы дамыған.

Буллингтің құрбандары кімдер? Олардың ерекшеліктері былай көрсетілген:

- оларда қорқақтық, ұяндық пен ұялшақтық басым;
- қобалжу деңгейі жоғары;
- өздеріне сенімсіз және өзіндік бағалаулары төмен;
- депрессия байқалады, суицидқа бейім болады;
- құрдастарының арасында жақын достары жоқ;
- дене тұрпаты жағынан әлсіз.

Мұғалімдер балаларды: сыртқы түрі, мінез-құлығы және мектептегі үлгерімі бойынша кемсітетін болса; оларға жаман ескертулер жасап, рухани түрде кемсітетін болса буллингтің дамуына өздері ықпал етіп отырады.

Мектептегі буллингтің түрлері өте көп, оған: мазақтау, келемеждеу, ақша талап ету, түрлі дене немесе психикалық кемсіту арқылы қорлау, «бойкот» жариялау, заттарын бүлдіру т.б. жатады. **Қазіргі уақыттағы кең тараған буллинг түрі – ақша талап ету.** Ал заттарын, киімін, оқулықтарын бүлдіру азырақ кездеседі.

Кибербуллинг – ұялы телефон, Интернет арқылы қорқыту түрі етек алып келе жатыр.

Аутоагрессия – өзіне зиян келтіруге бағытталған мінез-құлық түрі. Оның түрлері – өзін айыптау, өзін төмендету, түрлі дене жарақаттарын жасау, тіпті өзін-өзі өлтіруге дейін барады [2,9,10].

Агрессияны практикалық тұрғыда айқындап анықтай алу аса маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, жоғарыда көрсетілген мәселелерді аңғара отырып «**Тұлға психологиясы**» ғылыми орталығының қызметкерлері осы орайда ауқымды ғылыми жұмыстарды атқарды. Олар кейбір жобалау әдістерін қазақ тіліне аударғаннан кейін түрлендірді, содан соң қазіргі аудиторияға сай бейімдеді. Бұл экспериментке университеттің шамамен 70 студенті, тәлімгерлері, ұстаздары қатысты.

Аталған әдістеменің бір мысалы ретінде қатысушылар біз белгілеген тақырып бойынша сурет салды. Біздің ойымызша бұл суреттер арқылы тұлға туралы, нақтырақ айтқанда, оның бойындағы агрессияның белгілерін анықтау бойынша көп мәліметтер алуға болады. Сыналушылар қарындаш арқылы мұғалімдерден, ата-аналардан және т.б. жасырғандарын жеткізеді. Себебі олар кейде өз мәселелерін, күйзелістерін, қорқыныштарын сөзбен жеткізе алмайды. Суреттердің талдауы бойынша біз агрессияны тудыратын себептерді анықтадық. 60-80% сыналушыларға жүргізген зерттеулер бойынша оларда агрессивтіліктің қандай да бір түрі кездеседі, бірақ студенттер агрессивті көріністерді шынайы мінез-құлықтарында көрсетпеулері де мүмкін. Яғни, агрессивтілікті тек агрессияның алғышарты ретінде қарастыру керек. Бірақ оның шынайы мінез-құлықта көрінуі студенттің нақты әлеуметтік жағдайына тәуелді.

Осылайша, біз депрессивтік мінез-құлықтың бірқатар себептерін және оның түрлі көріністерін сипаттадық. Айта кететін жайт, біз депрессияның тек жеңіл түрлерін ескердік. Әдебиеттерде патологиялық депрессияны жеке бөліп көрсетеді және оны емдеудің негізгі құралдары ретінде депрессияға қарсы дәрі-дәрмектермен емдеу саналады.

1 Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш. Психологическая служба в вузе. Учебное пособие. – Алматы: Каз НПУ им. Абая, 2011

2 Краснов В.Н. Организационная модель помощи лицам, страдающим депрессиями в условиях территориальной поликлиники: Методические рекомендации. – М.: Минздрав России, 2000. – 19 с.

3 Фрейд З. «Введение в психоанализ. Лекции», М.: Наука, 1989, 158 с.

4 Кречмер Э. «Телосложение и характер: Исследования по проблеме конституции и учение о темпераментах», Берлин, 1951

5 Gardner, Howard, Csikszentmihalyi, Mihaly, and Damon, William. *Good Work: When Excellence and Ethics Meet*. New York, 2002

6 Маслоу А. *Мотивация и личность*. — СПб.: Питер, 2008.

7 Изард К.Е. *Эмоции человека*. -М.:Наука, 198

8 Юнг Карл Густав // *Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / под ред. гл. ред. А. М. Прохоров — 3-е изд. — М.: Советская энциклопедия, 1969.*

9 Киселева М. В. *Арт-терапия в работе с детьми*. — СПб.: Речь, 2008.

10 Кривцова С. В. *Буллинг в школе vs сплоченность неравнодушных. Организационная культура ОУ для решения проблем дисциплины и противостояния насилию*. — М.: Издательство Федерального института развития образования, 2011.

Аннотация

Намазбаева Ж.И., Исабекова Т.Ш. – КазНПУ им.Абая, НЦ «Психология личности»

О проблеме депрессивных состояний личности

В данной статье излагаются основные причины, факторы и механизмы различных деструктивных состояний личности. Осуществлен комплексный подход к характеристике современной личности в контексте концептуального подхода к профилактике и оказания различных видов психологической помощи. Также излагается теоретический материал о факторах, механизмах, видах, причинах, признаках возникновения депрессии, даются некоторые рекомендации и психологические советы, направленные на профилактику и психокоррекцию депрессивных состояний различных субъектов, а также группы лиц. Раскрыта важность взаимосвязанного подхода познавательной и эмоционально-волевой сфер при развитии коммуникативных функции личности. Кроме того, на казахском языке интегративно с учетом этнокультурных аспектов раскрываются теоретико-методологические, научно-практические аспекты целостного подхода к профилактике и психокоррекции деструктивных состояний современной личности.

Ключевые слова: депрессивные состояния личности, психологическая помощь, профилактика, психокоррекция, инновационные психотехнологии.

Abstract

Namazbaeva Zh.I., Isabekova T.Sh. - KazNPU named after Abai, NC "Psychology of personality"

On the problem of depressed personality states

This article outlines the main causes, factors and mechanisms of various destructive states of the individual. An integrated approach to the characterization of a modern personality in the context of a conceptual approach to prevention and the provision of various types of psychological assistance has been implemented. The theoretical material on factors, mechanisms, types, causes, signs of depression is also presented, some recommendations and psychological advice are given aimed at the prevention and psychocorrection of depressive states of various subjects, as well as groups of individuals. The importance of the interconnected approach of the cognitive and emotional-volitional spheres is disclosed in the development of the communicative functions of the individual. In addition, in the Kazakh language integrally with consideration of ethnocultural aspects, theoretical-methodological, scientific-practical aspects of a holistic approach to prevention and psychocorrection of destructive states of the modern personality are revealed.

Keywords: depressed personal states, psychological help, prevention, psychocorrection, innovative psychotechnologies

МРНТИ 15.41.49

Б.Ә. Әмірова¹

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан

АТА-АНАНЫҢ АЖЫРАСУЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӨРІСІ ДАМУЫНЫҢ ӘСЕР ЕТУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Мақалада отбасындағы ата-анасының ажырасуы жеткіншектердің эмоционалдық өрісінің тұрақтылығын және өмірге бейімделу деңгейінің төмендететіндігі, отбасы туралы түсініктерінің бұзылатындығы, сонымен қатар, баланың «Мен» бейнесіне жағымсыз ықпалын тигізетіндігі қарастырылады. Отбасындағы ажырасу тек ерлі-зайыптылардың ғана эмоционалды күйзеліске ұшырауын қамтып қоймай, сонымен қатар, олардың балаларына, әсіресе, жеткіншектік шақтағы балаларына өзінше кері әсерін тигізеді. Мамандардың айтуы бойынша, ажырасу кезінде үлкен эмоционалды күйзелісті әйелдер мен жеткіншектер көп сезінеді. Әйелдер үшін қайғырулардың ауыртпалығы жөнінен ажырасу бала мен күйеуінің өлімінен кейінгі үшінші орында тұр. Ажырасудың әсерінен болған күйзелістер оларды белгілі дәрежеде стресске шалдығуларына әкеледі. Мақалада ата-ананың ажырасуы жеткіншектердің эмоционалдық жай-күйлеріне қалайша әсер етіп, олардың тұлғалық қалыптасуында қандай көрініс беретіндігін анықтау мақсатындағы зерттеу нәтижелері берілген.

Түйін сөздер: отбасы, ажырасу, жеткіншектер, өмірге бейімделу, «Мен» бейнесі, эмоционалдық өріс.

Баланың дамуына ата-ананың тұлғалық қалыптасуына ықпалы негізгі рөл атқарады. Махаббат пен түсінушілік атмосферасында өмір сүретін бала денсаулығына байланысты, мектепте оқу, қатарластарымен араласу мәселесінде қиындықтары аз болмақ, және керісінше, ата-ана-бала қатынасының бұзылуы түрлі психологиялық қиындықтар мен өзіне деген сенімсіздікке әкеліп соқтырады және де бұл өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Отбасындағы ажырасу мәселесі қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жағдай тек ерлі-зайыптылардың ғана эмоционалды күйзеліске ұшырауын қамтып қоймай, сонымен қатар, олардың балаларына, әсіресе, жеткіншектік шақтағы балаларына өзінше кері әсерін тигізеді.

Қазіргі кездгі ажырасу санының көбеюіне байланысты (әлеуметтанушылардың есебі бойынша, әрбір некелескендердің екіншісі ажырасады, осыдан он жыл бұрын әрбір үшінші жұп ажырасатын болған) ажырасқан адамдардың проблемаларын құрылымдық түрде шешу жолдарын іздеу, дағдарыстық жағдайларды жеңуге психологиялық көмек көрсету тек қана психология ғылымы үшін ғана емес, сонымен қатар, жалпы қоғамның алдында тұрған ең үлкен міндет болып табылады.

Отбасы мүшелері үшін, әсіресе, балалар үшін ажырасу үлкен психологиялық жаракат болып есептеледі. Ажырасу қандай себептерден пайда болмасын, оның өзінің адамдардың көбі елемейтін терең психологиялық негізі бар. Ол ажырасушы жұптар мен олардың балаларына және өмірлік іс-әректтерінің барлық жағына өз әсерін тигізе отырып, олардың физиологиялық және психологиялық денсаулығына да белгілі бір деңгейде кері әсері етеді. Отбасындағы ажырасу мәселесін кең ауқымда қарастырған авторлардың бірі С.С. Седельников бойынша, ажырасу жағдайында адам ішкі психологиялық әлеміндегі тұрақсыздығымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан да, мысалы, қарым-қатынас формасында, белсенді іс-әрекет барысында да тұрақсыздық көрсететіндігін атап көрсеткен болатын.

Мамандардың айтуы бойынша, ажырасу кезінде үлкен эмоционалды күйзелісті әйелдер мен жеткіншектер көп сезінеді. Әйелдер үшін қайғырулардың ауыртпалығы жөнінен ажырасу бала мен күйеуінің өлімінен кейінгі үшінші орында тұр. Ажырасудың әсерінен болған күйзелістер оларды белгілі дәрежеде стресске шалдығуларына әкеледі.

Тұлғаның дамуы мен тәрбиесінің психологиялық жағдайларымен байланысты мәселені түсінуде қазақ ғалымдарының қосқан үлесі мол.

Балалардың отбасындағы ата-ана мен баланың өзара қарым-қатынасы мәселесін зерттеу ауқымында С.М. Жақыповтың бірлескен іс-әрекетте мақсат құру және мағына құру концепциясы талданды [2]. Бұл концепция қарым-қатынасты құрап тұрған негізгі механизмді анықтауға мүмкіндік береді. С.М. Жақыпов мұндай механизм мағыналық құрылымдардың жалпы қорын қалыптастыру процесі болып табылады деп есептейді. Мақсат құру процесін зерттей отырып ол бұл процесс серіктестердің іс-әрекеттің аралық мақсатын өзара қайта құру негізінде жүзеге асады деп жазады.

Б.А. Әмірованың пікірінше, отбасындағы туыстық қарым-қатынаста балалардың, әсіресе ересек адамдардың ерекше орын алады. Оқушы жасындағы балалар мен ересек адамдардың туыстық қарым-қатынастағы жаңсақ нанымдарын зерттеп, туыстық қарым-қатынастың құрылу механизмдерін анықтау арқылы отбасындағы осы өзара әрекетінің негізінде әлеуметтену процесінің тиімді жақтары анықталады [3].

М.П. Кабакова өз еңбектерінде отбасындағы қарым-қатынасты ерлі-зайыптылардың ғана емес, сондай-ақ олардың балалармен, басқа да туыстарымен күрделі қатынастар жүйесі деп қарастырады. Ол осындай жүйені психологиялық жүйе деп, оны үш құрылымдық бөліктерге жіктейді: «ерлі-зайыптылар», «ата-ана-бала», «сиблингтер» (бала-бала). Оның пікірінше, «отбасы» жүйесінде жүйе құрушы фактор ретінде отбасындағы мүшелердің өзара қарым-қатынасы алынады, ол отбасының өмір тіршілігінің сәттілігін анықтайды [4]. Сонымен қатар автор, ажырасу қатынастардың құлдырауы, ол әртүрлі сезімдерді, әсіресе, ауыр сезім әкеледі. Отбасындағы ерлі – зайыптылардың қатынастарының құлдырауына ерекше көңіл бөле қарастырды [5].

Отбасылық өмірге дайындаудың нәтижесі түрлі компоненттерден тұратын отбасын құруға дайындық ізгіліктері шаруашылық – тұрмыстық, азаматтық әлеуметтік физиологиялық сияқты компоненттерден тұрады.

Ендеше, ата-атаның ажырасуы балаларға үлкен әсетін тигізетіні анық.

Жеткіншектің ажырасу жағдайына деген реакциясының психологиялық бейнесін құру үшін оның мінез-құлқын немесе симптомдарын ескеру қажет. Мінез-құлық ерекшеліктері қайғыру реакциясы ішінде аффект түрінде болуы мүмкін, бірақ олар сонымен қатар ерекше қорғану механизмдері және бейсаналы құмарлық арасындағы конфликтілерден тұратын күрделі невротикалық жағдайларды бейнелеуі мүмкін. Бірақ маңызды деп есептелетін жағдай, ол ерекше аффектілер немесе психикалық конфликтілер ешбір жағдайда сырттан көрініс таппауы керек, өйткені оларды үлкен адамдар «қалыпсыздық симптомдары» ретінде қабылдайды.

Өзі өте қатты жақсы көретін адам егер бізді аяқ астынан ешқандай ескертусіз тастап кетсе, не болатынын елестету өте қиын. Бірақ көптеген ата – аналар бала үшін бұл жағдайдың қаншалықты маңызды екендігін түсіне бермейді. Үйден кеткен әкесі тек үй ошағын, әйелін, балаларын ғана тастап қоймайды, балалары да тек ата – аналарының ажырасуын қайғырып қана қоймай, оған қоса, өзінің әкесінен мен (немесе анасынан) айырылғанын да ойлайды.

Ата-ана бір ымыраға келмей баланы әрқайсысы өз жақтарына тартқылайтын болса, бала ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алмай есі шығады. Онымен қоймай ата-ана арасындағы ымыра бұзылып, ұрсысып жатса, оның үстіне бұның бәрі соның кесірінен болып жатқан күнде естіп жүретін болса, ондай бала өз өзіне деген сенімділікті жоғалтып алады. Бұндай жағдайда ол өзін қауіпсізмін сезінбейді. Бұдан келіп балалық үрей туады. Бала қорқақ болып, тіпті жүйке ауруна шалдығуы мүмкін. Бала үшін отбасы мүшелерінің ара-қатынасы өте маңызды. Әсіресе ересектердің оған деген қарым-қатынасы қандай екенін сезіну ерекше маңызды.

Отбасы бала үшін алғашқы әлеуметтік орта болғандықтан, оның қалыпты дамуы, әлеуметтік бейімделуі мен тұлға ретінде қалыптасуында өскен ортаның психологиялық

ахуалының маңызы өте зор. Жанұядағы кез-келген өзгеріс, қиындық бала психикасына өз қолтаңбасын қалдыраы сөзсіз.


Жанұялық қиындықтар мен өзгерістердің салдары әсіресе, жеткіншек шақтағы даму кезінде өте күрделі сипатқа ие болады. Себебі, бұл кезеңде жеткіншек психикасының дамуында биологиялық фактордан гөрі әлеуметтік-психологиялық факторлар бірінші кезекті маңыздылыққа ие болады. Жеткіншектің дамуына тән табиғи өзгерістер мен осы жас кезеңіндегі маңызды психологиялық құрылымдарының қалыптасуының өзі де жеткіншек психикасын бірқатар ауытқуларға әкелуі мүмкін.

Сондықтан да жеткіншек өз қоршаған ортасындағы, сондай-ақ, жанұядағы кез-келген сәтсіздіктер мен қиындықтарға аса сезімтал болып келеді. Өз жанұясындағы психологиялық ахуалдың шиеленісу, ата-аналарының арасындағы келіспеушілік, ажырасу процесіндегі қиындықтар мен көзқарастар қайшылығын жасөспірім ауыр өткереді.

Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды. Зерттеу барысын ата-анасының ажырасуының жеткіншектерге қалай кері әсерін тигізетінін анықтадық.

Толық отбасы мен ажырасудың нәтижесіндегі толық емес отбасындағы жеткіншектердің денсаулығын, белсенділігін, көңіл күйін салыстыруға мүмкіндік беретін денсаулықты, белсенділікті, көңіл күйді жедел бағалау әдістемесі (САН).

Зерттеу нәтижелері келесі суреттерде берілген:




Сурет 1. Ажырасу нәтижесіндегі толық отбасы және толық емес отбасындағы жеткіншектердің денсаулығын, белсенділігін, көңіл күйі көрсеткіштері

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді талдау ата-анасының ажырасуы нәтижесіндегі толық емес отбасындағы жеткіншектердің денсаулығы факторы бойынша бағалау олардың денсаулықтарының нормадан біршама төмен екенін көрсетті, бұл олардың денсаулығы жалпы қанағаттанарлық, бірақ балалар барлық уақытта да өздерін қолайлы сезіне бермейтінін байқатады. Белсенділік факторы да нормадан біршама төмен, демек, олардың белсенділігі төмен, көбінесе енжарлықты оқу іс әрекетінде, сондай ақ тұлғаралық қақтығыста көрінеді. Көңіл күйі де бұл балаларда төмен көрсеткішті беріп тұр.

Толық отбасындағы балалардың белсенділік факторы бойынша көрсеткіштері нормаға сай келеді. Бұл осы топ балаларының өздерін әлдеқайда қолайлы жағдайда ұстайтынын көрсетеді. Ал «денсаулық» факторы, әсіресе «көңіл күй» факторы бойынша нәтиже нормадан асып түседі. Бұл көңіл күйдің көтеріңкілігін оқу іс әрекетіндегі белсенділікті байқатады.

Демек, әдістеме бойынша нәтижелерді салыстыру арқылы толық отбасындағы балалардың белсенділік факторы бойынша көрсеткіштері ата-анасының ажырасуы нәтижесіндегі толық емес отбасындағы жеткіншектердің көрсеткіштеріне қарағанда жоғары екенін көрсетеді. Бұл толық отбасындағы балалар ата-анасының ажырасуы нәтижесіндегі толық емес отбасында өсіп жатқан жеткіншектерге қарағанда эмоционалды бейімделе алатынын дәлелдейді.

Осыдан кейін біз толық отбасындағы балалар мен ата-анасының ажырасуы нәтижесіндегі толық емес отбасында өсіп жатқан балалардың реактивті және тұлғалық мазасыздануын талдадық. Аталған өлшемдерді зерттеу үшін Ч.Д. Спилберг, Ю.Л. Ханнин әдістемесі (мазасыздану деңгейін өзіндік бағалау шкаласы) қолданылды.




Сурет 2. Ата анасының ажырасуын басынан кешірген толық және толық емес отбасындағы балалардың реактивті және тұлғалық мазасыздану деңгейі

Реактивті мазасыздану – қысым, мазасыздық, невроздық ерекшеліктермен сипатталады. өте жоғары реактивтік мазасыздық зейіннің бұзылуына, қимыл-қозғалыстың нәзік түрлерінің бұзылуына әкеліп соқтырады. Тұлғалық мазасыздық – нейротизмнің көрінісі ретінде байқалады. Жоғары тұлғалық мазасыздық тұлғада невротикалық қайшылықтың болуымен, эмоционалдық және невролық және психосоматикалық аурудың болуымен тікелей байланысты.

Алынған мәліметті салыстырмалы түрде талдау ажырасқан толық емес отбасы балаларын тұйық, өзіне және өз мүмкіндіктеріне қанағаттанбау, өзін өзі реттеудің төмендігі, өз «Меніне» назар аудармау, қылықтарының әрекеттерінің себебін өзінен іздеудің болмауы, өзін өзі төмен бағалау болатынын анықтады. Бұл балаларға ішкі дезадаптацияның маңызды белгісі болып табылатын өзін өзі қабылдаудың жетіспеуі тән. Өзін өзі кінәлау айырықша көзге түседі, сөйтіп олар барлық сәтсіздікке өзін кінәлі деп санайды.

Реактивті мазасыздану, керісінше қандай да бір жағдаймен байланысты болады. Ата анасының ажырасуын басынан кешірген толық емес отбасындағы балаларға жағдайлардың басым бөлігін қауіпті деп қабылдауға бейімділік тән және олар оған аса мазасыздықпен үреймен жауап береді.

Реактивті мазасызданудың жоғары және көтеріңкі көрсеткіштері бұл балаларды мазасыз, ашушаң әрі жоғары қысым деңгейімен сипаттайды. Ал толық отбасы балалары бұл топтың балаларына қарағанда өздерін әлдеқайда сенімді, өзін қамқорлықтамын деп сезінеді.



(шкала 1 – ішкі адалдық; шкала 2 – өзіне сенімділік; шкала 3 – өзін өзі басқару; шкала 4 – айнадағы «Мен»; шкала 5 – өзіндік құндылық; шкала 6 – өзін өзі қабылдау; шкала 7 – өз өзіне бауыр басу; шкала 8 – ішкі қақтығыс; шкала 9 – өзін өзі кінәлау)

Сурет 3. Балалардың өзіне қатынасының көрсеткіштері

Толық және ажырасқан толық емес отбасы балаларының өзіне қатынасын зерттеу нәтижелері және екі талданып отырған топтардың стендерінің орташа мәнінің арақатынасы бейнеленген.

Суретте толық және ажырасқан толық емес отбасы балаларының өзіне қатынасын зерттеу нәтижесі көрсетіліп, орташа мәнінің арақатынасы бейнеленген.

Алынған мәліметтер ата анасы ажырасқан толық емес отбасындағы балаларда өзін өзі құрметтеу, аутосимпатия шкалаларының мәні бойынша төменгі көрсеткішті, ал ішкі қолайсыздық шкаласы бойынша жоғары мәнді байқауға болады. Олар өз «Менін» адамгершілік, табыстылық, қажыр қайрат, мақсатқа ұмтылу, әлеуметтік қолдау сияқты әлеуметтік нормативтік өлшемдер бойынша төмен бағалайды.

Сонымен қорыта келе, мынандай тұжырымдар жасалды:

1. Ата-анасы ажырасқан жеткіншектердің өз құрбыларына қарағанда тұйық, өзіне және өз мүмкіндіктеріне қанағаттанбау, өзін өзі реттеудің төмендігі, өз «Меніне» назар аудармау, қылықтарының әрекеттерінің себебін өзінен іздеудің болмауы, өзін өзі төмен бағалау т.с.с. тұлғалық даму өзгерістері оны психикалық тұрақсыздық жағдайына, кейде тіпті жағымсыз мінез көрсетулеріне (девиантты) әкелуі мүмкін.

2. Жеткіншектің психикасына отбасылық қиындықтар (қақтығыс, ажырасу, мүлікті бөлісу т.б.) ауыр әсер етеді және ол өз кезегінде жасөспірімнің тұлғалық-эмоционалдық сферасында күрделі дағдарыстарға әкеледі.

3. Ата-анасының ажырасуы жеткіншек бойындағы реактивтік және тұлғалық мазасыздану деңгейіне тікелей әсер етіп, нәтижесінде жеткіншек бойында біртіндеп жағдайлардың басым бөлігін қауіпті деп қабылдауға бейімділік тән және олар оған аса мазасыздықпен үреймен жауап беру қалыптасады. Реактивті мазасыздандудың жоғары және көтеріңкі көрсеткіштері бұл балаларды мазасыз, ашушаң етеді. Себебі, ата-анасының ажырасуы жеткіншектер тұлғасында бастапқыда сезімталдық әсер бергенімен отбасылық жағдайдың шиеленісуі барысында жүріс-тұрыстың кейбір қатігездік элементтері пайда бола бастайды.

Ата-анасының ажырасу жағдайы жеткіншектің әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне тікелей әсер етеді. ата-анасы ажырасқан жасөспірімдердің ажырасу жағдайына бейімделуінде олардың тұлғалық-эмоционалдық сферасының маңызды өзгерістерге ұшырайтыны және жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу өте ауыр, яғни бала бойынан девиантты жағдайды аңғартады.

Ендеше, біріншіден, ата-анасының ажырасуы баланың эмоционалдық өрісінің тұрақтылығын төмендетеді, отбасы туралы түсініктерін бұзады. Екіншіден, жеткіншектің бейімделу деңгейін, өзін өзі реттеу деңгейін төмендетеді. Үшіншіден, жеткіншектің тұлғалық ерекшеліктерінің негізгі өзегі болып табылатын – баланың өзі туралы түсінігіне, өз-өзіне қатынасына, өзін-өзі бағалауына, «Мен» бейнесіне жағымсыз әсер етуіне байланысты жат қылықтарға әкеледі. Мәселен, әке-шешені сыйламау, тыңдамау, өз бетімен кету, тіпті отбасынан қашып кетуі де мүмкін.

1. Аккерман Н. Роль семьи в появлении расстройств у детей // Семейная психотерапия. – СПб.: Издательство «Питер», 2000. – 356 с.

2. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. Алма-Ата: изд. КазГУ, 1992. 35 б.

3. Амирова Б.А. Тұлғаның әлеуметтену процесіндегі этностық жаңсақ нанымдар. – Қ., 2007, 19-26 б.

4. Кабакова М.П. Некоторые аспекты проблемы стабилизации супружеских отношений // Ұлт тағылымы 2004, № 2, 137-141б.

5. Кабакова М.П. Стабильная семья как основа гармоничного развития личности // Поиск. 2004. №2(2) С. 177-180

Аннотация

Амирова Б.А. - Карагандинский государственный университет им. Академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

Развод родителей как фактор развития эмоционального состояние подростков

В статье изложены результаты исследования влияния развода родителей на эмоциональную сферу личности, искажение понятия о семье, снижение уровня адаптации к жизни и саморегуляции, а также на снижение самооценки личности, отношение к себе в определении образа «Я». Развод супругов в семье не только влияет на эмоциональное состояние самих взрослых, а также негативно сказывается на их детей, особенно в подростковом возрасте. По словам специалистов, при разводе большое эмоциональное переживание переносят женщины и подростки. Для женщин развод по силе переживания занимает третье место после смерти мужа. Как известно, развод родителей влияет на эмоциональное состояние детей. В статье отражены эмпирические материалы исследований, а также проведены количественная и качественная интерпретация результатов исследования по выявлению влияния развода родителей на эмоциональное состояние подростков, в процессе их становления как личности.

Ключевые слова: семья, развод, подростки, адаптация к жизни, образ «Я», эмоциональная сфера.

Abstract

Amirova B. A.- Karaganda state university of the Academician E. A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

Divorce of parents as factor of development emotional condition of teenagers

This article considers the results of a research of influences of the parents' divorce on the emotional sphere of the personality, distortion the concept of the family, decrease adaptation level and self-control, and also the decrease of personality's self-assessment, the attitude towards themselves in definitions of self-image. The divorce of spouses influences either an emotional condition of adults, and also negatively affects on their children, especially at teenage age. Experts consider that divorce has a big emotional influence on the women and teenagers. For women the divorce on force of experience takes the third place after the death of the husband. It is known that the divorce of parents influences on an emotional condition of children. Empirical materials of researches are also reflected in article, and also quantitative and high-quality interpretation of researches' results on identification of the parents' divorce influences on the emotional condition of teenagers, in the course of their formation as persons are conducted.

Keywords: families, divorce, teenage, adaptation to life, of self-image, emotional sphere.

МРНТИ 15.41.21

Ж.Т. Сарыбекова¹

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ, Қазақстан

Н.Қ. Тоқсанбаева²

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан

**КРОСС-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН ТОЛЕРАТТЫЛЫҚТЫ
ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

Бұл мақалада этнос- бұл адамдардың ұрпақтардан, халықтардан, ұлттардан құралған тұрақты тарихи туындаған әлеуметтік қауымдастық деп тоқталады. Толеранттылық- басқалардың мінез-құлық модельдерін, нанымдары мен құндылықтарын либералды қабылдау. «Мәдениет» түсінігі көп аспектілі феномен болғандықтан, қиын анықталатын ғылымның бірі. Мәдениеттің маңызды бағыты адамдардың өмірінің мәнімен

ұштастырылады, белгіленген қауымдастыққа бағынышты. Бағалылық жүйесі максаттармен және олардың жетістіктерімен байланысты, өмірге мән-мағыналық береді. Мәдениет қоршаған әлемде болып жатқан идеялар мен заттардың категоризацияларының мағыналық алаңы. Әлем адамдардың санасымен, идеяларымен, заттарымен мағынасын тауып құрылады.

Кросс-мәдени зерттеулер анықтағандай, әртүрлі этностар вербалды жүріс-тұрыстарымен ғана емес, вербалды емес жүріс-тұрыстарымен ерекшеленеді.

Сонымен қорыта келе, толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай адамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселеге тоқталған.

Түйін сөздер: «Кросс-мәдениет», «толеранттылық», «құндылық», «менталитет», «ұлт мінезі», «теориялық зерттеулер», «этнос», «мәдениет», «түсініктер»

Қазіргі таңда кросс-мәдени психология бағыты қарқынды дамуда. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, бұл жерде көптеген, түрлі этнос өкілдері тұрады. Яғни, этнос- бұл адамдардың ұрпақтардан, халықтардан, ұлттардан құралған тұрақты тарихи туындаған әлеуметтік қауымдастық.

Этнос өзіндік сананың бірлігінің құрамында туындайды, өз қауымдастығының мүшелерімен ұқсастығын және басқа ұйымдардың өзгешелігін, сонымен қатар, территория, тіл және мәдениет бірлігін мойындайды. Этнос және ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде С.А.Арутюновтың, Э.А.Баграмовтың, Ю.В.Бромлейдің, Л.Н.Гумилевтің, А.В.Авксентьев, Т.Ю.Бурмистрова, Н.Н.Гасанов және т.б. көптеген ғалымдардың этнологиялық теориялары этносаралық қатынас мәнін терең түсініп және аталмыш үрдістің ерекшеліктерін анықтауда маңызды орын алады. Сонымен қатар, этнос ұғымы мәдениет ұғымымен өте тығыз байланысты болып келеді. Сондықтан да, этномәдениеттік қауымдастықтың психологиясы түсінігі «мәдениет» және «этнос» түсініктерімен байланысты. Ғылымда мәдениет анықтамасының үлкен мөлшері қарастырылған. Клайд Клакхон «мәдениет анықтамасының және түсініктің сыни шолуы» кітабында: (1952) «мәдениет» түсінігін толығырақ талдап көрсетеді.

«Мәдениет» түсінігі көп аспектілі феномен болғандықтан, қиын анықталатын ғылымның бірі. Мәдениеттің маңызды бағыты адамдардың өмірінің мәнімен ұштастырылады, белгіленген қауымдастыққа бағынышты. Бағалылық жүйесі максаттармен және олардың жетістіктерімен байланысты, өмірге мән-мағыналық береді. Мәдениет қоршаған әлемде болып жатқан идеялар мен заттардың категоризацияларының мағыналық алаңы. Әлем адамдардың санасымен, идеяларымен, заттарымен мағынасын тауып құрылады.

Кросс-мәдени зерттеулер анықтағандай, әртүрлі этностар вербалды жүріс-тұрыстарымен ғана емес, вербалды емес жүріс-тұрыстарымен ерекшеленеді. Әртүрлі этносқа жататын адамдар әртүрлі тілдерде сөйлеп қана қоймай, олар сонымен қатар, вербалды емес қарым-қатынастың әртүрлі тәсілін қолданады. Вербалды емес қарым-қатынастағы кросс-мәдени ерекшеліктері әртүрлі болып келеді.

Әлеуметтік қашықтық персоналдық кеңістіктің көлемін анықтайды. Әртүрлі мәдениетте нормативті персоналдық кеңістіктің түсінігі әртүрлі түсіндіріледі.

Толеранттылық ұғымы философия, этика, саясаттану, медицина педагогика, психология ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады. Сондықтан толеранттылық ұғымының түрлі ерекше және жалпы жақтары бар. Толеранттылық ұғымының мазмұнын барынша ашу тұлға үшін және қоғам үшін күннен күнге өзекті бола түсуде.

Этимологиялық талдау толеранттылық ұғымының шығу тарихын қарастыруға мүмкіндік береді. Толеранттылық ұғымы латынның «tolerantia» деген сөзінен шыққан. Бұл «қамығу», «күйзелу» деген мағынаны білдіретін ежелгі дүние философтары қолданған ұғымнан кейін «tolerance», «tolerantion» ұғымдары шығады. Ларустың айтуы бойынша «tolerance» сөзі алғаш рет 1361 жылы қолданылған [1, 3 б.].

Шетелдік ғылымдардың еңбектерінде толеранттылық ұғымы кең қарастырылған (Л.М.Дробижева, И.Кант, В.А. Лекторский, А.И.Панченко, В.А.Тишков, М.Уолцер және т.б.).

Бұл еңбектертолеранттылықты адамның өмір сүру жағдайы ретінде кез келген деңгейдегі қарым-қатынас қағидасының қағидасының негізгі сапасы ретінде талдап көрсетеді.

Толеранттылық- басқалардың мінез-құлық модельдерін, нанымдары мен құндылықтарын либералды қабылдау. Жағымды түсінігіне басқалардың құндылықтарын қорғауды, плюрализмді қолдауды және олардың ашық көрінуіне кедергі келтіруге шынайы қарсы тұруды білдіреді [2, 16 б.].

Тәуелсіздік жылдарында пайда болып, қоғамдық өмірімізге кеңінен енген ұғымдардың бірі – толеранттылық. Ана тілімізде мұны сабырлық пен төзімділік ретінде ұғуға болады.

Ұлттық толеранттылық біздің жалпы тарихи-мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Екінші жағынан, толеранттылық барлық мәселені шешіп тастайды деуге болмайды. Бұл бір сегменттік актуальді танудың, ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы [3, 6 б.].

Толеранттылық деген атауы халықаралық термин сөзі болғанымен, мазмұн-мағынасы қазақтың төл сөзі-кәдімгі төзімділікдегеннің баламасы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар арасындағы, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымырласуды білдіреді [4, 4 б.].

Қазіргі таңда мемлекет құраушы қазақ ұлтының менталитетінде терең тамыр жайған толеранттылық қасиеті Қазақстанда ұлтаралық бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Бұл қасиет бір күнде қалыптасқан жоқ. Ұлт мінезін, дүниеге көзқарасын, рухани ұстанымдарын сипаттайтын белгілер ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы орнығу үдерісінен өтеді. Осы тұрғыда «қазақ менталитетіндегі толеранттылықтың бастаулары қайда жатыр?» деген заңды сауал туындайды. Қазақ толеранттылығының қайнар көзі оның тұрмыс-тіршілігінде жатты. Күрделі ірі сынақтарға толы көшпелі ғұмыр әрбір қазаққа өзара әрекеттестіктің, жәрдемдесудің маңыздылығын жоғары етті. Тұрмыс қажеттіліктері адамдарды еңбегіне, амалдарына сай бағалауды басты орынға қойды.

Екіншіден, қазақ толеранттылығының қалыптасуына географиялық фактор үлкен ықпал етті. Үлкен аумақ, көшпенді қазақ өрісінің кең болуына, қозғалыс пен бейімделудің жоғары деңгейіне әкеліп, көршілес халықтармен мәдени-тілдік, әлеуметтік, экономикалық және саяси байланыстарды белсенді әрі жеңіл орнатуға мүмкіндік берді. Қазақтар қоршаған ортаны өз қалпында, теріс сенімдерсіз қабылдады.

Үшіншіден, қазақтар – өзіне түрлі халықтар мен түрлі мемлекеттердің өкілдерін жинаған синкреттік тектегі халық. Сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, түркі қағанаттары, оғыз-қыпшақтар, керей-наймандар, моңғолдар және т.б. қазақ халқының қалыптасуына ықпал етті. Бұл жағдай қазақтардың ашықтығына, өзге ұлттармен қатынастарға еркін түсуіне мүмкіндік беріп, өзгешелікке түсіністікпен, шыдамдылықпен қарау дағдысын тарихи жадыда орнықтырды. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында қазақ жеріне Ресейдің ішкі аймақтарынан шаруалардың жаппай көшірілуі және кейінірек немістердің, кәрістердің, поляктардың, еврейлердің, кавказ халықтарының және т.б. жер аударылуы жағдайында қазақтардың өз тұрмысының қиындығына қарамастан, аталмыш халықтардың өкілдерінің барлығына қол ұшын созғандығы жоғарыдағы ойымызды қуаттайды.

Төртіншіден, ең маңызды фактордың бірі ислам болды. Исламның зор адамгершілік әлеуеті қазақ дүниетанымының арнасын кенейтіп, жаңа рухани бағдарлар әкелді. Адам өмірін басты құндылық ретінде таныған, өзге дін өкілдеріне түсіністікпен қарауға, көршімен тату болуға үндеген дін қазақ жүрегінен берік орын алды. Сонымен қатар дінде зорлықтың болмауын басты орынға қойған ислам діні адамдардың ұлт-нәсілдерге бөлінуін олардың бір-бірін жақсы тануы үшін жасалды деп түсіндірді. Осындай мәндегі тұжырымдар ислам мен қазақ ұлттық дәстүрінің үндесуіне жол ашты [5, 100-103 б.].

Сөйтіп, жоғарыда аталған факторлардың ықпалымен қазақтың қоршаған әлемге, өзге адамдарға қатынасын сипаттайтын өзіндік ұстанымы, ұлттық мінезі қалыптасты. Және сол мінездің, қасиеттің өзегіне толеранттылық жатады. Ал сол толеранттылықты құрайтын негіздерге келетін болсақ, олардың қатарында қонақжайлылықты, балама пікірге деген құрметті атап өтуге болады.

Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениетін дамытуда. Тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан Ассамблея еліміз үшін үлкен мағынағы ие. Бүгінде қоғамдық институтқа республика бойынша 820 мәдени орталық мүше. Осындай жайттарды еске алғанда еліміздегі қалыптасқан толерантты қоғамның мәні мен мазмұнын жете түсіне бастайсың.

Бұдан басқа Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана төрінде әлемдік дінбасылардың құрылтайын өткізіп, төрткүл дүниедегі тәрбие мен бейбітшілікті, лаңкестікке қарсы күресті талқылау бүгінде маңызды ғаламдық іс-шараға айналып отыр. Сонымен қатар ол елімізде өтке «Этноаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісі: тәжірибе, практика және болашақ» атты сессиясында жасаған баяндамасында «Біздің ұлттық келісіміміз - өткен жылдар көлемінде мемлекеттің азаматтық қоғам институттарының қолдауымен атқарған қажырлы еңбегінің нәтижесі. Күрделі жағдайларға қарамастан, біз еліміздегі барлық этностық топтар арасындағы өзара қарым-қатынастың оңтайлы үлгісін қалыптастыра алдық». Сондықтан да, қай ел болмасын, оның ілгерілеуінде толеранттылықтың атқарар рөлі үлкен.

Көптеген авторлардың арасында толеранттылық басқа адамның ойымен келісу, яғни құрметпен қарау, жүріс-тұрысына және жасаған істеріне жылы шырайлы көзқарас білдіру, ұлтаралық мәселелерді түсінушілікпен шешуге тырысу деген мағынада анықталады.

Б.Г. Ананьевтің тұжырымдауынша адам даму көптеген факторлардың өзара әрекетімен шартталады: тұқымқуалаушылық, қоршаған орта (әлеуметтік, табиғи), тәрбие және оның өзінің іс-әрекеті.

Оның ішінде тәрбие – басты фактор болып саналатыны педагогика ғылымындағы аксиома. Сондықтан, қазіргі жаһандану жағдайында өзінің ерекшеліктерін сезіне отырып, басқалармен тең дәрежеде, сыйластықта өмір сүре алатын тұлға тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. Бұл істе жетістікке жету үшін ең алдымен педагогикалық процестің жетекші субъектісі – педагог-тәрбиеші даярлауға жаңа көзқараспен қарау, оның толеранттылығын қалыптастыру қажет.

В.Н. Павленко, толеранттылыққа байланысты көптеген анықтамаларды қарастырып, анализдеудің арқасында толеранттылыққа байланысты пікірлердің екі басты критерийдің аясында құрылуын айтты. Біріншісі, ұқсамайтын, жараспайтын, келіспейтін заттарға деген қарым-қатынасымыз, екіншісі, сондай үйлесімсіздікке қарсы қолданылатын тәсілдер. Бірінші, параметр бойынша қарым-қатынасты 3-ке бөлуге болады. Олар жағымсыз, нейтралды және жағымды [30, 30-35 б.].

Михаил Мацковский толеранттылықтың түрлі анықтамаларын идеологиялық, саяси, философиялық жағынан қарастырады. Ол толеранттылық шкаласы бойынша 5 нүктені көрсетеді. Олар протекционисттік толеранттылық, құндылықтық толеранттылық, жабық толеранттылық, вербалды толеранттылық және агрессивті толеранттылық.

И.Шкуратова толеранттылықты түсінудің екі амалын атап көрсетеді:

1. Толеранттылық, субъектінің жүріс-тұрысына қайшы келетін жүріс-тұрысқа сабырлық, төзімділік көзқараспен қарау ретінде.

2. Толеранттылық, түрлі жүрі-тұрыс арасындағы пайда болған қарама-қайшылықтарды алдын алу үшін алатын субъектінің белсенді позициясы ретінде [6, 28-30 б.].

Эксперимент үшін екі таңдау тобы алынды. Кросс-мәдени зерттеу болғандықтан таңдау тобы ретінде қазақ және кәріс халқының адамдары алынды. Әр топ 30 адамнан, яғни эксперимент толық 60 адамға жүргізілді. Экспериментке 10-11 сынып оқушылары мен

Қазақстан Республикасындағы Корей Республикасы елшілігінің басшылығымен ашылған кәріс тілін оқытатын мекемеге баратын оқушылар қатысты.

Таңдау тобын келесі критерилер бойынша жиналды:

1. Жоғары сынып оқушылары. 10-11 сынып оқушылары.

2. Оларға толеранттылық және интолеранттылықты анықтайтын сауалнамалар мен әдістемелер жүргізілді.

3. Бұл кезеңде ұсынылған болжамды растау үшін, нәтижелерді математикалық, статистикалық есептеуге салынып, сандық және сапалық талдау жүргізілді.

Этносаралық толеранттылық пен қарым-қатынастың кросс-мәдени ерекшеліктерін психодиагностикалық зерттеу жүргізу үшін 6 әдістеме алынды, олар:

1. «Интолеранттылық-Толеранттылық» ИНТОЛ әдістемесі Л.Г.Почебут

2. «Этникалық ұқсастық» О.Л. Романова

«Мәдени-құндылық бағдарлану тесті Л.Г.Почебут Флоренс Клохан және Фред Стродберг ториясына негізделген

Кросс-мәдени зерттеулер (cross-cultural studies) – зерттеу пәні мен объектісі ретінде мәдениет болатын, зерттеудің салыстырмалы түрі. Ең алғаш болып ондай зерттеулерді әлеуметтік және мәдени антропологияның өкілдері жүргізе бастады. Оларды бір мәдени жасандының түрлі халықтардың ішінде қандай қымат атқаратындығы қызықтырды. Сонымен қатар бір мәдениетте дұрыс әрекетке жататын қылықтар, басқа мемлекетте дұрыс емес әрекетке жататындығы да қызығушылық тудырды.

Л.Г.Почебуттің Флоренс Клохан және Фред Стродберг ториясына негізделген «Мәдени-құндылық бағдарлау» тесті бойынша өңдеу.

Зерттеу 60 адамға жүргізілді. Оның 30 адамы қазақ, 30 адамы кәріс халқының адамдары. «Мәдени құндылық бағдарлау» тесті бойынша шыққан нәтижелерді 3 мәдени тип арқылы бөлеміз.

Г.Триадис синдромына негізделген Л.Г.Почебуттың әдістемесі «Индивидуалдылық пен ұжымдықтың көрсеткіштерін анықтайтын әдістеме» бойынша нәтижелерді өңдеу.

Бұл әдістемеге 60 адам қатысты. 30 адам қазақ, ал келесі 30 адам кәріс ұлтының адамдары. Әдістеме тұлғаның индивидуалдылық немесе ұжымдық ерекшеліктерін анықтауға арналған. Ол 30 сұрақтан тұрады. Әр сұрақ екі пайымдаудан тұрады. Математикалық өңдеу арнайы кілт арқылы жүргізіледі. Кілтпен сәйкес келген жауапқа 1 балл беріледі.

Әдістеменің нәтижесі бойынша екі ұлттың ерекшеліктерін салыстырсақ, екеуі бір-бірінен өзгеше нәтиже ұсынды. Яғни, қазақ ұлтының ұжымдылық қасиеті жоғары болса, кәріс халқының индивидуалдылық қасиеті жоғарырақ болғанын байқаймыз.

«Толеранттылық пен Интолеранттылықтың компоненттері мен түрлері» әдістемесі бойынша математикалық өңдеу:

Бұл әдістемеге 60 адам қатысты. Оның ішінде 30 адам қазақ және 30 адам кәріс ұлтының адамдары. Әдістемеден алынған екі топтың нәтижелері Манна-Уитни критерийі бойынша салыстырылды. Манна-Уитни критерийі екі таңдама арасындағы қандай да бір белгінің деңгейі бойынша өзгешеліктерді айқындау үшін арналған. Ол саны аз таңдамалар арасындағы өзгешеліктерді айқындайды, мұнда $n_1 \cdot n_2 \geq 3$ немесе $n_1=2, n_2 \geq 5$. Нәтижелер формуласы арқылы салыстырылды.

n_1 – 1 таңдамадағы сыналушылардың саны;

n_2 – 2 таңдамадағы сыналушылар саны;

T_x – екі рангтық қосындылардың ішіндегі үлкені;

n_x – рангтар қосындысы кезіндегі көрсеткіші жоғары топ сыналушылардың саны.

«Толеранттылық индексі» деген экспресс-сауалнама алынды. Бұл сауалнама Г.У. Солдатова, О.А. Кравцова, О.Е. Хухлаева және Л.А. Шайгеровамен құрастырылған. Әдістеме екі таңдау тобының нәтижелері Манна-Уитни критерийі арқылы салыстырылды.

Эксперименталды және бақылау топтары Манна-Уитни критерийі бойынша салыстырылды. Критерий екі таңдама арасындағы қандай да бір белгінің деңгейі бойынша өзгешеліктерді

бағалау үшін арналған. Ол саны аз таңдамалар арасындағы өзгешеліктерді айқындайды, мұнда $n_1 \cdot n_2 \geq 3$ немесе $n_1=2, n_2 \geq 5$.

Критерийді қолданудың бірнеше тәсілі бар, және осы тәсілдерге сәйкес келетін бірнеше шектік мәндердің кестелері бар.

Бұл әдіс екі қатар мәндер арасындағы қиылысатын зоналар жеткілікті дәрежеде аз ба екендігін анықтайды. Қиылысатын мәндер аз болған сайын, айырмашылықтар рас екендігі жоғарлай түседі. Кейде бұл өзгешеліктер екі таңдаманың орналасуындағы өзгешеліктер деп аталады.

Сонымен қорыта келе, толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай адамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселеге айналуы тиіс.

1. Абылғазина Р., Толеранттылық психологиялық зерттеу нысаны ретінде // Жантану мәселелері 2011ж., №3 3б.

2. Қартбаева Ж.Ж., Толеранттылық мәселесінің зерттелуі // Қазақстан орта мектебі 2009ж., №9 16б.

3. Анаш Д., Қазақстандағы толеранттылық қай деңгейде? // Алматы ақшамы., №112 (4514) 2011ж., 6б.

4. Асауов Д., Толеранттылық-қазақтың қанында бар қасиет // Алтан Орда №48 (566) 2010ж., 4б.

5. Досжан Р.Қ., Толеранттылық-ұлаларлық қарым-қатынас факторы ретінде // Зерттеуші 2012.-№6 (74).- 3-6б.

6. Павленко В.Н., Таглин С.А. *Общая и прикладная этнопсихология.* - М., 2004 30-35б.

Аннотация

Сарыбекова Ж.Т. – Таразский государственный университет имени М.Х.Дулати

Токсанбаева Н.К. – КазНУ имени аль-Фараби

Исследование кросс-культурных особенностей и теории толерантности

В этой статье этнос – являются потомками народа, нации, народности остановать в случае постоянного социально-исторической сообщества. Толерантность – других моделей поведения, убеждений и ценностей либеральных решений. «Культура» является концепцией многомерного явления, один много аспектных феноменов науки. В сочетании со значением из самых важных шагов в направлении культуры жизни, при условии, установленном общества. Точность в зависимости от целей и достижений системы, это придает смысл жизни. Культура это идеи и категоризаций вещей, происходящих в мире. Мир развивается с помощью человеческих сонаний, идей и вещей.

Мир духа народа, идеи, чтобы найти смысл этой теме.

Кросс-культурные исследования, различные этнические группы, их поведение не только словесные, невербальное поведение отличается. Различные этнические люди говорят на разных языках, но они также используют невербальное общение во многих отношениях. Невербальная коммуникация имеет различные кросс-культурные различия.

Ключевые слова: Толерантность, этнической, кросс-культурная психология, культура, национальный характер, менталитет, ценности, отношения.

Abstract

Sarybekova Z.T. – M.Kh. Dulaty Taraz State University

Toksanbayeva N.K. – Al-Farabi Kazakh National University

Research of cross-cultural peculiarities and theoretical tolerance

In this article ethnos, are descendants of the people, nations, nationalities stop in case of permanent socio-historical community. Tolerance – other behaviors, beliefs and values liberal solutions. “Culture” is the concept of a multi-dimensional phenomenon, a lot of Aspect phenomena of science. In combination with the value of the most important steps in the direction of a culture of life, as long as the established

society. Accuracy depending on the goals and achievements of the system, it gives meaning to life. Culture is the ideas and categorizing things going on in the world. The world is developing with the help of human consciousness, ideas and things.

World of the spirit of the people, the ideas, to find the meaning of the subject.

Cross-cultural studies, different ethnic groups, their behavior is not only verbal, non-verbal behavior is different. Different ethnic people speak different languages, but they also use non-verbal communication in many ways. Non-verbal communication has different cross-cultural differences.

Keywords: Tolerance, ethnic, cross-cultural psychology, culture, national character, mentality, values, attitudes.

МРНТИ 15.41.31

М.И. Уюкбаева¹

*¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ И СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ПРЕГРАДЫ В СКАЗКАХ

В данной статье анализируется фрустрация в народных и литературных сказках, мотивированность для достижения целей и препятствия на пути к достижению этих целей на примере художественных произведений Пушкина, Аксакова, Логина, Успенского и др. Преграды здесь делятся на физические, биологические, психологические, социокультурные аспекты. Фрустрация как нарушение в сфере поведения исследована на двух уровнях: утрата волевого уровня или как снижение степени обусловленности сознания адекватной мотивации. Здесь фрустрация рассматривается как достижение цели преграды на пути к ней, что является центром эмоций героев (отрицательных и положительных). О другом проявлении фрустрации «утрата волевого уровня или как снижение степени обусловленности сознания адекватной мотивации (потер терпения и надежды)». В данных сказках видна в поведении персонажей в трудных ситуациях.

Ключевые слова: Фрустрация, преграда социокультурный, расстройство, достижение, цель, психология, правила, запреты, фольклор, литература, поведение.

«Фрустрация (от лат. Frustratio – обман, тщетное ожидание, расстройство) определяется как состояние, вызванное двумя моментами: наличием сильной мотивированности достичь цель (удовлетворить потребность) и преграды, препятствующей этому достижению.

Преградами на пути к достижению цели могут оказаться причины различного характера: физического (лишение свободы), биологического (болезнь, старение), психологического (страх, интеллектуальная недостаточность), социокультурного (нормы, правила, запреты). Если иметь в виду выраженность данного состояния, то следует говорить о различных степенях перехода ситуации затруднения деятельности в ситуацию, когда трудность оказывается непреодолимой. С точки зрения нарушений в сфере поведения фрустрация может проявляться на двух уровнях: как утрата волевого контроля (дезорганизация поведения), или же как снижение степени обусловленности сознания адекватной мотивации (потеря терпения и надежды)».

Фрустрация характерна для детских произведений, отражая причины поведения персонажей, которое близко и понятно детям. Несомненно, что особенности жанра сказки расширяют возможности героев на пути достижения их целей. В этом, пожалуй, один из секретов популярности жанра литературной сказки, где автор волен фантазировать, не заботясь о реализме. Этот жанр позволяет писателям создавать волшебный мир с неповторимыми правилами и трудностями, которые преодолеваются, независимо от их сложности. И если обстоятельства и сами персонажи могут быть самыми невероятными, но чувства, которые они переживают, должны быть понятными детской читательской аудитории.

Естественно, при этом фрустрация, как достижение цели и преграды на пути к ней, является центром эмоций героев: сначала отрицательных (из-за невозможности достижения цели), а затем и положительных, связанных с победой.

В сказках, написанных по мотивам народных преданий, цель – это, как правило, материальное обогащение и женитьба на коронованной особе. Как, например, в сказках А.С. Пушкина, П.П. Ершова, С.Т. Аскакова. А преграды здесь связаны с волшебными существами и предметами, что имеет особую притягательность для детей, верящих в чудеса. Соответственно, и события здесь необычайные, завораживающие детей своей неординарностью, новизной.

Отсутствие жизненного опыта у детей, открытость миру, который они познают взахлеб, богатая фантазия, яркость чувств, наивность – все это создает благоприятную почву для восприятия мира сказок как реального, интересного, познавательного.

Преграды физические (лишение свободы) сказочные герои преодолевают по-разному. Так, например, царевич Гвидон в “Сказке о царе Салтане” делает это с помощью своей находчивости, обращаясь к природе с помощью заклички: “Ты волна моя, волна”. Природа в сказках Пушкина всегда приходит на помощь героям, попавшим в беду. Царевич смог выбраться на свободу из бочки, а также решил все свои остальные проблемы с помощью Лебеди, соединившей в себе двойное начало: человеческое и животное.

В сказке Ершова “Конек-Горбунок” Иванушка - дурачок смог избавиться от заточения и выполнить все поручения царя с помощью чудесного Конька-Горбунка, потому что сам был заурядным человеком и ему не в силах было преодолеть преграды.

В сказке Аксакова “Аленький цветочек” заколдованный принц находится в заточении на прекрасном острове в облике чудовища. Примечательно, что из этого плена его может выволить лишь бескорыстная девичья любовь, возвышенное чувство. Его плен состоит также и в биологической преграде, так как он заточен в тело монстра, что приносит ему невероятные моральные страдания. В сказке Ершова “Конек-Горбунок” преградой для царя в его желании жениться на царь-девице является его биологическая старость, от которой он страстно хочет избавиться с помощью Ивана - дурака, окунувшись в кипящие котлы.

В сказке Пушкина о Золотом Петушке царь не имеет возможности избавиться от старости, как биологической преграды, но, несомненно, что он тяготится своим преклонным возрастом, влюбившись в юную красавицу - Шамаханскую царицу.

Высокое социальное положение, богатство дают ему неограниченные возможности для исполнения желаний, но биологическую старость он не в состоянии преодолеть.

Психологическая преграда в виде страха и интеллектуальной недостаточности свойственна всем перечисленным сказочным персонажам: царь Дадон все время ждет нападения врагов(для чего ему и нужен золотой Петушок, предупреждающий о приближении врагов); в сказке Ершов весь мир враждебен Иванушке -дурочку, начиная с собственных братьев, укравших у него златогривых коней, подаренных кобылицей за свободу; в сказке Аксакова “Аленький цветочек” заколдованный принц боится навеки остаться в безобразном облики (превращение не зависит от него, хотя он и пытается подкупить своих гостей щедростью и добротой).

Социокультурные преграды - нормы, правила, запреты - в упомянутых сказках не существуют для царей, потому что они сами их создают. Но существуют для представителей простого народа: Иванушка-дурачок нарушил запрет, поднял перо Жар-птицы и попал в беду. Но в “Сказке о попе и работнике его Балде” Пушкина Балда придумал правила оплаты его труда и таким образом наказал алчного попа.

В сказке Аксакова “Аленький цветочек” злая колдунья наложила проклятье на прекрасного юношу, она установила правила его наказания и избавления от него - такое же сложное, так как насильно мил не будешь, а добиться любви к себе уродливому чудовищу - задача сложная, почти недостижимая.

Нарушение в сфере поведения в смысле волевого контроля, дезорганизации поведения проявляется у каждого персонажа индивидуально: царь Дадон забыл о погибших сыновьях, не стал их даже оплакивать, увлекшись Шамаханской царицей. Чудище в “Аленьком цветочке” собралось умирать, не дождавшись в оговоренный срок своей возлюбленной, отчаявшись избавиться от опостылевшей личины. А Иванушка-дурачок в “Коньке-Горбунке” каждый раз впадает в отчаяние, получив новое задание от царя, потому что самостоятельно не в силах их выполнить, они у него ассоциируются со смертью, жестокой расправой.

О другом проявлении фрустрации, как “снижения степени обусловленности сознания адекватной мотивации (потеря терпения и надежды)”, в данных сказках видно в поведении персонажей в трудных ситуациях. Так, например, царь Салтан, потеряв терпение, самолично отправился в опасное путешествие, чтобы своими глазами увидеть невиданные чудеса. А встретил еще большее чудо - жену и сына. В данном случае это привело к положительному результату, счастливому разрешению сказки.

В “Коньке-Горбунке” царь, потеряв надежду и терпение (так ему хотелось жениться), решился на отчаянный поступок ради омоложения, потому что за старика царь-девица не хотела выходить замуж. Но для него это плохо кончилось: вместе с терпением он потерял жизнь. Фактически он умер ради любви.

В “Аленьком цветочке” чудовище, потерявшее терпение и надежду, почти лишилось жизни, оно не хотела дальше жить. Такая форма существования для него была хуже смерти. Чужая личина тяготила его, не соответствовала его самооценке, лишала счастья, любви.

В “Сказке о мертвой царевне и семи богатырях” Пушкина злая царица, потеряв терпение и надежду стать самой красивой, умерла: “Тут тоска ее взяла, и царица умерла”. Для нее потеря надежды оказалась равноценной потере жизни, потому что в своих надеждах она представляла себе жизнь совсем по-другому, где ей нет равных в красоте. Для нее жизнь - это превосходство над всеми. А если этого превосходства нет, то она посчитала невозможным жить дальше на вторых ролях.

В литературных сказках, где герои помещены в современные условия, приближенные к реальным, с их узнаваемыми бытовыми реалиями, все выглядит несколько иначе.

Так, например, в сказке Лагина “Старик Хоттабыч” у волшебника была преграда прежде всего физическая – лишение свободы. Освободившись от заточения, он дал волю своим желаниям, желая отблагодарить своего спасителя Вольку. Есть у него преграда и биологическая: если старость не так тяготит его, то болезнь горла от переедания (холодное мороженое), заставила страдать. Психологической преградой для Хоттабыча был не столько страх, сколько интеллектуальная недостаточность: древний старик не мог вписаться в современность и всегда попадал в неловкие ситуации, увлекая за собой и своего повелителя. Социокультурные преграды привели к тому, что Хоттабыч на каждом шагу нарушал нормы, правила, запреты, так они были чужды ему, пришельцу из другого мира, из другой эпохи. Кроме того, как и всякий могущественный волшебник, старик Хоттабыч был склонен сам создавать собственные нормы, правила, запреты. Да меры наказания тоже. У восточного волшебника были свои понятия о щедрости и благодарности, от которых Волька получил больше пострадал, чем получил пользу, постоянно волнуясь за жизнь окружающих его людей, даже несимпатичных ему.

Фрустрация, как утрата волевого контроля, дезорганизация поведения тут проявляется прежде всего в том, что Волька – мальчик, а Хоттабыч – взрослый человек, постоянно навязывающий свою волю младшему по возрасту Вольке. Мальчик, желая получить желаемое, утратил волевой контроль, положившись на опыт Хоттабыча, но они все время оказываются в смешных ситуациях. А потеря терпения и надежды у Вольки приводит к просьбе прекратить самостоятельные действия Хоттабыча. А сам Хоттабыч, потеряв надежду угодить своему благодетелю, решает работать в цирке, где его волшебная сила пришлась бы ко двору. Тут Хоттабыч дал волю своей фантазии в полной мере. Л.С.Выготский утверждал: “Нужно

сказать, что фантазирует отнюдь не счастливый, а только неудовлетворенный. Неудовлетворенные желания - побудительные стимулы фантазии. Каждая фантазия – это осуществление желания, корректив к неудовлетворяющей действительности”.

Фрустрация в сказках Э.Успенского о дяде Федоре – это преграды: физическая – добровольное заточение в Простоквашино, и биологическая(его болезнь из-за холодного молока), и психологическая (интеллектуальная недостаточность), социокультурная(несогласие с запретом родителей на кота). Утрата волевого контроля наиболее ярко показана в оценках с Нет из интернета, севшая на шею простоквашинцам, полностью дезорганизованным сей бесцеремонной особой. А потеря терпения привела к решительным действиям по избавлению от гостыи.

А в случае с тетей дяди Федора – простоквашинцам, утратившим волевой контроль и терпение, пришлось самим спастись бегством от ретивой военной пенсионерки. Вся ее нерастроченная энергия обрушилась на дядю Федора и его друзей. Они не смогли противостоять ее агрессивной заботе. Дядя Федор и его друзья привыкли к независимости, поэтому им было невыносимо столь навязчивое внимание со стороны одинокой женщины, направившей свою любовь на племянника. Поведение и образ жизни дяди Федора - это вызов нормам: несовершеннолетний ребенок, живущий с животными без взрослых. Своего рода современный городской Маугли, которого воспитывают кот и пес.

Таким образом, фрустрация имеет разные формы реализации в произведениях детских писателей в зависимости от фольклорных и литературных традиций, используемых авторами сказок. А также от временных и бытовых реалий, выбранных писателями в своих произведениях.

1. *Словарь иностранных слов*, М.,1986
2. *Лейбин В.М. Психоанализ и философия неопрейдизма*. - М., 1977. - 246 с.
3. *Лейбин В.М. Фрейд, психоанализ и современная западная философия*. - М., 1990. - 397 с.
4. *Блум Г. Психоаналитические теории личности / Перевод А.Б. Хавина*. - М.: КСП, 1996
5. *Додельцев Р.Ф. Фрейдизм: культурология, психология, философия*. - М., 1997. - 284 с.
6. Feinstein, Adolphs, Damasio and Tranel The Human Amygdala and the Induction and Experience of Fear – *Current Biology, Published online: December 16, 2010*

Түйіндеме

Уюкбаева М.И. – Абай атындағы ҚазҰПУ

Ертегілер психологиялық және әлеуметтік-мәдени кедергілер

Бұл мақалада Пушкин, Аксаков, Логин, Успен және басқалар көркем жұмыстар мысалында халық және әдебиертегілер, мақсаттарға жету үшін ынталандыру, сондай-ақ осы мақсаттарға жету үшін кедергілерді жылы бұзылуы талдайды. Кедергілер физикалық, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік-мәдени аспектілері бөлінеді. ерік деңгейдегі жоғалуын емес сана бара барын таландыру шарттылығы дәрежесін төмендету сияқты: мінез-құлық бұзылуы Фрустрация екі деңгейде зерттелді. Мұнда бұзылуытан балалар эмоциялар (терісжәнеон) орталығы болып табылады, оған кедергілерді мақсатқа, ретінде қарастырылады. бұзылуы басқа көрінісі, туралы «ерікті деңгейдегі жоғалуы немесе сана (шыдамдылық пен үмітшығын) барабар шарттылығы ынталандыру дәрежесін төмендету сияқты.» Осы ертегілер қиын жағдайларда кейіпкерлердің мінез-құлық көрінеді.

Түйін сөздер: фрустрация, кедергі, әлеуметтік-мәдени, фрустрация, жетістік, мақсаты, психология, ережелер, тыйым, фольклорлық, әдебиет, мінез-құлық.

Abstract

Uyukbaeva M.I. – Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Psychological and socio-cultural barriers in Tales

This article analyzes the frustration in the folk and literary tales, motivation to achieve the goals, and overcome the obstacles to the achievement of these goals by the example of the art works of Pushkin, Aksakov, Logins, Uspensky and others. Obstacles are divided into physical, biological, psychological, socio-

cultural aspects. Frustration as a breach in behavior was investigated on two levels: the loss of volitional level or as a reduction in the degree of conditionality of consciousness of adequate motivation. Here frustration is seen as the goal of the barriers to it, which is the center of the characters emotions (negative and positive). On another manifestation of frustration, “the loss of voluntary level or as a reduction in the degree of motivation of adequate conditionality of consciousness (loss of patience and hope).” In these tales, it is visible in the behavior of the characters in difficult situations.

Keywords: Frustration, obstruction, socio-cultural, frustration, achievement, goal, psychology, rules, bans, folklore, literature, behavior.

МРНТИ 15.81.21

Т.Б. Кенжебаева¹

Д.С. Жакупова²

^{1,2} Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,

Павлодар қ., Қазақстан

МҰҒАЛІМНІҢ МӘДЕНИЕТТІЛІГІ ТҰЛҒАНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІНІҢ САПАЛЫ ДАМУ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ

Мақалада болашақ маманның зияткерлік әлеуетін жүзеге асыру барысында мұғалімнің мәдениетін қалыптастырудың ең қажетті талаптары мен шарттары қарастырылады. Бұл шарттардың зерттеу негізіндегі «әлеуметтік жетілу», «жоғары кәсібилік, іскери және зияткерлік қасиеттер» және «рухани мәдениет, адамгершілік бейнесі» сияқты блоктары айқындалып, оларға сипаттама беріледі. Мұғалім мәдениеттілігін құрайтын әлеуметтік қасиеттердің құрылымының жіктемесі келтіріліп, зияткерлік әлеуеті дамыған мұғалімнің мәдениетінің басты көрсеткіштері ұсынылады.

Педагогикалық-психологиялық білім өзінің пайда болған дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін білім берудің бар жүйесін түсінуге ғана емес, сондай-ақ білім берудің жаңа құндылықтары мен мұраттарын қалыптастырады. Бірқатар ғылыми зерттеулерде бүтін оқыту мен тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру туралы мәселе қойылады және білім беру оқытушы мен студенттің зияткерлік өзара ықпалдастығы ретінде қарастырылады. Білім беру мазмұнынан оқыту үрдісінде болашақ мұғалім білуге тиісті іскерлік, дағды, білім, яғни құзыреттіліктер көлемі мен сипатын ескеру қажет. Жоғары оқу орнындағы білім беру мазмұнын айқындайтын маңызды фактор - бұл ғылыми-техникалық және мәдени прогресстер.

Түйін сөздер: танымдық іс-әрекет, зияткерлік әлеуеті дамыған тұлға, руханилық, мұғалімнің мәдениеттілігі.

Зият – бұл адамның ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы. Оны белгілі бір дәрежеде тұлғаның рухани әлеуеті ретінде қарастырған жөн. Себебі, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуеті өзінің бойындағы ішкі байлығымен ашылады және индивидтің зияткерлік қатынасымен байытылады. Тұлға мәдениетінің ішкі тірегі, діңгегі оның руханилығы болып табылады. Тұлға рухани-адамгершілік даму барысында еліне, қоршаған адамдарға қызмет етіп, қоғамға пайда келтіру, қолынан келер жақсы, игі іс жасау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру субъект ретінде дамуына негіз болады.

Америка әлеуметтанушылары қоғамды ақпараттандыратын үшінші технологиялық толқын кеңістігінде бірінші кезекте адамның сала ішілік тар кәсіби қасиеті емес, керісінше, оның жалпы тұлғалық қабілеті тұрады және бұл жалпы тұлғалық қабілеттер қатарына өзгерістерге жылдам бейімделу, жоғары зият, шығармашылық, белсенділік, тіл тапқыштық, жан-жақтылық, байланысқа бейімділік сияқты қасиеттерді алға тартады.

Еңбек нарығына жасалған талдау нәтижесі бойынша, бүгінгі күні күрт өзгертін әлеуметтік-экономикалық жағдайда жұмыс беруші үшін нақты біліммен толық қамтылған тұлқадан гөрі, біліммен қоса зияткерлік-шығармашыл ойлай алатын, маман тұлғасы ретінде

өзін-өзі дамыта алатын, болашақта кәсіби қызметтің биік шыңына жете алатын қабілеттері құндырақ болып келеді.

Адам өмірінде кәсіби қызмет басты орында тұрады және кәсіби қызмет шын мәнінде адамның өмір сүру болмысы мен тәсілдерін толық қамти отырып, оның әлеуметтік, кәсіби дамуының негізгі құралы болатынын аңғара бермейміз. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын қалыптастыратын заманауи педагогикалық білім жаратылыстану ғылымдары мен математикалық ілімдер негізінде астарласып жатыр. Педагог кәсібіне қойылатын талаптарды өзгертетін үрдістердің бірі педагог қызметін мектептегі оқу-тәрбие үрдістерімен етене жақындастыру ісі болып табылады.

Ондағы негізгі міндеттер педагогикалық кешендерді дұрыс пайдалану, яғни қызметтің практикалық бағыты, ғылыми жұмыспен айналысатын студенттердің жаңа құрылғы жүйесімен, жаңа оқыту технологияларымен дұрыс жұмыс істей алу талаптарын көздейді.

Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша жоғарыда аталған педагог мамандығын дамытуға қойылатын талаптар мен үрдістер білім берудің барлық жүйесін жаңаша көшіруге итермелейді, оның ішінде бірінші кезекте іргелі білім беру, кәсіби тұлғаландыру, өз бетінше білім алу рөлін арттыру, тұлғаның зияткерлік пен шығармашылық сапасын жетілдіруге бағытталу істері қамтылады [1].

Педагогикалық-психологиялық білім өзінің пайда болған дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін білім берудің бар жүйесін түсінуге ғана емес, сондай-ақ білім берудің жаңа құндылықтары мен мұраттарын қалыптастырады. Бірқатар ғылыми зерттеулерде бүтін оқыту мен тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру туралы мәселе қойылады және білім беру оқытушы мен студенттің зияткерлік өзара ықпалдастығы ретінде қарастырылады.

Осыған ұқсас өзара әрекеттестіктің бір формасы ретінде білім беру үрдісі танылады, яғни білім беру үрдісінде «оқытушы мен студент арасындағы түрлі зияткерлік әлеуеттер теңеседі, нәтижесінде үйренуші білім, пайымдау, іскерлік жетістігіне, меңгеру әдісіне, қоғамда алған тәжірибесін толықтыруға ұмтылады. Соңғы уақытта «тәрбиелейтін оқу» деп аталатын түсінік қарқынды кенеюде. Онда ғылыми ұғым тарихи дәуірмен, ғалым өмірімен сәйкес келетін қосымша мәліметтермен толығыады» [2]. Тәрбиелейтін оқу тұлғаны әлеуметтендіруден тыс педагогикалық тәжірибеде мақсатты түрде қалыптасатын дүние. Ол өз бойында танымдық, дүниетанымдық, әдіснамалық, тәрбиелік іс-әрекеттерді біріктіреді.

Білім берудің оқыту үрдісі және әлеуметтік институты ретіндегі анықтамасына тереңірек тоқталайық. Оқыту үрдісінің өзін соңғы тәжірибені беру деп, ал тәрбиені шексіз тәжірибені беру деп қарастыруға болады. Соңғы тәжірибе өз құрамында адамның ақырғы және шексіз білімдерін біріктіретін бастапқы тәжірибе компоненттері болады.

– Адам тәжірибесіндегі шексіз, ақырғы білімдердің өзара байланысын Я.А. Коменский классикалық педагогика аясында қарастырған болатын. Өзімізге белгілі, ғалым оқытудың ұтымды жүйесін нақты әрі дұрыс жұмыс істеп тұрған сағат механизмімен теңеген болатын, бұлайша теңеуіне механикалық дүниетанымының педагогикаға ықпалы әсер етті [3]. Осы құбылыс әрекеті ақырғы білім мәні бойынша сипатталды, ақырғы білім білім беру жүйесінің шегінен шығуға жол бермейді.

Білім беру мен оқыту адамды оқу орны пайда болған кезден бастап қызықтырып келеді, яғни онда қоғамдағы білім, іскерлік, дағдымен байытылған тәжірибені келешек ұрпаққа жүйелі түрде жеткізу іс-әрекеті орындалады. Білім берудің теориясы мен практикасындағы негізгі мәселелердің бірі – «нені үйрету?» сұрағына жауап іздеу. Студенттерге ғылыми білімнің негізін беру керек пе, оларды практикалық мәліметтермен қарулардыру қажет пе, осы білім көздері көмегімен жеткілікті өмірлік бағыт алуға бола ма? деген сұрақтар туындады. Егер қазіргі ғылымның даму қарқынын ескерер болсақ, онда білім беру жүйесі үшін нені алу, нені алмау деген сұрақтардың жауабы білім берудің мазмұнын анықтайды.

Білім беру мазмұнынан оқыту үрдісінде болашақ мұғалім білуге тиісті іскерлік, дағды, білім, яғни құзыреттіліктер көлемі мен сипатын ескеру қажет. Жоғары оқу орнындағы білім

беру мазмұнын айқындайтын маңызды фактор - бұл ғылыми-техникалық және мәдени прогресстер. Оның кейбір ерекшеліктерін К.Н. Pribram мына түрде ажыратып көрсетеді:

– «Әр жыл сайын ғылыми және мәдени ақпараттар көлемі көбейіп отырады. Ақпараттық орта әрбір 7-10 жыл сайын екі еселенеді, ал жеке білім салаларында өсу қарқыны одан да жоғары. Осындай жағдайларда табиғат, адам, қоғам туралы білім негізін құрайтын іргелі теориялар мен ұғымдарды, түркіжайттарды ғылыми-негіздеме бойынша іріктеу бірінші мағынаға ие болады.

– Ғылымда жалпылану немесе жалпылау үрдісі күшейеді. Түрлі ғылым салаларындағы танымның біржақты тәсілі мен әдісін белгілеуге мүмкіндік беретін ғылыми тұжырымдар, теориялар мен жүйелер жасалады. Соған орай ғылымның қазіргі даму деңгейі біріншіден, ұғымдар мен категорияларға байытылған оның теориялық негізін игеруді талап етеді.

Ғылыми білімді өндіріс, басқару, мәдениет салаларында пайдалану әлдеқайда кеңеюде. Әсіресе ғылыми-техникалық прогресстің теориялық негізін құрайтын әлеуметтік психология, әлеуметтану, математика, биологияның рөлі жоғарлайды» Сондықтан, қазіргі жағдайда, яғни ғылым тікелей педагогтік күш ретінде танылғанда ғылыми теорияны оқыту тәжірибесімен байланыстыру мәселесі ерекше өзектілігімен алға шығады.

«Қазіргі таңда біз біртұтас педагогикалық практикамен іс-әрекет жасамаймыз, керісінше, бүгінгі күні бір-бірінен ажыратылатын әртүрлі педагогикалық практика түрлері қалыптасып келеді (дәстүрлі білім беру, дамытушы, жаңа гуманитарлық білім беру, діни, теориялық білім беру, т.б.)» [5]. Яғни біртұтас педагогикалық жүйеде тұтастық қағидасына сүйеніп, кешенді ұстаным ережелерін ұстану.

М.Х. Балтабаевтың пайымдауынша, бүгінгі таңда, қоғамда бар қатынастардың ауысуы бел алуға, осыған орай білім беру саласында кем дегенде мына негізгі үш үрдісті мақсатты түрде зерттеу қажет етіледі. Біріншіден, әлемдік үрдісті білім берудің негізгі парадигмасына ауысуына қарай өзгерту: білім берудің классикалық үлгісі мен жүйесіндегі дағдарыс, білім берудің психологиясы мен әлеуметтануындағы жаңа педагогикалық іргелі идеяларын әзірлеу, гуманитарлық ғылымда эксперименталды және альтернативті бағыттар қалыптастыру. Екіншіден, әлемдік мәдениетке бағытталған білім беру мен университет қозғалысы: ЖОО демократиялануы, мәдениеттің негізгі жетілген субъектілерімен өзара байланыс орнату, үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру, білім берудің гуманитарлануы және компьютерленуі, білім беру мен оқыту бағдарламаларын таңдау еркіндігі. Үшінші үрдіс ЖОО мен білім беру дәстүрін қалыптастыру және одан әрі дамытуды ұмытпау қажет [6].

Бұл оқытушының іс-әрекеті оқыту және студенттің іс-әрекеті – білім алуға жүзеге асады. «Дәріс беру» терминін шартты атау деп қабылдау қажет, себебі педагог тек дәріс беруші, білім беруші ғана емес, ол студент тұлғасын тәрбиелейді әрі дамытады. Оқыту – бұл тек дәріс беруде қабылдағанды игерумен қатар, студенттің күрделі танымдық үрдісі, онда білім түрінде сақталған адамзатқа тән тәжірибе жинау әрекеті орын алады. Сондай-ақ оқыту – бұл индивидуалды таным тәжірибесін иелену, қажетті танымдық әрекеттер мен тәсілдерді игеру болып саналады.

Оқыту үрдісінің зерттеу орталығы студенттің танымдық іс-әрекеті, оның ілімі, тануға деген үздіксіз қозғалысы, заттар мен құбылыстарды тереңінен, кеңінен тануға деген құлшынысы мен әрекетінен тұрады.

Бірақ студенттердің танымдық іс-әрекеті оқытушының әрекетімен бірлесе жүзеге асады. Оқытушы болашақ мұғалімдердің тану әрекетін зияткерлік мүмкіндіктеріне сәйкес және олардың қабілеттеріне сай бағыттайды. Ол оқытудың мазмұнын жүйелендіреді, нақтылайды, студент білетін білімнің логикалық негіздемесін қалыптастырады. Болашақ мұғалімдердің іскерлігін, өз бетінше тану қабілеттерін, дағдысын дамыту үшін оқыту бағытында әлдеқайда тиімді жолдарды іздеп табады. Оқыту үрдісі студентпен оқытушының үздіксіз қарым-қатынасында жүзеге асады. Осы әрекеттің өзі танымдық қызмет үрдістеріне, мінез-құлыққа елеулі ықпал етеді.

Оқыту үрдісінің психологиялық-әдіснамалық негізі – гносеология. Гносеология танымды адам санасындағы объективті әлем бейнесін емес белсенді-тудырушы үрдіс ретінде қарастырылатын ғылым саласы. Танымда болмыс пен құбылыстың объективті әлемі, олардың арасындағы заңды байланыс өз бейнесін табады. Таным деген түсініктің өзі адам санасындағы объективті әлемнің бейнесі. Таным үрдісі – бұл ақиқатқа жақындау, ақиқатқа шексіз ұмтылу үрдісі [7]. Осылайша, оқыту үрдісін қарама-қайшылықты, үнемі болатын қозғалыс пен даму үдерісі ретінде түсіну қажет. Жоғары оқу орнының оқытушысы студенттің ғылыми ақиқатты меңгеру үрдісі қалай орындалып жатқанын көруге міндетті, оның игеру деңгейін қандай, танымдық үрдістегі қозғалысына не кедергі, қарама-қайшы тұратынын анықтауы тиіс.

Сондай-ақ оқытушы студенттің таным үрдісін дайын білімді жаттап алудан аулақ ұстауы қажет. Себебі, онда тұрақты тура жол жоқ екенін, ақиқатқа жетудегі үздіксіз механикалық қозғалыстың мәнін түсіндіре алуы тиіс. Ақиқатқа жету жолында үлкенді-кішілі жетістіктер мен кемшіліктер қатар жүретінін, кейде тіпті ойдың кездейсоқ бұрылуы болатынын ұғындыру қажет.

Таным қарама-қайшылықтан жаралған, онда тапқырлық пен қиылыстыру арқылы, ассоциация құру мен дивергенттік ойлау, абстракция арқылы қатаң логикалық пайымдау орын алады. Индукция мен дедукция, мазмұнды және формалдық ойлау қабілеттері қызмет етеді. Осының барлығы ЖОО оқыту үрдісінде болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың мәнін құрайды. Қоғамның білім беру жүйесіне қойған талабы мен міндеттеріне сәйкес, яғни қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін мамандарды дайындау (жоғары білімді, жоғары мәдениетті, зияткерлік әлеуетін дамытып, үйлесімді дамыған, адамгершілікке тәрбиеленген) міндеттерін оқытудың үш қызметінің қажеттілігімен байланыстыра қарастыру қажет: білім беру, дамыту және тәрбиелеу.

Білім беру іс-әрекетінің қызметі негізгі және анықтаушы ретінде орындалады. Оқытудың басты қызметі – білімді тұлғаны даярлау, өз бетінше білім іздеуге үйрету, оны тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайтын іскерлік пен дағды құндылықтарының иесі ету. Дамытушы оқытудың қызметі студенттің тұлғасын, яғни шығармашыл, жасампаз, зиялы тұлғаны қалыптастыруда тәрбиелеушінің атқаратын рөлі. Бұған негіз болатын іс-әрекет – студентпен оқытушы арасындағы іскерлік әріптестік үрдісі болып табылады. Зиятты тұлғаны екі аспектіде жан-жақты қарастырады. Біріншіден, бағалау тұрпатында шығармашылық қызмет ретінде, нәтижесінде қоғам пайдаланатын жаңа өнім пайда болады, екіншіден, тұлғаның өзіне арналған зияткерлік мағына тұрпатында қаралады [8]. Сондықтан зиятты тұлғаның өзін-өзі танытуға бейімдеуші талап-шарт ретінде түсініледі, зияткерлік әлеуетін, қабілеттері мен дарындылығын, ішкі мүмкіндіктерін, яғни қорын жарыққа шығара алу қасиетін дамытуға арналған жағдай деп ұғынылады.

Осыған орай, бұл жерде құндылық үрдіс нәтижесімен араласады, солайша болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды және нәтиже мен тұлғаның өзінің өзгеруі, өзін-өзі дамытуы, зиятты-шығармашыл субъект ретінде жетілуі маңыздырақ болады. Оқытушы қызметінің негізгі құндылығы оқытудың болашақ мұғалім үшін, оның тұлға болып қалыптасуға қажетті ішкі әлемі мен сыртқы ортасын жасайтындығында, тұлғаның ғылымды, адамдарды, өзін терең тануына ұмтылдыруында. Осы әрекеттер болашақ мұғалімдердің қоғамдық бағытын дұрыс алуына мүмкіндік береді. Оқытудың аталмыш қызметтердің жүзеге асырылуы екі аспектіде қарастырылуы мүмкін. Біріншіден, педагогикалық үрдістегі оқыту мен білім берудің мазмұндық қыры туралы сөз болуы тиіс. Екіншіден, осы педагогикалық үрдіс белгілі бір түрге енеді және әлеуметтік институт шеңберінде өзінің мәртебесіне ие болады.

Сонымен, жоғары оқу орнындағы білім беру – бұл болашақ мұғалімдердің рухани әлемін қалыптастыру үрдісі. Ол рухани және моральдық құндылықтардың ықпалымен құрылады. Оның құрамында мәдени орта, тәрбие, адам бейнесін, болмысын қалыптастыру жетістіктері

жатады. Осыған орай оның ішіндегі ең басты деп білім көлемі емес, соңғыларының жеке қасиеттерімен, өз білімін тиімді пайдалана алу іскерлігімен байланыстыру танылады. Білім беруде әрқашан рухани әрекет немесе рухани қабілеттер сияқты формалды қырымен қатар материалды қыры да, яғни білім беру мазмұны да болатыны сөзсіз.

Санадағы мәдениет пен тәрбие үлгісін шынайы ақиқат дүниеге ұластыру үшін әлеуметтік құрылымдарды технологиялық құрылғыларға, яғни тәрбиеге аудару қажет [9]. Бірақ бұл жерде белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін. Ондай қиындықтар жоғары оқу орындарының педагогикасын дамыту кезеңдерінде кездеседі. Маманды дайындықтың стратегиялық мақсатын өңдеуші элемент ретінде модельдеу нағыз тактикалық шешім деңгейінде бола бермейтінін еске түсіруіміз керек.

В.Н. Сагатовскийдің пайымдауынша, мұғалімнің моделі тек функционалды, технологиялы болуы мүмкін, ондай жағдайда маман психологиялық-педагогикалық стандарт деңгейі білім нәтижесінің сапалығымен сәйкес келетіндей жүйе ретінде қалыптасуы тиіс. «Құндылықтарды салыстырмалы өлшеу нәтижесінде әлеуметтану ғылымындағы ең қайғылы мәселе – бұл ғылымның гуманитарлы емес моделіне абсолютті түрде бағытталуы» – деп көрсетеді [10].

Дегенмен де болашақ мұғалім моделі дайындықтың мақсаты мен міндетін дұрыс бағыттап алу үшін керек дүние. Болашақ мұғалім үшін қажетті жаңа талаптарды жүйелі түрде меңгеру, оның әлеуметтік бейнесін, құндылығын толықтай көрсету түрлі әдістемелік қағидаларға негізделеді.

Крылова Н.Б. болашақ маманның зияткерлік әлеуетін жүзеге асыру барысында мұғалімнің мәдениетін қалыптастырудың ең қажетті талаптары мен шарттарын анықтайды. Оларды үш блокқа жіктеп көрсетуге болады:

«Әлеуметтік жетілу» блогы. Демократиялық тәрбиені, мұғалімнің саяси мәдениетін ойлау мен әрекет стереотиптерінен де жоғары тану амалдары ретінде қарастыру: Отанға деген құрметі, халық үшін қызмет етуі, отансүйгіштігі, толеранттылығы, азаматтығы, қоғамдық істерге қызығушылығы, тұрақты ғылыми дүниетанымы, сынға төзімді қарым-қатынасы, өзгерістерге дайындығы, әлеуметтік өзгеріс мұқтаждықтарын терең түсіну, күнделікті өмірдегі ұйымдастырушылық, тәрбиелік, шаруашылық жұмыстарына қатысты іскерлігі, әлеуметтік мәселелерді шешуде технократтық тәсілден де тиімді жолдарды қолдана алуы.

«Жоғары кәсібилік, іскери және зияткерлік қасиеттер» блогы. Зияткерлік ізденіс әлеуметтік және іскери жетілгендіктің критерийлері ретінде қарастырылады: біліктілік, кәсіби шеберлік, сапалы жұмыс істеуге талпынысы, жоғары кәсібилілігі үшін сұраныс, тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімі, жеке даралығы, еңбекке деген саналы қатынасы, еңбекте үлгілі бола алу қабілеті, гуманитарлы ғылым жүйесіндегі, яғни психология, педагогика салаларындағы терең білімі, еңбекті ұйымдастыра алуы, ынталандыруы, озық тәжірибені, оқытудың инновациялық технологияларын игеруі, болашағын жоспарлай алу іскерлігі, кәсіби деңгейдің өсуінде, білім жаңаруында, ғылым саласының кеңеюінде алдағы өмірді болжай алу іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, жетістігіне салауатты түрде қанағаттана алуы, тәртіптілік, төзімділік, ізденушілік қабілеті, дарындарды қолдай алу қабілеті.

«Рухани мәдениет, адамгершілік бейнесі» блогы: қатал адамгершілік пікірлері, қоғамдағы демократизм, мінез ашықтығы, мейірімділігі, адамдармен жұмыс істей алу қабілеті, сезгіштігі, адамдарға көңіл бөле алуы және сене білуі, оларды өз ісіне сендіре білуі, моральды саулығы, адалдығы, табандылығы, шыншылдығы, қарапайымдылығы, сыпайылығы, еркіндік қасиеті, сөзі мен ісіндегі тұтастығы, өзінің жеке мүдделерін қоғамдық мүдделерге бағындыра алуы, саналы ойлай алатындығы, зияткерлік әлеуеті, өзінен талап ете алушылығы, тәртіптілігі, кеңес бере алуы, қоғамның рухани өміріне белсене араласуы, бірлескен жұмысқа қабілеттілігі, пікірталас барысындағы жоғары мәдениеттілігі, адамгершілік қабілеті, мәдени дүниетанымының кеңдігі, эрудициясы, дамыған өнегелік талғамы [9,1456.].

Жоғарыда аталған қасиеттер жинақтала келе болашақ мұғалімнің бейнесін танытады және зияткерлік әлеуеттің негізгі өзегін, қырын құрайды.

«Высшее образование в Европе» журналының әр басылымында (ЮНЕСКО) шетелдегі мамандар қызметіне қойылатын талаптарға және тұлғаға тән талаптарға жалпы сипаттама беріліп отырады. Маман дайындаудың тиімді критерийлері ретінде оның тез үйренуге бейімділігі, жаңа білімді жылдам меңгеру қабілеті алынады. Осы қасиеттері бар маман жұмыс таңдауда да, өмір сүру салтын таңдауда да толық еркіндікке ие болады. Сондай-ақ тұлға қалыптастыру критерийлеріне бейімделген маман технологиямен байланысты болмаса да зияткерлік тәсілдерге икемделе түседі әрі өмірге деген көзқарасы кеңейеді.

Г.А. Кручининаның пікірінше, «Педагогтің жұмысы өте сәтті болуы оның негізгі тұлғалық қасиетіне, кәсіби қызметіне сай лайықталған мінезінің сәйкес келуіне байланысты. Педагог үшін ең басымды кәсіби және тұлғалық қасиеттер қатарында кәсіби біліктілік, зияткерлік, шығармашылық, бәсекеге қабілеттілік сияқты тұлға қабілеттері болуы тиіс» [11].

Н.Д. Никандров еңбегінде АҚШ-тағы маман дайындау мақсаттары мен оның нәтижесі қандай жетістіктерге әкелетіні дәйектеледі:

- әлеуметтік ұйымды дамытуды ұғынуы және оның ғылым мен білімге ықпалын сезіне білу;

- мәселелерді айқындай білу және оған талдау жасау қабілеті;

- логикалы ойлау іскерлігі және өз ойын жазбаша, ауызша түрде білдіре алуы;

- мәдени ескерткіштерді тануы және олардың өркениеттілікте алатын ролін тани білуі;

- қоғамдық сұраныстарға жауап бере алатын моральдық, этикалық, әлеуметтік ұғымдарды терең түсінуі;

- үздіксіз білім алу қажеттілігін түсіну және оған қызығушылық қалыптастыру [12].

Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуда осындай мақсаттарға қол жеткізу нәтижесінде жалпыадамзаттық басымдықтар мен қасиеттік қырларын айқын көруге болады.

Құрдастарымен ойнау барысында әртүрлі агрессивті реакциялар (мысалы қол жұмсау және балағаттау) беріледі. Әртүрлі итеру, бір-бірін қуу, мазақтау, тебу, бір-біріне зақым келтіретін шулы ойындар – шындығында агрессивті мінезді оқытудың салыстырмалы қауіпсіз тәсілі болып табылады. Балалардың ойынша оларға осындай шулы ойындар ұнайды және олар осындай ойындарда сирек жарақат алады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жалпы зерттеулеріне сүйенсек құрдастарымен жиі байланыс, одан әрі агрессиялық байланыс болуы мүмкін. Әлеуметтік оқыту теориясына сәйкес құрдастарымен сөйлесу және ойнау балаларға агрессивті реакцияларды үйренуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер мектепке дейінгі мекемелерге баратын балаларды зерттей отырып алынған. Мысалы, зерттеулер барысында мектеп алдында бес жыл бойы балабақшаға барған балалар, балабақшаға кеш барған балаларға қарағанда агрессивті мінез құлықты болады. Бұл деректер әдетте әлеуметтік оқыту теориясына сәйкес түсіндірледі.

Ғалымдары философиялық поэзиялық және діни тұрғыдан бас қатырып келеді. Бірақ біздің жүзжылдығымыздағана бұл мәселе систематикалық ғылымиізденіс болып қалды. Агрессияның саны кең, сондықтан біз басты екі бағытқа жүгінеміз.

Біріншісі, бастысы біз өзіміздің адамзаттың проблемасы агрессия.

Екіншіден, еңбастысы адамның агрессиясын әлеуметтік позициясын келтіруі..

Үшіншіден, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілі ретінде және қорғаныс мінез-құлық сияқты кейбір адамдар пайдаланатын агрессия. «Агрессияны» – құбылыс ретінде қарастырып, әртүрлі жас кезеңдеріндегі оның себептерін түсіне қарау маңызды болып отыр. Әдетте жасөспірімдердің агрессия, қорқыту іс-әрекеттермен, 4-6 жас агрессия себебімен балалардың жиі сөз сөйлейді жанжалдың інілері, апа немесе әріптестерімен ойыны бойынша. Ал, 8 жастан кейін балаға әсер етіп бастайды теледидар, кино, детектив түрлі агрессияға тола. Мектеп оқу уақытында балалар уақытын теледидар алдында өткізеді. Осы уақытта олар көреді, орташа 13 мың өлтірілген жағдайларды тағы басқа зерттеулерде 70 жылдардың қояды, балалар көрген теледидардан көптеген актылар зорлық-зомбылық көп бейім агрессивті әрекеттер көру оларға мүмкін емес.. Бар және басқада ғалымдардың ұстамы санайтын бұл сөзді өз сезімдерін экран алдында береді және балаларға мүмкіндігі сол «қуаттануы» осылайша, азаяды олардың агрессиясы көбейеді. Полемика, өрістетілген айналасында осы мәселені көрсетеді. Теледидардан көрген зорлық-зомбылық баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарады.

Егер де топ ішінде жоғары агрессивті жасөспірімдердің – 31% жоғары бағалауға тән болса, топ ішінде агрессивті емес бағалауы екі есе кем – 15%. Осыған сәйкес, топ ішінде

өздерін төмен бағалайтын жоғары агрессивтілер – 25%, агрессивті емес жасөспірімдердің қамтылуы тек қана – 15%.

Жасөспірімдер арасында агрессия құбылысын түсіну үшін жеке өзін-өзі бағалауы ғана емес, сондай ақ бағалау процесін талдау мен референттік тұлғалармен берілетін сырттай бағалау қарастырылады. Мысалы, мұғалімдер мен құрдастары арасында. Егер, өзін-өзі бағалау сыртқы әлеуметтік кеңістікте өзіне тиісті қолдау таппаған жағдайда және айналады маңызды тұлғалардың өзін-өзі бағалау деңгейі субъектінің бағалау деңгейінен төмен болса, бұл жағдай міндетті түрде қарастырылуы тиіс. Дегенмен, фрустрациялық теорияның ортадоксальды өкілдері мұндай жағдайды сыни түрде келесідей тұжырымдайды. Мұндай жағдай орын алуы мүмкін емес, алайда, агрессияға алып келетіндігі айқын.

Өзін-өзі бағалауы социумның сыртқы бағалауымен салыстырғанда кикілжіңді сипатта болатын (бағалау төмен және өзін-өзі бағалауға сай келмейді) жасөспірімдердің өз қатарларластарымен салыстырғанда агрессияның жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленетіні осы бағытта жүргізілген арнайы зерттеулер көрсеткішінен көруге болады. Айтарлықтай өзгешелік жанама агрессия мен негативизмнің деңгейінен байқалады. Сонымен қоса, өзін-өзі бағалауы мен сыртқы бағалауы кикілжіңді қатынастағы жасөспірімдерге қоздырғыш, физикалық агрессия және реніш секілді агрессияның жоғары деңгейлері де тән [4].

Агрессивті мінез-құлықтың тағы бір түрі, кейде жасөспірімдерде де ішінара кездесетін, аутоагрессивті мінез-құлық, яғни өз-өзін құртушы агрессия. Аутоагрессия деструктивті, өзін-өзі құртушы сипатқа ие. Аутоагрессияның феномені жұмбақ болып саналады. Аутоагрессия агрессия секілді «қалыпты» адам психологиясы үшін айтарлықтай қызығушылық тудырады.

Аутоагрессия феноменінің қиындығын растайтын, жасөспірім агрессиясын көпаспектілі және кең көлемді зерттеудің нәтижесі «тұлғаның аутоагрессивті паттерні» деген түсінікті енгізуімізге мүмкіндік жасады. Осылайша, аутоагрессия тұлғалық ерекшелікті, нақты ерекшелікті көрсетіп қана қоймай, сонымен қоса қалыптастырушы және әртүрлі деңгейде әсер ететін тұлғалық күрделі кешен болып саналады [5].

Зерттеулер көрсеткендей, тұлғалық аутоагрессивті паттерннің құрамына келесідей суб-блоктар кіреді: мінез-құлықтық субблок, өз-өзін бағалаушылық субблок, интерактивті субблок, әлеуметтік-перцептивті субблок.

Аутоагрессивті паттерннің мінез-құлықтық субблогы. Аутоагрессия тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктерімен көптеген нақты байланыста. Аутоагрессия деңгейі интроверсияға, педантикалыққа, депрессивтілікке, невротикаға оң әсерін тигізсе, тұлғаның демонстраивтілігімен теріс байланыста.

Аутоагрессивті паттерннің өз-өзін бағалаушылық субблогы. Тұлға құрылымында өзін-өзі бағалау мен өзіне деген қарым-қатынас ортаңы орынды алады. Сондықтан да тұлғаның аутоагрессивті паттернде өзін-өзі бағалау блогының болуы таңданыс тудырмайды. Аутоагрессия деңгейі тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейімен және де оның жеке құрамдас бөліктерімен теріс байланыста. Егер тұлғаның аутоагрессиясы қаншалықты жоғары болса, онда жеке когнитивті мүмкіндіктерінің өзін-өзі бағалауы (есте сақтау, ойлау), дененің бағланауы (физикалық «Мен»), өзідігінен әрекет ету деңгейін бағалау мен өзбеттілік деңгейін бағалау да соншалық төмен деңгейде болады.

Аутоагрессивті паттерннің интерактивті субблогы. Аутоагрессия тұлғаның әлеуметтік бейімделуге мүмкіндігінің бар/жоқ болуымен, шағын ортада тұлғааралық байланыста жетістіктің бар/жоқ болуымен байланысты болып келеді. Аутоагрессия деңгейі, біздің мәліметіміз бойынша, қарым-қатынасқа тез түскіштікпен теріс, ал ұялшақтықпен оң байланыста болып келеді. Аутоагрессия, жоғарыда келтірілген мәліметтерден байқағанымыздай, - бұл өзін-өзі төмен бағалау мен өзін қабылдамау болып саналады. Бұл аталғандар қарым-қатынас орнатумен байланысты әлеуметтік-психологиялық мінез-құлықта қиындықтардың туындауына жеткілікті деңгейде негіз бола алады. Мұнда ұялшақтықтың жоғары деңгейі мен қарым-қатынасқа түскіштіктің төмен деңгейі тіркеледі.

Аутоагрессивті паттерннің элеуметтік-перцептивті субблогы. Аутоагрессияның болуы өзге адамдардың қабылдау ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Аутоагрессия, біздің мәліметімізше, тәжірибе негізінде өзгелердің қабылдаудағы негативизміне қатысты емес. Аутоагрессияның деңгейі дами келе өзгелерді позитивті қабылдау тенденциясы жасөспірімдер мен жастардың мұғалімдер мен ата-анасына деген қарым-қатынастарында қатты байқалады. Аутоагрессияның деңгейі «мені өзгелер қалай көредеі» деген көрініспен теріс байланыста. Субъектің аутоагрессия деңгейі жоғарылаған сайын, өзі туралы өзгелердің ойын елестетуі теріс пікірде болады. Бұл элеуметтік-перцептивті феномен жоғарыда келтірілген тұлғаның аутоагрессивті паттернінің өзін бағалаушылық субблогымен тура байланыста.

Қорыта айтқанда, аутоагрессия «реніш» бағанымен оң корреляцияланып, ал қалған аутоагрессияның өзге бағандарымен (зерттеуде суббағандар қолданылды) ешқандай корреляцияланбайды. Бұл агрессия психологиясы мәселелері ішінде аутоагрессия феноменінің ерекшелігін тағы бір айқындай түседі. Біздің топшылауымыз бойынша, Басса-Дарк әдістемелік концепциясында бегілі бір жеткіліксіздер байқалады. Бұл жеткіліксіздер «кінәлілік сезімі», «өз-өзін қабылдамау» концепцияларымен байланыстырылады. Өзін-өзі қабылдамау аутоагрессивті тұлғаның жалпы сипаттамасында өзекті болып табылады, ал кінәлілік сезімі аутоагрессияның тек қана бір аспектісін құрайды.

Осылайша, жасөспірімдік шақта агрессивті мінез-құлық пайда болуы мүмкін. Қыздар мен ұлдарда агрессивті мінез-құлықтың пайда болуы әртүрлі. Агрессивті мінез-құлықтың бір түрі аутоагрессивті мінез-құлық, яғни ол өз-өзін құртушы мінез-құлық болып саналады.

1. «Агрессия». Статья. http://optimalist.by.ru/lit/psy_enc/vv-site.shth

2. Румянцева Т.Г. Понятие агрессивности в современной зарубежной психологии. Вопросы психологии. 1991

3. Семенюк Л.М. Психологические особенности агрессивного поведения подростков и условия его коррекции. – М.: Просвещение, 1996.

4. Фурманов И.А. Агрессивность и ее проявления в детском возрасте. – Минск: НИО, 2004.

5. Мещеряков Б.Г., Зинченко В.П. Большой психологический словарь. агрессивный поведение коррекция диагностика. – М., 2002. – 637 с.

Аннотация

Ибраимова Ж.К. – Казахский национальный педагогический университет им. Абая

Особенности возникновения агрессивного поведения у подростков

В данной статье говорится об особенностях и причинах возникновения агрессивного поведения у современных подростков. В сравнительной форме даются данные об особенностях агрессивного поведения в раннем подростковом периоде: у мальчиков преобладает физическая агрессия, то есть агрессия с применением силы, а у девочек в частности встречается прямая и косвенная вербальная агрессия.

Наряду с этим в данной статье говорится еще об одном виде агрессивного поведения, которая частично наблюдается у подростков – это аутоагрессивное поведение, то есть агрессия направленная на самого себя. Для понимания природы агрессивного поведения современных подростков рассматривается не только их самооценка, но и анализ процесса оценки референтных групп.

Ключевые слова: агрессия, агрессивное поведение, аутоагрессивное поведение, подростковый период, прямая и косвенная агрессия, самооценка, саморегуляция.

Abstract

Ibraimova Zh.K. – Kazakh National Pedagogical University named after Abay

Peculiarities of aggressive behavior in adolescents

This article deals with the features and causes of the emergence of aggressive behavior in modern adolescents. In comparative form, data on the characteristics of aggressive behavior in the early adolescent period are given: in boys, physical aggression predominates, that is aggression with the use of force, and in girls in particular, direct and indirect verbal aggression occurs.

Along with this, this article also talks about one more kind of aggressive behavior, which is partially observed in adolescents – this is an autoaggressive behavior, that is aggression directed at oneself. To understand the nature of the aggressive behavior of modern adolescents, not only their self-esteem, but also the analysis of the process of evaluating the reference groups is considered.

Keywords: aggression, aggressive behavior, autoaggressive behavior, adolescent period, direct and indirect aggression, self-esteem, self-regulation.

МРНТИ 15.41.21

Р.О.Кенжетева¹

¹Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖАЛҒЫЗ БАСТЫ ҚАРТ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада жалпы қарт адамдардың және жалғыз басты қарт адамдардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері көрсетілген. Еңбектен кейінгі кезеңде жалғыздыққа апаратын себептер көрсетілген. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік, демографиялық, психологиялық, экономикалық, физиологиялық мәселелері қарастырылған. Мақалада жалғыз басты қарт адамдарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетудің маңыздылығына назар аударылған. Қарт адамдарға қызмет көрсетуді шешу үшін бірінші кезекте барлық деңгейдегі жоғары білікті әлеуметтік мамандар керек. Халықтың қартаю сияқты мәселелер әлеуметтік-демографиялық процесінің өсуімен байланысты. Олардың қажетті мұқтаждықтарын ескеруге орай әлеуметтік қызметтер жүйесін дамыту, әлеуметтік қызмет көрсету, іздеу көздері мен ресурстарды тиімді пайдалануда әлеуметтік сала үлкен роль атқарадынығы қарастырылған. Бұл мақалада әлеуметтік геронтология ғылымының шетелгі және отандық авторлар көзқарастарына талдау жүргізілген.

Түйін сөздер: қартаю, қарт адамдар, кәрілік, егде жас, әлеуметтік қызметтер, психологиялық көмек.

Халықтың қартаю сияқты мәселелер әлеуметтік-демографиялық процесінің өсуімен байланысты. Олардың қажетті мұқтаждықтарын ескеруге орай әлеуметтік қызметтер жүйесін дамыту, әлеуметтік қызмет көрсету, іздеу көздері мен ресурстарды тиімді пайдалануда әлеуметтік сала үлкен роль атқарады.

Кәрілік өзімен өмірлік стандарттарды және ауру-сырқат, сонымен қатар қиын өмірлік жағдайларды ала келеді. Егде адамдар өмірдің шеткі шекарасында қалады. Мәселе олардың материалдық қиындықтары тұрғысында ғана емес психологиялық сипаттарында жатыр. Зейнетақы жасына шығу, жақындарынан және достарынан айырылу, қарым-қатынас аймағының тарылуы – осының бәрі жағымсыз эмоцияларға, жалғыздық пен қажетсіздік сезімін тудырады. Осындай жағдай мынаған келіп тіреледі өмір сүру жасының ұлғаюы мен туу санының кемуі халықтың белгілі бөлігін егде жастағы адамдар құрайды, демек бұл арнайы егде жастағы адамдарға көмек көрсетуге арналған ұйымдардың қажет екенін білдіреді.

Психологиялық қартаю кезеңдерін Г.Х. Мусина қарастырған [1, 50 б.]. Үлкен кісілердің жантанулық қалыптасу жағдайы өзекті мәселенің бірі. Қазіргі заманда егде жастағы кісілердің мәселесі сөз болғанда олардың тек материалдық жағдайы мен денсаулығы туралығана айтылып, сол тұрғыдан қарт кісілермен жұмыс жүргізіледі. Дегенмен де қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсетуде экономикалық жағдайын да, медициналық жағдайын жақсартумен қатар психологиялық қызмет те көрсету керек сияқты.

Әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік медициналық қызмет сапасы жоғары елдерде, әсіресе дамыған елдерде қарт адамдардың әлеуметтік-психологиялық жағынан қалыптасуы мен бейімделуіне қатысты мәселелер жан-жақты қарастырылып, мемлекеттік деңгейдегі құжаттар қабылданады.

Мұндай мемлекеттерде материалдық және денсаулығына қатысты мәселелер біріктіріліп шешілсе, ал жан күйзелісінің сұрақтары кәрі адамның хал-ахауалының жағдайына қатысты жеке диагноздар қою арқылы шешіледі.

Кәрі адамдарды әлеуметтік қолдаудағы атқаралатын іс-әрекеттердің бірі өзіне-өзі қызмет ету мүмкіндігін орнына кетіруге, сонымен оны жүзеге асыруға ықпал ететін дәрігерлік, жантанулық, әлеуметтік-педагогикалық, материалдық шаралардың жиынтығынан құрала-тын, сондай-ақ олардың лайықты жақсы тіршілік құруына ықпал ететін, бұған қоса қарттардың бас бостандықтары мен олардың физиологиялық жағдайын қалыпына келтіруге ұмытылу әлеуметтік жұмыстағы оңалту үдерісі деп аталады.

Міндетті еңбек демалысына шыққаннан кейін қарт адамдар көбінесе, олардың өмірінің маңызы болған жұмысынан айырылып, дағдарысқа ұшырайды. Және бұл кезде айналасындағылардың назарынан тыс қалғандықтан да олар психологиялық тұрғыдан жалғыздыққа ұшырауы мүмкін. Бұл уақытта жанында жүрген жақын адамдардан айырылып қалуы да жиілеп, балаларымен қарым-қатынасындағы, тамақтануы мен басқалармен араласуындағы өмір салтының өзгеруі, оның жанының жабырқауына, денсаулығы мен өмірлік ұстанымжарының өзгеруіне әкеледі. Бұл әлеуметтік геронтология ғылымында үлкен өзгерістерді туғызады.

Жалпы адамдардың санының үлкеюі мен кәрілікке бейімделуі бір қалыпты болмайды. Мұндай жағдай олардың ойлау жүйесі мен санасында біркелкі болмайды. Қазақстандық геронтология ғылымында, физиологиялық үдерістер мен әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жақсы қарастырылады да, ал қарт адамдардың ішкі сана-сезімі, олардың жан дүниесі мүлдем аз қарастырылған.

Өмірдің қиындығына ұшыраған тұрғындардың айналасындағылардың өмір сүру салтына бейімделуі әртүрлі. Атап айтсақ, олар: денсаулықтың төмендеуі, зейнетке шығу, қартаю, жұбайының немесе қараушысының дүниеден өтуі, жалғыз болып қалуы, нарықтағы экономикалық тұрақсыздық сияқты өтпелі кезеңдерде, олардың өміріндегі дағдарысты шақтарда оларға қолдау қажет.

Қазірге дейін әлеуметтік қызмет көрсету мен денсаулықты сақтауға арналған ғылыми тұжырымдар халықтың денсаулық жағдайын зерттегенде бұл топтағы қарт адамдардың осы тобына аса назар аударылмай келген болатын.

Өмір сүру ұзақтығының артуымен, әр түрлі созылмалы, жан күйзелісі сияқты аурулардың алдын алу, болдырмаудың нәтижесінде қарт адамдарға әлеуметтік көмектің қажеттілігі арта түседі.

Қарт адамдардың басым көпшілігі отбасы мүшелерінің, көршілерінің, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, қайырылымдық ұйымдарының көрсетілетін көмектер мен қызметтің кең ауқымды көмегін қажет етіп отыр.

Экономикасы жақсы дамыған елдердегі қарт кісілерге көмек көрсету жүйесі – әлеуметтік жұмыс Қазақстанда ХХ ғасырдың 90 жылдарының басында қалыптаса бастады, әлі күнге дейін қалыптасу үстінде.

Осы кезең аралығында қоғамымызда халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту қатынастары кезең-кезеңімен жүзеге аса бастады. Сонымен қатар Республикада қарт адамдардың аз қамтамасыздандырылған және әлеуметтік жағдайы төмен санаттарына әлеуметтік қызмет көрсетудің белгілі бір тәжірибелері жинақталды.

Батыс елдерінің әлеуметтік геронтологиямен айналысатындарының пікірінше, әлеуметтік жұмыстың негізгі міндеті – жеке адамды, оның отбасын, болмаса, қоғамдағы орын алып отырған белгілі бір жағдайды сақтау не жақсарту, қалпына келтіру үшін керекті ресурстарының ішкі немесе сыртқы деректерімен байланыстыру арқылы мәселені шешу болып табылады деп көрсетеді.

Әлеуметтік қызмет көрсетуде ең негізгі орын алатын жұмыстардың қатарына үлкен санаттағы тұлғаларға әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламаларын жүргізетін білікті кадрларды дайындау кезек күттірмейтін мәселердің қатарына жатады.

Әлеуметтік қызметкерлердің арасында қарт азаматтар мен азаматшаларға дұрыс қарау, оларға тұрмыстық қызмет көрсетуде тәжірибенің жеткіліксіздігі талқылауға келмейді деген пікір қалыптасқан. Білікті мамандар үшін алдымен қарт және егде адамда пайда болатын көптеген психологиялық, психопатологиялық, соматикалық, әдептілік-инабаттылық проблемаларын анықтау – өздері қызмет көрсететін кәрі адамдар топтарымен қатынасу, күнделікті практикалық қызмет кезінде жұмыстарын жеңілдетуге, неше түрлі әдістермен технологияларды игеруге көмек болады. Сондықтан бұл кезеңде бірінші міндет қарт адамдармен жұмыс жүргізетін әлеуметтік сала мамандарын даярлауды кеңейту керек.

Көпшілікке белгі зат ол – кәрі адамдардағы соматикалық, психогенді, психологиялық мәселелерді бір-бірімен байланыстылығы соншалықты күрделі, тіпті оны арнайы білімін жетілдіру мен арнайы дайындықтан өту арқылы бекіту керек, өйткені егде адамдардың соматикалық және психикалық аурулар олардың жай-күйін анықтап береді.

Әлеуметтік мамандардың кез келгені немесе әрқайсысы қарт адмның мәселесін шешу кезінде шапшаңдық, дұрыс бағыт құра білу, ақылмен шешім қабылдауды талап етеді.

Қарт адамдарға қызмет көрсетуді шешу үшін де басқа да мәселелерді шешу үшін де бірінші кезекте барлық деңгейдегі жоғары білікті әлеуметтік мамандар керек.

Геронтология ғылымы мен әр түрлі әлеуметтік зерттеулер мен өмірлік тәжірибе үлкен кісілердің басқалармен қарым-қатынасы мен өздерінің өмірлік тәсілдерінде өздеріне тән ерекшелік сипатының бар екендігін айтады.

Мұндай зерттеулерде алдымен, егде адамдардың өзін толық мәндегі адам ретіндегі сенімі азайады, өзін қоршаған, бұрын араласқан адамдармен байланысы азайады, назардан тыс қалады, мына қоғамнан тыс қалып, өзінен өзі оқшауланады.

Одан кейін өмірлік тәжірибесін қажет етпегендіктен олардың ақыл-ойы мен сезімінің шектеліп қалуы. Дегенмен де қарт адам үшін, егер ол жоғары білімді, басшылық жұмыстарды атқарған адам болса, кері әсерлі болуы мүмкін, өйткені олар өздерінің өмірлік тәжірибелерін ешкіммен бөліспегендіктен, күнделікті ақпарат алудан, өмірдің басқа да ситуацияларын қабылдаудан бас тартатын болады.

Келесі, қартайған адамдарда уақыт болмысын сезінуде басқаша әдісі бар. Олар өткен өмірін еске алумен тіршілік етеді. Осының нәтижесінде олардың бойында сақ болу, ұқыпты болу, қор жинау, бір жағдайға дайын болу сияқты қасиеттер пайда болады.

Олардың мінез-құлқындағы әр түрлі ауытқушылықтар мен өзгерістер қарт адамдардың үлкейуін сезінудің өзіне тән сипаттарын көрсетеді. Қарттардың дәл осы сипаты оның жақын адамдарды жоғалтуына деген қарым-қатынасын көрсетеді.

Геронтология мәселесімен айналысқан американдық ғалымдар қарт адамдардың қартаю үдерісіне ықпал ететін алғышарттарын зерттеген. Олар қартаюдың көп түрлерін анықтап, былайша көрсетеді:

1. Қарсылық білдіру немесе регрессия – денсаулығымен байланысты күнделікті өмірде кішкентай – бала сияқты көмек көрсетуді талап ететін, тірбиенің өткен түрлеріне қайтып оралу;

2. Қиындықтан қашу – жауапкершіліктен қау немесе өмір сүретін ортасын өзгертуі;

3. Айналасындағы адамдардың өзіне деген назары мен қызығушылығын аудару;

4. Жасына және денсаулығынына қарамай қоғамдық өмірге белсенді араласу [2, 99 б.].

Американдық жантанушылар көп мәселеде қарт адамдардағы зейіндері мен жадтарының төмендеуі денсаулығының болмауымен, материалдық, сондай-ақ әлеуметтік жағдаймен де байланысты екендігін айтады. Қарт адамдарды зерттеген көптеген ғалымдар біршама тобы кәрі адамдардың өмірлік ұстанымдарының келесі түрлерін атап көрсетеді:

1. Құрылымдық – мұндай ұстанымды адамдар жас шағында ұстамды, көңіл күйі жоғары, айналысына мейірім шуағын төгіп тұратындар. Адамдардың осындай түрі қартайғанда да сабырлы болады, қиыншылықтардан, ажалдан қорықпайды, көндіге біледі. Өмірінің ақырғы кезеңдерін жақсы өткізеді.

2. Тәуелді – адамдар, өзіне де, өзгелерге де толық сенбеген, жастық шағын жігерсіз, тиіп-қашып өткізгедер. Үлкейе келе, олар өте мазасызданып, айналасындағылардан көп көмек күтеді, ол көмек болмай қалса, барлық адамға өкпелеп, өздерін бақытсыз сезінетіндер.

3. Қорғанысты – өзін-өзі қаптап, қоршауға салып қойғандар. Адамдардың мұндай түрлері ешкіммен араласпайды, жақындауға тырыспайды, өзгелерден көмек алғысы келмейді, сырыларын ішінде ұстап, өзін өзгелерден оқшау ұстайды. Бұлар қартаюды, қарттарды жек көреді.

4. Бүкіл әлемге өшпенділік – бұлардың ойынша өмірлеріндегі қиыншылықтар мен жеңілістеріне өмір сүрген қоғамды, айналасындағы адамдарды кіналайтын ашулы адамдар. Мұндай ұстанымды адамдар бір адамға сенбейді, бәргеуге тәуелді болғанды ұнатпайды, кәрілікті қаламайтындар. Өзіне және өміріне өшпенділер – жігенсіз, ешнәрсеге қызықпайтын, дағдарысқа ұшырауға бейім тұлғалар. Өмірде өзін жалғыз, ешкім керек етпейтін, өмірінің бәрін сәтсіз өтті деп есептейтіндер, ажалдан қорықпайды [3, 118 б.].

Жолдасынан, жақынан айырылу, жалғыз қалу, ақшаның жетіспеушілігі қарт адамдардың дағдарыстық жағдайға түсуіне бірден бір әсер ететін жағдайлар. Тұйықталу, уайымға бату, өзімшілдік қасиеттері қартаюға бейімделудің теріс факторы ретінде көрсетіледі. Қартаю жасы мен зейнетке шығуына байланысты адамдардың адами және әлеуметтік қарым-қатынасы да түпкілікті өзгеріп қана қоймады, оның өмірінің мәні, маңызы, бақыты мен жақсы көру, жек көру сияқты құндылықтары да өзгере бастайды. Өмір сүру салты, оның мазмұны, күн тәртібі, мақсат-мұраттарына деген қарым-қатынасы өзгереді. Жасы ұлғайған сайын өздерін бағалаудың құндылық бағытын өзгерте бастайды.

Қорытындылай келе жалғыздық қарт адамдардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерінің бірі. Кәрілік нақты өмірде – бұл көбінесе көмек пен қолдауды жиі қажет ететін кезең болып табылады. Өз қадір-қасиетін сезіну, тәуелсіздік пен көмек, осы сезімдерді жүзеге асыруға кедергі келтіретін трагедиялық қарама қайшылыққа алып келеді. Сол себепті осы санаттағы азаматтармен әлеуметтік-психологиялық жұмыс бүгінде қажет.

1. Г.Х. Мусина-Мазнова *Социальная геронтология: теория и практика: учебное пособие*. – Астрахань: Астраханский государственный университет, Издательский дом «Астраханский университет», 2012. – 192с.

2. Хрисанфова Е.Н. *Основы геронтологии: учебник / Учебник для вузов – М.: Владос, 2009. – 160 с.*

3. Яцемирская Р.С. *Социальная геронтология: лекции / Р. С. Яцемирская; Рос. Гос. социальный ун-т. – М.: Академический Проект, 2011. – 320 с.*

Аннотация

Кенжетеева Р.О. – Университет Нархоз, г. Алматы

Значение социально-психологической работы с одинокими пожилыми людьми

В данной статье рассматриваются социально-психологические особенности людей пожилого возраста, а также одиноких пожилых людей. Указаны причины, которые приводят к одиночеству в посттрудоуловый период. Рассмотрены актуальные социальные, демографические, психологические, экономические и физиологические проблемы пожилого возраста. Особое внимание уделено значению оказания социально-психологической помощи и услуг одиноким пожилым людям. Для оказания социальных услуг людям пожилого возраста необходимы в первую очередь подготовить квалифицированные кадры по социальной работе. Старение населения связано с социально-демографическими процессами. В связи с этим необходимо развивать систему социальных услуг для пожилых людей и в решении данной проблемы социальная сфера имеет большое значение. В данной статье проанализированы взгляды зарубежных и отечественных авторов геронтологической науки.

Ключевые слова: старение, пожилые люди, старость, пожилой возраст, социальные услуги, психологическая помощь

Abstract

Kenzhetaeva R.O. – Narxoz University, Almaty

The value of social and psychological work with lonely elderly

This article is about social-physiological peculiarity of elderly persons, also of single elderly people. There are reasons, that lead on loneliness at after laborer period. There are social, demographic, physiological, economic and physiological problems of elderly persons had been observed in the article.

Especially, it was indicated the meaning of social-physiological service to lonely elderly people. To make a service to elderly persons, first of all, it is necessary to prepare a specialists with high qualification in social work. The aging of population is connected with socio-demographic processes. So why it is necessary to develop a system of social service for elders and a social sphere has a huge meaning in solving process of this problem. In this article a views of state and foreign authors of gerontology had been analyses.

Keywords: aging, elderly, old age, old age, social services, psychological help

МРНТИ 15.81.21

Т.Б. Кенжебаева¹

Д.С. Жакупова²

^{1,2} Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан

БІРТҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІС БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Мақалада тұлға мәдениетінің мазмұны мен құрылымы ғылыми тұрғыда бірнеше амалдар тұрғысынан қарастырылады. Ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасап, тұлға мәдениетінің деңгейі мен оны дамыту критерийлеріне сипаттама беріледі. Болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастырудағы әлеуметтік мәселелердің көрінісі ретінде тұлға мәдениетінің мазмұны мен құрылымын талдауға қатысты кешенді ғылыми мәселелер қарастырылды. Болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастыру көпәспектiлi мәселе ретінде жан-жақты зерттелдi. Бұл мәселенің өзектi, әлеуметтік, ғылыми мәні қарастырылды. Тәрбиенің теориялық және практикалық маңызды мәселелері әдіснамалық аясында қарастырылды. Қоғамдық институттар мен құрылымдарды жаңарту үрдісінде туындайтын жаңа идеялар мен қағидалар аясында білім беру мен тәрбие мазмұнын қарастыру қажеттілігі талданды. Жан-жақты маман дайындау талаптары мен студенттің мәдени даму күйі, деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтан туындау мәселелері қарастырылды.

Түйін сөздер: мұғалім мәдениеті, оқу-тәрбие үрдісі, әлеует.

Тұлға мәдениеті өмір сүру болмысында айқын көрінеді, сондықтан адамның қызметінде, мінез-құлығында, оның адамгершілік идеалына ұмтылу жолында тұлға мәдениеті бірінші болып көрінеді. Соның негізінде тұлға мәдениетін ақыл мен рухтың зияткерлік іс-әрекеттің салдары десек те болады.

Мұғалімнің мәдениеті (оның ішкі құрылымы тұрғысынан: білім – сендіру – іскерлігі – іс-әрекет және мінез-құлық нормалары – әлеуметтік сезімдері, сонымен қатар түрі, типологиясы тұрғысынан: саяси, адамгершілік, кәсіби, т.б.) өмір сүру үлгісінің, стилінің құрылымы негізінде қалыптасады және одан әрі даму үстінде болады.

Болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастырудағы әлеуметтік мәселелердің көрінісі ретінде тұлға мәдениетінің мазмұны мен құрылымын талдауға қатысты кешенді ғылыми мәселелерді атауға болады. Сондықтан, ғылыми мәселені бірнеше амалдар бойынша қарастыруға болады. Солардың бірі – жалпыфилософиялық амал тұлға мәдениетін қалыптастырудың жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді, оның мәні мен көрінісін танытады. Ал, жеке-ғылыми амал тарапынан жеке ғылым салаларының теориясына (педагогика, дидактика, әдеп, психология, басқару теориясы, т.б.) сүйене отырып, тұлға мәдениетінің

қалыптасуын жете қарастырады; әлеуметтік-психологиялық және нақты-әлеуметтанымдық амалдар тұлға мәдениетінің қоғамдық өмірдегі әлеуметтік қызметін, шарттары мен қызметтік тетіктерін айқындап көрсетеді [1]. Аталған әрбір амалдың әрқайсысы алдына қойылған нақты міндеттерді шешуге бағытталады және сол міндеттерді әлеуметтік-гуманитарлық білім әдістерімен шешуге тырысады. Жоғарыда қарастырылған жүйелі қағидалар болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық үрдістерге жан-жақты талдау жасауды ұсынады. Мұның мәніне келетін болсақ, тұлға мәдениетінің ғылыми мәселесі (әдіснамалық аяда, жеке-ғылыми тұрғыда қарастыратын болсақ) педагогикалық мәселе аясына енеді, ондай жағдайда тұлға мәдениетінің дамуы мен терең қалыптасуы мәселелері алға шығады. Мысалы, Б.А. Зепа зерттеулерінде тұлға мәдениетінің деңгейі соңында, биік шыңында тұлғаның рухани күші мен қабілеттерінің жан-жақты даму нәтижесі есепке алынады [2]. Педагогикалық мәселе ретінде қарайтын болсақ, тұлға мәдениеті ең алдымен оның бойындағы компоненттердің өзара әрекеттестігінің бір бүтін тұтастығын құрайды.

Осы мәселені Г.Г. Квасовта құптай отырып, тұлғаны дамыту критерийлері ретінде мәдениет қызмет ететіндігін, себебі тұлғаны дамыту диалектикасына талдау жасау негізінде тұлға болмысындағы мәдениеттілік пен іс-әрекеттік ұғымдарын түсіну мәселесі жатқандығын атап өтеді [3].

Сөйтіп, болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастыру көпәспектiлi мәселе ретінде жан-жақты зерттелуi мүмкiн. Себебi бұл мәселе өзектi, әлеуметтiк, ғылыми мәні бар мәселе. Тәрбиенің теориялық және практикалық маңызды мәселелерін әдіснамалық аясында қарастыруды алға қояды. Ол үшін ең алдымен жаңа мәдениеттанымдық және педагогикалық ойлау талап етіледі. Қоғамдық институттар мен құрылымдарды жаңарту үрдісінде туындайтын жаңа идеялар мен қағидалар аясында білім беру мен тәрбие мазмұнын қарастыру қажет. Сондай-ақ жоғарғы мектеп мәдени, біліми тұрғыдан қалыптасқан маманды, өзін-өзі басқара алатын тұлғаны тәрбиелеп шығатынын ескеруіміз керек. Сондықтан бұл жерде тәрбие негізгі ынталандырушы бастама болуы тиіс. Бірақ осы басымдылық жүзеге асуы үшін жоғары оқу орындарындағы тәрбие стереотиптерін қайта жаңартып, оқу-тәрбие үрдісінің басқа құрылымын қалыптастыру қажет.

Болашақ мұғалім мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық мәселелер жан-жақты дамыған тұлға идеалы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі жеткіліксіз әрекеттер арасында туындайтын қайшылықтардан басталады. Жан-жақты маман дайындау талаптары мен студенттің мәдени даму күйі, деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтан туындайды. Осы қарама-қайшылықтарды шешу барысында ұйымдастыру-практикалық басқару, тәрбие іс-әрекеттерін ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздеу барысындағы жаңа мәселелер қосылады. Жоғарыда айтылғандай, педагогикалық қарым-қатынаста студентке оқытушының жеке тұлғалық қасиеттері елеулі әсер етеді, себебі студент үшін алғашқы идеалдың өзі сол түрлі оң қасиеттерге толы оқытушының өзі болып табылады. Студентпен оқытушы тұлғасы арасындағы көзқарастардың, пікірлердің, мінездердің сәйкес келмеуі оқытушының педагогикалық күшін жоққа шығаруы мүмкін. Сондықтан субъект-объект қатынастардың қатаң тәртібі педагогикалық өзара әрекеттестікте нәтижесіз өтуі мүмкін. Осыған орай бір адамның екінші бір адамға тиімді ықпал етуі (бұл жерде оқытушының студентке ықпал етуі) олардың ішкі тұлғалық қасиеттерімен жүзеге асады.

Тәрбиенің ізгілік қағидалары мақсатты бағытталған іс-әрекеттерді тура орындауға жол бере бермейді. Сондықтан оны күрделі, қарама-қайшылықты өзара әрекеттестік үрдісі деп тану қажет. Себебі, оқытушы тұлғасы мен студенттің, студенттік ұжым мен оқытушының, оқытушылар ұжымы мен студенттік ұжымның, студенттер мен жоғары оқу орны ұжымы арасындағы жалпы адамгершіліктік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени орта, қарым-қатынас стандартты тәртіппен бола бермейтінін ескеру қажет. Осы аталған студент үшін сыртқы күш болып саналатын түрлі қарым-қатынас педагогикалық жүйенің сыртқы элементтері ретінде орын алады. Ал ішкі элементтер қатарына – студенттің өзінің ішкі әлемі,

әлеуеті жатады. Сол әлемі арқылы оның үздіксіз таңдауы, өзара қарым-қатынасының интeриоризациясы, белсенді қабылдау, қабылдамау, белсенді қатысу, қатыспау, енжар сезімдік әрекеті, қызығушылығының артуы, артпауы сияқты әрекеттері көрінеді.

Сонымен, тәрбие үрдісінің тағы бір көрсеткіші ретінде көп жағдайда маңыздылығы бағалана бермейтін ықпал нәтижесі болуы мүмкін. Яғни студентті тәрбиелеу үрдісіндегі деңгейін айқын ашуға ықпал жасайтын оның пікірі, пайымдауы, әрекеті. Тәрбиенің мәні – мақсатты бағытталған ықпалдар емес, тұлға жасаған нәтижелі актілердің көрінісі десек те болады. Дегенмен, тәрбиеленуге негіз болатын ықпалдар тұлғаның дұрыс мінез-құлық қалыптастыруға, дұрыс әрекет етуге, өмір болмысын дұрыс қалыптастыруға алғышарт болады.

Білім беру мен тәрбиенің кез келген жүйесі білім мен рухани құндылықтарды тұлға бойына белгілі бір тәртіппен сіңіруге міндетті және оған консерватизм тән [4]. Эвристикалық жобалау мақсаттары мен білім беру, яғни репродуктивті міндеттер арасындағы қарама-қайшылықты жеңу үшін оқытушы мен студент әрекетіндегі мәдениеттанымдық үрдістерін ынталандыратын тетік қажет. Бұл жерде білім берудің мәдениеттанымдық қызметін дамыту басымдылығы туралы айту орынды. Бұнымен қоса болашақ мұғалімдерді дайындауда мәдениеттанымдық қызметтің жетекші рөлін арттыру қажет. Тәрбиенің жаңаша ұйымдастыру түрін іздеу барысында бұрынғы санада сақталған постулаттардың сарқыншағы стереотиптер ретінде орнын сақтап қалады. Мысалы, тәрбие үрдісінің өзіндегі қарама-қайшылықсыз, даусыз әрекеттер туралы түсініктер бұрынғы таным-түсінік қалдығы. Негізінен тәрбие үрдісінің қарама-қайшылығы оның дамуының қайнар көзі. Сондықтан тәрбиенің мақсаттары мен нәтижелерінің теңсіздігі, келісілген деңгейде болмауы – тарихи дамудың алғышарты, табиғи болмысы.

Кез келген тәрбие үрдісіндегі ішкі қарама-қайшылықты түсіну сол тәрбиенің мазмұны мен тетігіне терең талдау жасауға мүмкіндік береді. Тәрбие үрдісі – бұл бір бүтін күрделі мәдени-тарихи үрдістің құрамдастығы. Оның дамуы әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық себептер мен факторлардың жүйесіне негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда тәрбие (жүйе ретінде де, үрдіс ретінде де) құбылысы тоқталмайтын, мәңгілік динамикалы, басқа қоғамдық институттармен үнемі өзара әрекеттестікте болатын құбылыс. Тәрбие даму сатыларының белгілі бір кезеңдерінде өздігінен түзетіледі, әлеуметтік-мәдени координаттар жүйесіне логикалы түрде сіңісіп кету үшін бейімделеді [5]. Бұл құбылыс өз еркімен немесе педагогтің, педагогикалық ғылым өкілдерінің жеке мүдделерінен туындаған қызығушылықтан басталады. Тәрбиелеу үрдісінің әрбір кезеңі – қоғамдық даму диалектикасының бейнесі.

Педагогикалық ғылым өзінің барлық даму кезеңдерінде тәрбиенің нормативті-реттеуші қызметіне басты назар аударып отырды. Осындай тәсілдің заңды нәтижесі бойынша тәрбие тұлғаға мақсатты түрде ықпал етуге бағытталған құбылыс деп түсініле бастады. Бірақ тәрбиенің нормативті-реттеуші қызметі жетекші рөл атқармайды. Себебі белгілі бір жағдайларда ықпал етудің дәстүрлі әдіс-тәсілдері тәрбиені тиімді қалыптастыруға күші жетпей жатады. Ондай жағдайда тәрбиелеу үрдісі құлдырай бастайды. Сондықтан тәрбиенің басқа да әрекет етуші тетіктері іске қосылады. Яғни мәдени-шығармашылық даму қызметіне қатысты әрекеттері келіп қосылады. Дегенмен, тәрбиенің басты мақсаты – тұлғаны дамыту, яғни оның зияткерлік әлеуетін ашу. Тәрбие үрдісінің мазмұнын анықтайтын қазіргі теориялық ережелерді дамыту, тәрбиенің мәдени-зияткерлік болмысын ашу тәрбиенің болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуда мәдениетін қалыптастырудағы, қоғам мәдениетін құрудағы, сезімдер мәдениетін сіңірудегі рөлін анықтау болып табылады. Осы жағдайда педагогтің шешімді әрі негізгі ықпал ету құралы – жеке даралық, топтық, ұжымдық іс-әрекетін ынталандыру болып табылады [6]. Себебі, іс-әрекеттерінің сапалы ұйымдастыру нәтижесінен тәрбиенің ықпалын, тиімділігін, сапасын көруге болады.

Болашақ мұғалімнің мәдениетін жаңа талаптарға сай, яғни елдің әлеуметтік-мәдени даму деңгейіне сәйкес қалыптастыру маңызды әлеуметтік мәселелердің бірін тудырады.

Бұл мәселе түрлі деңгейде шешіледі – жалпы (әлеуметтік), ерекше (ғылыми) және бірегей (педагогикалық). Олардың тұлғаға қойылатын талаптардың өсуі мен оның шынайы талаптармен дамуы арасындағы, қоғам, өнеркәсіп, ғылым, тұрмыс мәдениетінің деңгейін арттырудағы сұраныстың артуы мен осы міндетті орындаудағы объективті қиындықтар арасындағы қарама-қайшылықтарды жою көзделеді [7].

Жоғары білім беру саласында болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастыру мәселесі әлеуметтік тұрғыдан жетілген жастардың ақиқат өмірдегі шынайы қиындықтарын бейнелей алады. Мысалы, студенттің рухани қажеттіліктерін дамытуда бүтіндік пен үйлесімділіктің жетіспеуі, адамгершілікке жатпайтын қылықтардың көрінуі, адамға деген мейірімсіздігі, мәдениет деңгейінің төмендігі сияқты. Тұлғалық мәдениетті қалыптастыру мәселесін шешу жүйелі құбылыс. Онда жастарға тән әлеуметтік-психологиялық, саяси, адамгершіліктік, мәдени, педагогтік факторлардың біртұтас ықпалы ескеріледі. Сондай-ақ білім берудің ізгілендірілуі, демократияландырылуы бүтін тәрбие кеңістігін қалыптастыру ыңғайында қарастырылады. Сонымен қатар, тәрбие стилі мен мазмұнын жетілдіру, студенттермен жүргізілетін оқу-тәрбие іс-әрекетін сапаландыруға байланысты өзгерту істері назарға алынады.

Болашақ мұғалімнің мәдениетін оқу-тәрбиелік және ұйымдастырушылық іс-әрекеттерінде қалыптастыру тәрбие теориясының мәселелерін шешуді ұсынады. Тәрбие теориясы бүтін бір болмыс ретінде ғылыми білім жүйесінде өз орнын, деңгейін анықтаған емес. Себебі, тәрбие теориясы жеке өз болмысын таныта алмайды. Ең алдымен философия, мәдениеттану, педагогика тарихы және дидактика, психология, әлеуметтік психология, әдеп және эстетика сияқты ғылымдардың байланысты салаларымен сан түрлі интеграциясыз мүмкін емес. Мысалы, қазіргі таңда тәрбие теориясын дамытуға барлық гуманитарлық ғылымдар ықпал етеді. Олардың ортақ мүддесі тұлға қалыптастыруды өзекті ету, оның қоғамдық өмірдегі гуманистік басымдылығын арттыру, оның мәдениетке ұмтылысын қалыптастыру болып отыр. Жаңа зерттеу тәсілдерін (әсіресе гуманитарлық және мәдениеттанымдық) дамытуға деген мұқтаждық, оның артынша жаңа педагогикалық әрі ұйымдастырушылық шешімдер шығару дидактика, педагогика, психология салаларына тікелей қатысты. Осы ғылым салаларының тың нәтижелерінен оқу-тәрбие үрдісінің жаңа міндеттері мен түрлері қалыптасады. Бұл құбылыстарға маман дайындаудың жан-жақты әдіснамалық қағидаларын дамыту әрекеттері де тән. Тәрбиенің мәдениеттанымдық сипаты болашақ мұғалім дайындаудың жан-жақты ұйымдастырылған рухани негізін қалыптастыру үшін қызмет ете отырып, қазіргі таңда екі мәдениеттің, яғни ғылыми және өнегелік мәдениеттің интеграциясын білдіреді.

Тәрбие сапасы – бұл тұлғаның зияткерлік, әрі шығармашылық дамуы. Оның ішінде ғылыми, әлеуметтік, мәдени ақпараттарды қамти отырып, зияткерлік әлеуетінің дамуы болып саналады. Болашақ мұғалімнің тұлғалық диапазонын, мәдениетін, білімі өрісін кеңейткен сайын, ол соғұрлым зиялы бола бастайды, соғұрлым бойындағы зияткерлік әлеуетін өнімді жұмсай бастайды. Зияткерлік әлеуеті дамыған тұлға – бұл өзінің жеке іс-әрекеттік нәтижелерінің негізгі көрсеткіші, сол жұмыстың субъектісі болады [8]. Ал педагогикалық-психологиялық, саяси, діни, моральды, тағы да басқа іс-әрекет салалары тек мәдени даму фактісі болып қалады. Бұл фактілер адам болмысына қажетті сыртқы талаптар деп танылады. Дегенмен олар адамның ішкі әлемінің мұқтаждығын қанағаттандырушы, әлеуетін жетілдіруші, дамытушы құралдар болып саналады. Сондықтан мәдениет деп тек адамға ғана тән қатынасты (өз-өзіне және өзгелерге деген қатынасы) тануымыз керек.

И.Кефелидің пікірінше, «мәдениет қатынасында мәдениеттің негізгі әлеуметтік қызметі, яғни қоғамдық дамудың нәтижесіне сәйкес адамзаттық даралық дамуы да жүзеге асырылады» [9]. Айталық бүгінгі уақытта педагогикалық-психологиялық, саяси мәдениетті қалыптастыратын міндеттер ерекше маңызы бар басымдыққа ие. Бұл міндеттер адамның өзіне моральдық және рухани құндылықтар жасауына мүмкіндік береді әрі саяси билікті

жатсынуды жеңуге көмектеседі. Мәдениеттің әлеуметтік қызметі – түрлі әрекеттердің қосындысы, яғни бұл – тәжірибе алмасу, білім алмасу қызметі, адамзатқа тән іс-әрекет нәтижелерінің өзара алмасу әрекеті. Бірақ кез келген жағдайда бұл іс-әрекет әлеуметтік тұрғыдан өнегелік даму деңгейімен сипатталады. Расында да бұл детерминация сан түрлі, сан жолды, сан қырлы, бірақ тарихи тұрғыдан нақты. Мәдениет дамуының әлеуметтік детерминациясы еңбекті дене, ақыл-ой, ұлттық, жалпыадамзаттық деп бөліп, мәдениет құрылымының құрамдас бөлігі ретінде танытады. Осы аталған детерминанттар жинақтала келе, әлемдік мәдениеттің сан алуандылығын көрсетеді және осы еңбек түрлерінің әрқайсысында өңірлік, ұлттық, этникалық, тарихи ерекшеліктер болатынын атап өтеді. Мәніне келетін болсақ, адам – бұл жоба, сол жобада адам өзін-өзі қалыптастырады және мәдениет құбылыстарымен шабыттанады. И.Кефелидің айтуы бойынша, мәдениет адам арқылы анықталады, соның негізінде мәдениеттің әлеуметтік құбылыс ретіндегі жан-жақты мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді:

- мәдениет – бұл әлемді тану және қабылдауды ұғынуға бағытталған адамның белсенді іс-әрекеті. Әлемді адамның сезімдерімен, идеяларымен бейнелеу олардың дара және қоғамдық санасында мәдениеттің гносеологиялық аспектісін танытады;

- аксеологиялық аспектіде мәдениет – бұл әлемді тану үрдісінде адамның қол жеткізген материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы. Осы құндылықтар әлемді тану, ұғыну тұрғысынан адамзаттық жетістіктердің деңгейін көрсете алады және осы құндылықтарды өзі ұғынудың арнайы нысаны болады;

- гуманистік аспектіде мәдениет – бұл адамның рухани дамуының маңызды факторы, адамның зияткерлік қабілеттерін, зияткерлік әлеуетін ашу факторы;

-мәдениет қоғамдағы адамдардың әлеуметтік қатынастарын реттеуді, сол қатынастың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мәдениеттің бұл қызметі оның әлеуметтік-нормативті сипатын танытады;

- мәдениет – тарихи тұрғыдан нақты әлеуметтік субъектінің іс-әрекеті. Белгілі бір ұйымның өзіне тән тәсілдері арқылы әлеуметтік-психологиялық қатынастардан туындайтын мәдениет болмысы жалпы мәдениеттің әлеуметтанымдық аспектісін құрайды» [9,бб.]. Әрине, мәдениеттің осы аталған аспектілері барлығы зияткерлік әлеуетті дамытуда ықпалы бар, бір бірімен өзара үздіксіз байланысты, олардың айырмашылықтарын ажыратып көрсету үшін тек терең теориялық талдау нәтижесі көмегімен ғана жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесі қатарына әлеуметтік жетілуі, жоғары кәсібилілігі, іскери және зияткерлік қасиеттері, сондай-ақ маманның адамгершілік мінез-құлқын, болмысын қалыптастыру әрекеттері жатады. Осы мәселелерді дәстүрлі деп атау себебіміз, ондағы мәселелерді шешуде тұлғаны әлеуметтендіруге бағыттайтын, маманды белгілі бір адамзаттық қызметтік өмірде жұмысын нәтижелі орындай алуына бағыттайтын идеялар негізгі ұстаным болып табылады. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту бір жағынан, компьютерлік технологияларға сүйенеді, себебі білім беру үрдісін белсенді етеді. Бұл жағдайда студент кейде компьютерлік оқыту құралдарына байланысты виртуалды білім беру кеңістігінде оқытушының рөлін де атқарады. Екінші жағынан, бұл инновациялық технологиялар мәдениеттің жаңа парадигмасымен сипатталады. Педагогикалық өңдеулер басталғанға дейін, яғни қазірге дейін адамның мәдени қызметі ретінде болмыс дүниелерінен инновациялық технологияларды қолдана алу қабілеттері түсінілді. Осындай жаңалықтар тұлғаның зияткерлік мазмұнын да өзгертті, адам іс-әрекеті табиғат күшін де бағындыра алады деген позиция қалыптасты. Демек, ХХІ ғасырдың зияткерлік әлеуеті дамыған мұғалімнің іс-әрекет мәдениетін, ой мәдениетін, еңбек мәдениетін қалыптастыру мәселесі айнала қоршаған барлық ықпал етуші факторлармен сәйкесінше ескеріле анықталуы қажет. Білім беру үрдісі студентпен оқытушының біртұтас күрделі іс-әрекетін танытады. Ондағы студентпен оқытушының ортақ мақсаты – білім, іскерлік, дағдымен қарулану, демек, оқыту – өз мәнінде екіжақты үрдіс.

«Білім беру» ұғымында қолданылатын қазіргі мағынасы XVIII ғасыр соңында жаңа гуманистер ықпалымен пайда болған. Сол кезде бұл мағына ағартушы әдістерді жақтаушылар арасындағы тәрбиелеу техникасына қарама-қайшылықта адам қалыптастырудың жалпы рухани үрдісі дегенді білдірген. Сол уақыттан бері аталмыш ұғым одан жоғары кең мағынаға ие болды. Әдетте жалпы білім беру туралы мектепте берілетін білім және арнайы білім беруді (мысалы, ғылыми, музыкалық, техникалық) айтады. Арнайы және кәсіби білім беру жалпы білім берумен тікелей байланысты болса, түпкі мағынасын қарастырылуы мүмкін.

Білім берудің мақсаты, соған лайықты талап етілетін білім деңгейі секілді мәдениет, ұлттық ерекшелік, географиялық және әлеуметтік орта, тарихи өзгерістерді өткеру (аксүйектік білім алу, батыстық білім алу, утилитарлы, гуманитарлы, саяси білім алу, т.б.) сипаттарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Білім беру адамды тұлғасыздандыратын қарсы күштерден қорғаушы ретінде кез келген қоғамда әрбір адамның, сондай-ақ бүтін қоғамның өмірлік мәселесі болып отырған [10]. Өз кезегінде білім беру әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы педагогикалық, әлеуметтік, мәдени сияқты бірқатар қызметтерді орындайды. Осы қызметтерді жете қарастырайық. Білім берудің педагогикалық іс-әрекеті қажетті білім мен іскерлігі бар маман мен қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымын қалыптастырудан құрылады. Білім берудің әлеуметтік қызметі тұлғаны әлеуметтендіру үрдісін атқарумен танылады, яғни қоғамның әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәртебелі құрылымын қалыптастыруға қатысады. Білім берудің өзі әлеуметтік қабаттар арасындағы әлеуметтік араласудың маңызды құралы. Білім берудің мәдени қызметін индивидті әлеуметтендіру үрдісінде бұрын жиналған мәдени құндылықтарды пайдалануды көздейді. Сол арқылы индивидтің зияткерлік қабілеті мен зияткерлік әлеуетін қалыптастырады. Білім беру тұлғаның мінез-құлқына, тәртібіне ықпал ететін маңызды фактор ретінде көрініс табады және осы факторлар эмпирикалық зерттеулерде қатаң ескеріледі. Қазіргі әлемде білім беру рөлін арттыру ғылыми-технологиялық жайттарды өрістетуге тығыз байланысты. Білім беру жалғастығының өсуі қоғамдық кезең мен өмір салтының құрылымын өзгертеді. Бірақ жастардың физиологиялық және әлеуметтік жетілу арасында қарама-қайшылық пайда болып, оның білім беру кезінде келіп қайшылануы еңбек өмірінде бірқатар теріс әлеуметтік салдарына душар болуы себеп. Кейін ол инфантилизм мен тұтынушылықта айқын көрініс табады. Сондықтан оқыту үрдісінің өзінде үдету қажеттілігі қаулап келеді.

Негізгі нысаны білім беру болған әлеуметтік білім негізін қалаған Э.Дюркгейм мен М.Вебер болатын. Олар білім берудің әлеуметтік қызметін зерттеді, білім берудің педагогикалық, саяси үрдістермен байланысын қарастырды, сондай-ақ оқу ұйымдары мен педагогикалық үрдістер де олардың зерттеу нысаны болды [11,12]. Т.Парсонс білім беруді тұлғаны әлеуметтендіру институты ретінде зерттеуді және оқу ұйымдарын оның элементі ретінде, яғни әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруды ұсынды [13].

Білім беру үрдісіндегі тұлғаны әлеуметтендіруші, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың қуатты құралдардың бірі – оқу үрдісін компьютерлендіру болып табылады. Қазіргі таңда білім беру ісін компьютерлендірудегі бірнеше үрдістерді ажыратып көрсетуге болады. Олардың бір бағыты технология мен білім беруді дамытуға байланысты. Бірақ мәніне қарай кез келген технология (соның ішінде бағдарламаланған оқу әдісі де) өзінің шексіздігінен бас тартады. Бұған қоса қазіргі оқу орындарында технологиялыққа емес, шексіздікке деген қатынастың жоқтығы байқалады.

Келесі бағыт мультимедия құралдарын дамытуға қатысты. Мультимедия құралдарын көп жағдайда «виртуалды ақиқат» ұғымымен байланыстырады (парадоксалды жағдаят туындайды: студент алдымен шынайы болмыстан ашылады, содан кейін соған виртуалды ақиқат арқылы қайта оралады. Бұндай әдісті нашар қолданумен салыстыру мүмкін емес. Осыларды негізге ала И.М. Макаров келесі тұжырым ұсынады: оң қасиеттерімен қатар жасанды зияткерлік ЖОО студенттеріне бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі [14]. Бірақ оларды тым әсірелеуге болмайды. Себебі өркениет әрқашан белгілі бір жаңалықтардың

ашылуы арқылы дамыған. Содан кейін сол жаңалықтардың теріс қырларынан дағдарысқа ұшырап отырған. Егер амбиваленттілік қағидасын дұрыс қатаң сақтайтын болсақ, яғни құбылыстың белгілі бір қырын абсолюттендірмей, онымен қатар қарама-қарсы қырын да дамытатын болсақ, осы табиғи қалыпты дағдарысты жеңілдетуге болады. Бұл дегеніміз компьютерлендірудің тәрбиелік әлеуеті тек мүмкін нәрсе емес, ол тіпті пайдалануды қажет ететіндігінде. Компьютерлендірудің тәрбиелік әлеуеті, яғни білім беру үрдісіне жасанды зияткерлікті енгізу студент пен оқытушының өзара қарым-қатынасындағы тәрбиелік, әлеуметтену іс-әрекеттерін біріктіру мүмкіндіктерімен негізделеді. Қазіргі таңда осы үрдістерді әлеуметтік білімде таңбалау үшін «тәрбиелеу кеңістігі» сияқты жаңа ұғым қалыптасып келеді. Онда маңызды феномен ретінде педагогикалық шынайы болмыс көрініс табады. Тәрбиелік кеңістік саналы, сондай-ақ интеграциялаушы әрекеттер нәтижесі. Тәрбиелік кеңістік тұлғалық дамудың бойында бар факторлар ретінде қарастырылады. Бүтін тәрбиелік кеңістікті қалыптастыруға қатысты жинақталған тәжірибелердің негізінде жоғарыда аталған авторлар мынадай тұжырым жасайды, тәрбиелік кеңістікті құрудың бірнеше үлгісі бар, олардың тиімділігі сол аймақта қалыптасқан жағдайға байланысты болады:

- ортаның ерекшелігі – қоршаған ортаның географиялық, тарихи, мәдени дәстүрлері;
- жоғары тәрбиелік әлеуеті бар білім беру ұйымдарының болуы;
- осы кеңістікті тек әлеуметтік талапкерлердің даралық көмегімен қатар, билік құрылымдары арқылы ұйымдастыру жайттары.

In the united environment we can observe how each individual specifies and chooses the different objects of identification and allocate them to himself (H.Heft, L.Maxwell, S.Clayton). Ones decide to be an actor, other ones – to be a mother of a big family or to be a president, another one decides to be a cooker. By V.V.Kozlov, the expansive tendency of individual is being figured out, on a scale of chosen objects and goals.

Lifestyle and occupation variety of women show the large discretion and self-fulfillment variability that appear nowadays. The scale of chosen objects defines the potential scale of fulfillment of individual, and its specification (the quality of objects) defines penchant for self-fulfillment. For example, a mother-heroine is a perfect example of the self-fulfillment in motherhood, or, a company president is a good example of expansion of individual in social space.

Acquisition of the environmental objects is the instrument of self-fulfillment, and difficulties with self-fulfillment can be judged in the context of appropriation of taken objects with values of individual.

The research of the self-fulfillment characteristics of women is conducted in several stages. In the first stage of research we led the psycho-corrective trainings for participated women with the problem in different spheres of self-fulfillment. The object of the research: the social-psychological characteristics of women self-fulfillment in connection with their integrative status (main social role). Focus group: women with different structure of social roles (traditional, professional and mixed) within 27-35 years, all are 47 women.

On this stage of research we used mainly methods of good quality: questionnaire, conversation, social-psychological training based on methodology of the integrative psychology, inner observation (self-observation), overt observation, stories about yourself in oral (biographic method), analysis of the results of trainings.

Selection for the training program was conducted on the results of the questionnaire. The criterion of the selection was women’s understanding of their psychological troubles in fulfillment of their social roles and dissatisfaction in self-fulfillment. The respondents who had low or average level of satisfaction with their lives were offered to participate in the training program to revise self-fulfillment in different fields of life, actualization their values and fulfill those values in life. Psychological troubles were experienced by participants in varied degrees: from the frustration of some needs to deep crisis. Groups were formed on the principal of including in it women with traditional, professional and mixed (which combine family and professional roles) types of structure of social roles.

Methods of this stage: questionnaire, conversation, social-psychological training based on methodology of the integrative psychology, inner observation (self-observation), overt observa-

tion, stories about yourself in oral (biographic method), analysis of the results of trainings. All the outcomes of this stage of research are reflected in Master's Research Paper "The social-psychological characteristics of self-fulfillment of women" and in the articles [5, 6, p.54-57].

The key findings on the first stage of research:

1. Peculiarities of the women Integrative status (IS):

a) IS, at least, coincides with one of the woman's roles which is considered to be as a meaningful in this stage of her life.

b) Women's IS changes during living and undertaking new gender roles. 42,5% of women in the selection had changed all three main types of structure of social roles within 5 years. These data is consistent with the results of foreign researchers (G.Shikhi) about that familyhood-oriented women at the age of overpassing 30 years start to set and achieve their professional goals in a greater extent. At the same time, as a rule of thumb, those who worked hard all that time try to put their energy into the field of marriage and family.

c) Role position and integrative status of woman who combines in herself different roles is very dynamic. With her family she is a mother and wife, at work – she is a professional. The correlation of these roles in woman self-consciousness defines her integrative status (main representation).

d) Transformation of woman's IS can occur by varied internal and external reasons: a) biological factors; b) social-economic factors such as enforced leave, losing or getting a new social status; c) psychological factors such as changing of needs and motives of the activity in consequence of realization of an old motives of individual development.

e) Women's IS with several roles can be called "combinative". In temporal relation a woman might be much busier with out-of-family roles, but her main purpose and value is only material welfare of her family.

f) IS and 30-year-crisis. Blur and variability of women's IS assists to internal role conflicts and exacerbate the passing of 30-year-age crisis. IS and a structure of social roles are being transformed during the period due to the crisis of previous way of existence, unachieved goals and intentions, influence of social and biological factors.

2. Assignment of the identified problems of the three groups of women: traditional, professional, mixed – are reflected here.

From 20 to 23,3% of selection have a role conflict of the operating woman and crisis of the integrative status, the divorced women raising children aim to establish a complete family (mixed type). The same quantity of women of the professional type has a crises of their integrative status of the professional and feel neediness in a family. An after-divorce syndrome (mixed), crises of traditional roles, intension to extension of spheres of implementation (traditional), crises of professional implementation and search of a new field of professional realization (professional), psychological states caused by adaptation to new roles of mother and the wife (traditional) are presented in 7 – 9% of the selection. Only 2,1 – 4,2% of selection (traditional type) have a rejection of the wife and/or mother's roles and after-divorce syndrome (the woman become chapter of an incomplete family).

It is possible to refer crisis of the current integrative status which is shown in desire to expand or change the sphere of implementation to a perspective, universal for all structures of social roles' owners. This crisis is revealed in group of the professional implementation by women as feeling of emptiness, uselessness, a female implementation failure, and the woman with crisis of the integrative status "mother" or "wife" opposite, can feel frustration, the internal conflict because of an implementation failure as persons as professional.

The most expressed psychological sex roles' conflicts were revealed at the group of the mixed and professional implementation representatives. The women who are implemented in traditional patriarchal model of women's self-realization (IS – a wife and a mother) showed the low level of the internal conflicts, that can be explained by the definiteness and traditional character of their life's model.

There are psychological problems specific to different types of role structures. For example, “the conflict of the working woman” was revealed only in group of the mixed type, mainly in subgroup with a priority of family roles.

The following psychological problems can be general for all types: the crises connected with transitional conditions, change of roles: after-divorce crisis, development of new roles, a problem of acceptance of a role. The after-divorce syndrome can be considered in the context of our approach as a method of adaptation to change of a social role and the status.

The methodology of the training approved by us created on model of a work with crisis conditions (Kozlov V.V.) confirms the efficiency of work with the personal values as a basis of psychological assistance during the work with the crisis personality.

Methodology of the second part of the research.

Next step of the studying is a development of research methodology of personal factors which promote woman self-realization in the early adulthood period. This age isn't so fully studied as, for example, the middle life crisis period, age of participants was limited 25 – 31 year according to the object of the research. The woman already gained a certain social experience to this period and it's possible to see the life pathway, certain achievements and difficulties of her self-realization.

Object of the research: personal factors of self-realization of women with various integrative status in the period of an early adulthood.

The methodology of the practical part of this research includes carrying out questioning, focus group as high-quality method, and also poll with use of a complex of the techniques directed to research personal qualities and properties, markers of self-realization of the personality as a quantitative method.

The profound questionnaire for data collection including a number of biographic questions and also open questions for a research of those aspects which are not possible to study by means of the standardized questionnaires was developed.

The questionnaire allows to collect data on objective indicators of vital model of the woman: age, age of withdrawal from a parent family, duration and quantity of the couple relations, professional training, beginning of work and marriage time, reproductive behavior, quantity of children, the integrative status (the main social role), material independence and some other.

Besides, the questionnaire contains a number of questions on a reflection the woman's life, her achievements, qualities, priorities and values. This questionnaire is the instrument of introspection and updating of a reflection on woman self-realization.

As quantitative evaluation methods of personal factors of self-realization at women seven methods were offered: A scale of dispositional vitality (Frederik, Ryan in Alexandrova L.A. adaptation); The Vital Purposes test E. Disi, R. Ryan (The Rochester University, the USA) in N.V. Klyueva and V.I. Chirkov's modification; Diagnostics of strong-willed potential of the personality; Self-assessment of masculine-feminine identity [7, p.117]; The Test the sense of life orientations, in D.A. Leontyev's adaptation on the basis of the Purpose-in-Life Test, PIL by James Krambo and Leonard Makholik; The Riff's Scale of psychological wellbeing, by Lepeshinsky N. N. interpretation; Subjective Psychological Space Test of Nartova-Bochaver S.K. [8, p.134].

The method of focus-group is chosen for the proper understanding and interpretation of the biographical answers and quantitative data obtained in an analysis result of questionnaires, and represents the group depth interview based on results of questioning.

Novelty of the research is use of the theory and methodology of integrative psychology of V.V.Kozlov in the self-realization factors' analyses, creation of the author's questionnaire on collection of information about the issue; and also in use of a questionnaire «A sovereignty of psychological space» of S. K. Nartova-Bochaver, for the first time features of self-realization will be considered in connection with the level of a psychological sovereignty of the personality.

1. Kocharyan A. S. *The personality and gender role (the masculinity/femininity complex at normal and pathology)* / Kocharyan A. S. – Kharkiv: Basis, 1996. – 127 pages.
2. Kozlov V.V. *Social work with the crisis personality* Tekst. / Kozlov V.V. Yaroslavl, 1999.
3. Shikhi G. *Age crises: Yuventa*, St. Petersburg, 1999
4. Korostylyova L.A. “*Psychology of self-realization of the personality: difficulties in the professional sphere*” – SPb, Rech Publishing house, 2005. – 222 pages.
5. Sidorova L. *To a question of a methodological basis of researches of social roles of women//Psychology of the century XX T. 2 / By Kozlov V. V. edition – Yaroslavl, MAPN, 2008, 197 pages.*
6. Sidorova L. *Research of features of social roles of young women in the context of integrative psychology of Kozlov V.V. Herald of INTEGRATED PSYCHOLOGY // Sat. Based on the international symposium of the IAPSP “Psychology of the XXI Century” in Bukhara, 2016 – 284 p. (54-57 p.)*
7. Fetiskin N. P., Kozlov V. V., Manuylov G. M. “*Social and psychological diagnostics of development of the personality and small groups: Manual*” – Moscow, 2002.
8. Nartova-Bochaver S. K. *Psychological space of the personality. Monograph.* – M.: Prometheus, 2005.

Түйіндеме

Сидорова. Л.С. – Тұран Университеті

**Әйелдердің ерте есею кезеңіндегі өзін-өзі жүзеге асырудағы ерекшеліктері:
мәселесі және зерттеу әдістері**

Бұл мақалада әйел адамдардың ерте есею кезеңіндегі өзін-өзі жүзеге асыру ерекшеліктері мәселесін ортаға салып отырмыз. Сонымен қатар, түрлі құрылымдағы әлеуметтік рөлдерге ие әйелдердің психологиялық қиыншылықтарының ерекшелігі туралы мәлімет жинақталған зерттеудің бірінші кезеңінің нәтижесі беріліп отыр және тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру факторларын өлшеудің сандық және сапалық әдістерінен тұратын зерттеудің екінші бөлігінің әдістемесі берілген. Психологиялық көмекке жүгінушілердің көбісі қилы себептермен психологиялық күйзеліс кезеңінде жүрген әйел адамдар болып табылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі әйел затының заманауи қоғамдағы өмірінің мүлде жана әдісінен туындап отыр. Әйелдің қоғамдағы орны мен рөлінің өзгеруі әйел өмірінің фрагменттілігі және қарама-қайшылықтарымен тығыз байланысты, өйткені қазір әйелдің тым көбейген іс-әрекет аясы оның баяғы жалғыз ғана “ана-жұбай-үй иесі” рөлінен асып, тұрақсыздандыруға алып келді.

Түйін сөздер: әйелдердің өзін-өзі жүзеге асыруы, ерте есею кезі, интегративті мәртебесі, жеке тұлғалық факторлар, гендерлік ролі, 30 жас күйзеліс.

Аннотация

Сидорова. Л.С. – “Turan” University

**Особенности самореализации у женщин в период ранней зрелости: постановка
вопроса и методы исследования**

В данной статье поставлена проблема исследования особенностей самореализации у женщин в период ранней зрелости. Также приведены результаты первого этапа исследования, включающие данные по особенностям психологической проблематики у женщин с разной структурой социальных ролей (интегративным статусом) и методология второй части исследования, включающая качественные и количественные методы измерения личностных факторов самореализации. Кризис 30 лет завершает период ранней зрелости и сопровождается осознанием конечности времени жизни, пересмотром целей, признанием собственных ограничений и перспектив, необходимостью принятия одних выборов за счет других. К универсальной для всех структур социальных ролей проблематике можно отнести кризис текущего интегративного статуса, который проявляется в желании расширить или изменить сферу реализации. Наиболее выраженные психологические полоролевые конфликты были выявлены у представительниц группы смешанной и профессиональной реализации.

Ключевые слова: самореализация у женщин, ранняя зрелость, интегративный статус, личностные факторы, гендерная роль, кризис 30 лет.

МРНТИ 15.81.70

Н.Ү. Бегалиева¹

Б.М. Алипбаева²

^{1,2}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ДЕНЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ТЕРАПИЯНЫҢ МӘНІ МЕН ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада психология мен психотерапияның қазіргі кездегі бағыттарының бірі – денеге бағдарланған терапияның мәні мен өзіне тән ерекшеліктерін қарастырылады. Осы мәселені терең зерттеген, денеге бағдарланған психология мен психотерапияның негізін қалаушы Вильгельм Райхтың тұжырымдамасы жан-жақты талданады. Мақала шеңберінде осы бағыттың негізгі өкілдері болып табылатын А.Лоуэн, Ида Рольфтің, М.Александр, М.Фельденкрайздің көзқарастарына салыстырмалы талдау жасалады. Сонымен қатар, денеге бағдарланған терапия мәселесімен айналысқан басқа авторлардың тұжырымдамалары да кеңінен баяндалады. Денеге бағдарланған терапияны қолдану адамның өміріндегі ең басты-жан мен дене, ақылдың өзара терең байланысын сезінуге мүмкіндік беретіндіктен оның нақты қолдану аясына да көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: дене, бұлшықет сауыты, қорғаныш сауыты, тәннің символикалық тілі, биоэнегетика, тәннің ширығуы, босансу.

Кіріспе. Денеге бағдарланған терапияның өкілдерінің айтуынша, адамда болатын барлық 90% психикалық ауруларды оның денесіне әсер етуі арқылы емдеуге болады, сонымен қатар психосоматикалық бұзылыстар мен көптеген аурулар адамның бұлшықетінің қысылуынан пайда болады. Денеге бағдарланған терапияны қолдану, адамның өміріндегі ең басты-дене, жан мен ақылдың өзара арақатынасын сезінуге машықтандырады.

Денеге бағдарланған терапия жеке тұлғаның дамуына, оның сезімін, ақыл және дене сезімінің қалыптасуына көмектеседі, олардың арасындағы жоғалған және жетіспейтін сілтемені қалпына келтіреді, сенім мен өмір органының толық байланыста болуына жағдай жасайды және де жеке өсуіне, адамның біртұтас дамуына бірегей және тиімді әсер ететін тәсіл болып табылады.

«Дене» түсінігі – денеге бағдарланған терапия кілті. «Дене» – бұл, ядро ғана емес (нақты орган), сондай-ақ, оның уақытша өлшемі (өткен, қазіргі және болашақ) және сан түрлі құбылыстарды, соның ішінде өзегінде кеңістік, сана, мақсаты болып табылады. Өте маңызды фактың бірі, дене – адам өмірінің негізгі мәні болып табылады және өмір процестеріне өте маңызды рөл атқарады. Дене – құрсақтағы бала өмірінің бастамасы. Адам денесін дамыта отырып шындыққа жол тартады. Кейінірек орган жеке тұлға үшін негіз және оның сана ретінде «Мен» деп қабылданады. Бұл дене – сезгіштік тәжірбиесі психикалық даму мен өзін-өзі тану негізі болып табылады [1].

Негізгі бөлім. Денеге бағдарланған психология мен психотерапияның негізін қалаушы Вильгельм Райх (1897-1957) З.Фрейдтің шәкірті, оның ең алғашқы клиникалық ассистиенті. 1924 жылы Райх алғашқы оқыту психоаналитикалық институты – Психотерапия семинарының директоры болды. Ол адам ағзасының функционалды бірлігін теориялық түрде негіздеуге алғашқы рет ұмтылыс жасады.

Денеге бағдарланған терапияның негізгі өкілдері *Александр Лоуэн, Елсворт Бейкер, Ида Рольфтің, Матиас Александр, Моше Фельденкрайз, Артур Янов* және басқалар.

В.Райх өз зерттеулерінде З.Фрейдтің психоаналитикалық теориясына сүйенген. Оның алғашқы жаңалықтары мінез және бұлшықетті сауыт түсініктеріне негіздеген. Мінез ұғымы алғашқы рет 1908 жылы Фрейдте пайда болды («Мінез және анальді эротизм»). Райх осы

саладағы зерттеулерді жалғастырды және емделушімен жұмыс жасауда олардың симптомдарын талдаудың орнына мінездің табиғаты мен сипатын түсіндірген алғашқы талдаушы болды. В. Райхтың пайымдауынша, мінез-құлық балада жазалау қорқынышымен қатар жүретін қарқынды сексуалды сезімдерден туындайтын мазасыздықтарға қарсы қорғаныс құралы деп есептеді. Бұл қорқынышқа қарсы қорғаныс – нәтижесінде тұрақты, автоматты түрде әрекет ететін және өзін-өзі қабылдау мен тәннің бірлігін сезінуді бұза отырып, мінез ерекшеліктеріне ұласып кететін өзімшілдікті басу [1].

В.Райх жеке тұлғаның мінезінің физикалық аспектілеріне, әсіресе, өзі бұлшықетті сауыт деп атаған созылмалы бұлшықетті қысымдарға назар аударудың маңыздылығын айрықша баса айтқандардың алғашқысы болды. В. Райхтің пікірінше, «...бұлшықетті және мінезтану ұстанымдары рухани механизмде бірдей қызмет атқарады, бір-бірін алмастыра алады және өзара ықпал ете алады. Түптеп келгенде, олар бір-бірінен ажырағысыз және атқаратын қызметтері бойынша ұқсас». Ол адам тәніндегі тұрақты бұлшықетті қысымдарды оның мінезімен және ауыртпалықты эмоционалды тәжірибеден қорғау түрімен байланыстырып, «бұлшықет сауыт» теориясын дайындады. Райх бұлшықетті сауытқа тікелей әсер ету керек деп есептеді. Ол өзі «мінез талдауы» деп атаған өзінің талдаулық түсіндірмелерін өзі «вегетотерапия» және «биофизикалық қызмет саласындағы мінездің талдауы» деп атаған қорғаныстық бұлшықеттерге тікелей әсер етуден ерекшеледі [2].

Алдымен В.Райх мінезді психологиялық терминдермен сипаттады, кейіннен мінездік қарсылықтардың түрлі формаларын бұлшықетті сауыттың ерекше паттерндерімен байланыстыра бастады. Ол созылмалы бұлшықетті қысымдар үш басты эмоционалды жағдайды бұғаттайды деп есептеді: мазасыздық, ашу және сексуалды қозу. Қорғаныш сауыты адамның сезімдерін білдіруін шектеп және бұрмалап, оған күшті эмоцияларды бастан өткіздіртпейді. Осы қорғаныш сауыты адамның қоршаған адамдармен және табиғатпен үйлесімде толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіріп, тұлғалық өсу үшін кедергі болып табылады.

В. Райхтың бұлшықет сауыты туралы тұжырымында, бұлшықет сауыты психологиялық сауытқа сәйкес келеді, сондықтан да бұлшықет қысымынан босану мен бұлшықет сауытын ашу шектелген либидоздық күш-қуаттың босаңсуына ықпал етеді және психоанализ үрдісіне көмектеседі, – дейді.

В.Райх бойынша терапия, көз, ауыз, мойын, кеуде, диафрагма, іш және бөксе деңгейінде пайда болатын жеті негізгі қорғану сегменттерінің *сауыттарын босатудан* тұрады. Босату жоғарыдан төменге қарай жүргізіледі (көбіне кушеткада жүзеге асады). Осылайша, Райхтің психотерапевтік идеяларының мәні адам санасының қалыпты қызмет етуін қиындататын қорғаныш механизмдеріне тәнге тікелей әсер етіп қарсыласуға болатынынан тұрады. Ол белгілі бір бұлшықет топтарының созылмалы қысымын төмендетуге мүмкіндік беретін және сол арқылы осы қысыммен тоқтатылған эмоциялардың босатылуын шақыратын арнайы терапевтік әдістеме дайындады [3].

В.Райх бұлшықетті сауыттың босаңсуы айтарлықтай либидозды энергияны босататынын және психоталдау үдерісіне көмектесетінін байқады. Ол емделушіге өзінің түрлі дене мүшелеріндегі тіршілік сезімдерін қалай тұншықтыратынын сезіндіру үшін оның дене күйін және оның физикалық әдеттерін толық талдады. В. Райх қысымды жақсырақ сезіну және тәннің осы бөлігімен байланысты эмоцияны анықтай үшін емделушілерге белгілі бір қысымды күшейтулерін өтінді. Тұншықтырылған эмоция емделушімен қабылданып және өзіндік көрінісін тапқаннан кейін емделуші өз қысымынан толықтай бас тартуына болатынын байқады. Біртіндеп Райх қысылған бұлшықеттерді онда байланған эмоцияларды босату үшін оларды қолымен уқалап, тікелей жұмыс жасай бастады.

В. Райхтің ғылыми қызығушылықтарының өсуін қарасақ, олардың тек сөздік тілге сүйенген талдау жұмысынан мінез бен бұлшықет сауытының психологиялық және соматикалық аспектілер зерттеуіне, одан кейін тек қана ағзадағы биологиялық энергияның еркін ағысын қамтамасыз етуге бағытталған бұлшықетті қорғаныш сауытымен жұмыс жасауға назар аударуға дейін дамығанын байқаймыз.

Мұнда В.Райхтің зерттемелерінде адамның бұлшықет жүйесін оның мінезтану ерекшеліктерімен байланыстыруға деген ұмтылыс бірінші рет байқалатынына назар аудару қажет. Осылайша, бұлшықет жүйесі қайсыбір индикатор, ішкі психоэмоционалды жағдайдың көрсеткіші ретінде көрініс табады. Райхпен дайындалған бұлшықетті сауыт теориясы адамның тәні мен психикалық мінезінің өзара ықпалдастығы мен өзара себепшілігі идеясын ары қарай дамытудың негізі қызметін атқарады.

В.Райхтің шәкірті және оның ізбасары *Александр Лоуэн* биоэнергетикалық талдау деп аталған теорияны даярлады. Биоэнергетика өз ойын білдіруге қол жеткізу және тәннің энергетикалық әлеуетін жұмылдыру арқылы адамның «бастапқы мәнін» қалпына келтіруге бағытталған. Лоуэн адамның өз тәнінің қажеттіліктеріне деген сергек қатынасы оны өзінің «бастапқы мәніне» жақындатады және көп адамдарға тән өзін және басқаларды жатсынды азайтады деп есептеді. «Бастапқы мән» дегеніміз – қайнар көзі қозғалыс еркіндігі және тәнде қысымның болмауы болып табылатын өмірден ләззат алу.

Биоэнергетиканың тамыры В.Райхтің тәнмен жұмыс техникасында жатыр. Ол мінез талдауындағы тәннің рөліне орталықтандырылған және өзіне дем алудың райхиандық техникасын, эмоционалды азаттықтың райхиандық техникаларының көпшілігін, тәннің энергетикалық құрсауланған бөліктері үшін қиын қалыптарды қосады. Биоэнергетикадағы психологиялық жұмыс арнайы қалыптардағы терең тыныс алу аясында қызу бұлшықеттерге жанасуды және қысымды пайдаланады. Клиент тәнді сезінуді кеңейтетін, ішкі сезімдермен пайда болған дәлдікті және психофизикалық интеграцияны дамытатын жаттығуларды орындайды.

А.Лоуэннің есептеуінше, адам өз тәнінен сезінетін және қозғалыста шығарылатын сезімдер өз эмоционалды халін түсінудің кілті қызметін атқарады. Мәселе адамдардың өз тәнінің белгілерін елемеуге дағдылануында. Олар жай ғана оны байқамайды. Адамда биологиялық энергия бар екендігі туралы постулатқа сәйкес, психологиялық мәселелер жиынтығы биоэнергетикада ағзаның энергетикалық алмасуының түрлі бұзылымдарымен түсіндіріледі: энергияның шоғырлануымен, жетіспеушілігімен немесе қайта бөлінуімен, тоқтатылуымен және т.с.с. А.Лоуэннің пікірі бойынша, невроз, торығу және психосоматикалық бұзылудың себептері тәндік шырмалушылық, энергетикалық үдерістердің бұзылуы және тұлғаның өзгеруіне әкелетін, адам ағзасындағы энергияның еркін ағысын құрсаулайтын созылмалы бұлшықетті қысымдар түрінде көрініс табатын сезімдерді тұншықтыру болып табылады [4].

А.Лоуэн адамның өмірге деген қарым-қатынасы мен оның мінез-құлқы оның дене бітімінде, дене тұрысында, ишаратында қамтып көрсетіледі және адамның физикалық параметрлері мен оның мінезі мен тұлғасының арасында тығыз байланыс бар деп есептейді [5].

Есейген тұлға тең дәрежеде өз сезімдерін білдіруді бақылай алатын да, және ішкі себептермен пайда болған ағысқа беріліп өзін-өзі бақылауды жоғалтып алатын да жағдайда. Дені сау адам «өзінің негізімен байланыста» болады және өмірден ләззат алады. Науқас ағада бұлшықетті қысым түрінде көрініс табатын және тәнде қысым зоналарын туындататын тән ебедейсіздігі кедергі келтіретіндіктен энергияның еркін айналымы жүрмейді. Терапия қысымды физикалық жаттығулардың және осы зоналардың құрсауын жоюға, бұлшықетті сауытты босаңсытуға бағытталған белгілі бір дене қалыптарының көмегімен босатуды қамтамасыз етеді [6].

Мұнда ерекше назар аударатын нәрсе, В.Райхтің идеясын дамыта отырып, А.Лоуэн өзінің терапевтік тәжірибесінде басты назарға адамның халіне белгілі бір қалыптарды қабылдаумен, кеңістіктегі тәннің орнымен, және де тәннің қозғалысымен оның тәніне әсер ету арқылы ықпал етуді алды, бұл қысылған бұлшықет топтарын босатудың және тұлғаның үйлесімсіз көріністерін жоюдың кілті болып табылады.

Ф.М. Александердің әдісі – бұл тәнді қысымнан барынша босату мақсатында тәнімізді тиімді басқару үшін ойлауды саналы түрде пайдалану тәсілі. Ф.Александердің пікірі бой-

ынша, адам белгілі бір жағдайға мән берген соң қайта тыныштық жағдайына келе алмайды. Әдетте жартылай босансу ғана орын алады және теориялық тұрғыда байсалды босансу жағдайына оралған кезде қысым жоғалып кетуі тиіс болғанымен бұлшықеттердің қалған қысымы жасырын түрде сақталады. Аталмыш тәсіл шеңберінде ауру ағзаның тепетендігін жоғалтуы ретінде қарастырылады. Әдіс адамның саналы түрде дағдылы сымбат пен жылдар бойы қалыптасқан әдетті түзете және босансыған бұлшықеттерден осы сәттегі бұлшықеттерге кері байланысты салыстыру есебінен қозғала алады. Ағзаны қызмет етудің жаңа деңгейіне ауыстыру үшін өз әрекеттерін сезіну және осы әрекеттерді жасау үшін тәнді анағұрлым тиімді пайдалану қажет [7].

Александр егер адам қозғалыстың алдында тоқтауға уақыт табуды үйренсе, онда біздің тәніміздің артық қысым туралы ескерту белгілері көбіне-көп түсінікті болады деп болжады.

Адамның қызмет ету табиғатын түсіну үшін «ақпаратты енгізу – өңдеу – шығару» формуласын Алан Бердалл өз еңбегінде адам үлгісін «биологиялық компьютер» ретінде құру үшін қолданды. Аталмыш үлгіні төменде қарастырамыз. Осылайша, Ф. Александрдің әдісі адамның когнитивті қызметіне денелілікті «жағымды жағдайда сезімдерде көрініс табатын ішкі сезімдік дерексіздіктен» түсінілетін, яғни басқаруға болатын деңгейге дейін ауыстырып, денеліліктің жұмысына араласуға, қарқынын бағыттау мен үйлестіруге мүмкіндік береді. Сөйтіп, Александр әдісі ақыл, тән және жанның өзара әрекеттестігінің жарқын мысалы болып табылады, олар бірлік пен тұтастықта болғанда адамның толыққанды әрі тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге қабілетті.

Моше Фельденкрайздің психотерапевтік әдісі – өзін-өзі жетілдіру немесе өзі «қозғалыс арқылы сезіну» (awareness through movement) деп атаған тұлғалық өсу әдісі. Бұл өзін-өзі жетілдірудің түрлі рухани-философиялық мектептерінде ұсынылған ежелгі шығыстық дәстүр мен заманауи батыстық психологиялық ғылымның түйісуімен пайда болған тәндік-бағдарлық психотерапиядағы негізгі, басты тәсілдердің бірі.

М.Фельденкрайз өз еңбектерінде қозғалыс бейнесі және өзіндік бейне ұғымдарын пайдаланды. Өзіндік бейне әрбір қозғалысқа тартылатын төрт құраушыдан тұрады: қозғалыс, түйсік, сезім және ой. Бұлардың бүкіл ағзаның қызмет етуіндегі рөлі туралы Фенделькрайз былай деп жазған: «Өмірді ешқандай қозғалыссыз қолдау тіпті қысқа уақытқа болса да қиын. Егер тірі ағза барлық түйсіктерден айрылған болса, онда өмір де жоқ. Сезімсіз өмір сүру шабыты жоқ; тек тұншығу сезімі ғана бізді демалуға мәжбүрлейді. Рефлективті ойдың барынша аз үлесінсіз тіпті тарақан ұзақ өмір сүре алмайды» [8].

М.Фельденкрайз теориясының орталық идеясы ағзаны бұлшықет жүйесі интеграциядағы басты рөлдердің бірін ойнайтын бір тұтастық ретінде түсіну болып табылады. Ағза біртұтастық ретінде әрекет етеді. Кез келген сәтте жүйе біршама жалпы интеграцияға ие болса, тән де дәл сол сәтте оны көрсетеді. «Теориялық тұрғыда, жүйенің құраушыларының әрбірі (түйсік те, сезім де, ой да) негізгі ретінде пайдаланылуы мүмкін, бірақ ағзада бұлшықеттердің рөлінің үлкендігі сондай, егер оларды құрылымнан шығарса, құрылымның белгілі бір әрекеттегі басқа құраушылары дезинтеграцияланады!» [9].

М.Фельденкрайз адам ағзасының қызметінің бұзылуы тек психологиялық себептермен ғана емес, сонымен бірге тәннің қалаған нәтижеге әкелмейтін әрекеттерді жасауға дағдыланғанымен де байланысты деп есептейді. Қызмет үдерісінде адам «мақсатты әрекетке» кедергі келтіретін көптеген артық, кездейсоқ қозғалыстар жасайды.

М.Фельденкрайз М.Александр сияқты, бұлшықетті қозғалысты адам әрекетінің маңызды құраушы бөлігі деп есептей отырып, мінез-құлықты өз тәнін басқарудың жаңа тәсілін үйрете отырып өзгертуге ұмтылды. Ол адамның мінез-құлығын сезімталдылықты жетілдіру арқылы қозғалысты анағұрлым жетілдірілген басқаруға үйрете отырып, қозғалыс бейнесі мен өзіндік бейнені түрлендіру жолымен өзгертуді болжады. Тәннің тұтастық ретіндегі қызмет үдерісінде қозғалыстың стандартты құрылымдарын бұзу және жаңа тәсілдерді даярлау қажет.

М. Фельденкрайздің пікірі бойынша, адамның өз әрекеттерін сезінуі басты сәт болып табылады: «тек сезіну ғана әрекетті ниетке сәйкестендіреді». Сөйтіп, адамның мінез-құлығына үлкен тиімділік беріледі. Оларға ұсынылатын жаттығулар бұлшықеттердегі тіпті ең кішкентай өзгерістерді сезіну үшін қозғалысқа күш салуды азайтуға бағытталған. Осылайша, М.Фельденкрайз кері байланысты тәннің түйсігі ретінде сөзсіз қабылдауды негіз етіп алады. Интуитивті «тән белгілерін» сезіну дағдыларын қалыптастыру сананың интуитивті-ішкісезімдік оң жақ жартышар механизмдерін шешім қабылдау үшін қолайлы жұмыс құралына айналдыруға мүмкіндік береді. «Тән белгілерін» түсіну қабылдаудың балғындығының және табиғилығының пайда болуына, мінез-құлықтың ішкі әсерлерден болуының қалыптасуына және интуитивті бастама негізінде шығармашылық қиялды ынталандыруға әсер етеді [10].

М. Фенделькрайз өз еңбектерінде біріктіруші құраушы ретінде бұлшықетті жүйе ұйғарылатын, түйсік, сезім, ой және қозғалыс кіретін адамдағы «қозғалыс бейнесі» мен «өзіндік бейнені» ерекшелік отырып, интегративті түсінікке барынша жақындайды.

Ида Рольфтің құрылымдық интеграция әдісін (немесе «рольфинг») дайындады. Райхтің психотерапевтік көзқарастарына негізделген бұл әдіс тұлғаны психологиялық түрлендіру үшін пайдаланылатын тікелей физикалық араласу болып табылады.

И. Рольфтің пікірі бойынша, жақсы қызмет ететін тән ауырлық күшіне қарамастан энергияның барынша аз шығынымен түзу әрі вертикальді болып қалады. Ол күйзелістің ықпалымен бейімделуі және бұрмалануы мүмкін. Анағұрлым күшті өзгерістер бұлшықетті қаптайтын біріктіруші қабықша – шандырда орын алады.

Құрылымдық интеграция – бұл тікелей терең ықпалмен қатар болатын бұлшықетті шандырларды терең әрі жиі ауыртатын созу арқылы тәнге дұрыс қалып пен дұрыс сызықтарды қайтаруға ұмтылатын жүйе.

Құрылымдық интеграцияның мақсаты – тәнді ең жақсы бұлшықетті тепе-теңдікке, құлақ, иық, ортан жілік және тобық арқылы түзу сызық жүргізуге болатын қолайлы қалыпқа жақын ауырлық сызықтарының ең жақсы үйлесіміне әкелу. Бұл тәннің негізгі бөліктерінің – бас, кеуде, жамбас және аяқ – салмағын теңдестіріп бөлуге, анағұрлым сәнді және тиімді қозғалыстарға әкеледі [11].

Рольфинг ең алдымен бұлшықеттер мен қаңқалық жүйені байланыстыратын және қолдайтын шандырлармен, байланыстырушы тінмен, жұмыс істейді. Рольф психологиялық жарақат немесе тіпті маңызсыз физикалық зақым тәннің кішкентай, бірақ тұрақты өзгерістерімен көрініс табатынын көрсетті. Сүйектер немесе бұлшықетті тін кішкене орнынан жылжытылады, және байланыстыратын тіндерді өсіру олардың орнына келуіне кедергі келтіреді. Сызықтардың бұзылуы тек тікелей зақымдалған орында ғана емес, сонымен бірге тәндегі айтарлықтай алыстағы нүктелерде де өтем ретінде орын алады. Мысалы, егер адам зақымдалған иығын ұзақ уақыт бойы санадан тыс есіркесе, бұл мойынға, басқа иыққа, жамбасқа әсер етуі мүмкін (аталмыш идеяның дамуын біз кинезиологиядан толықтай бақылай аламыз).

Рольфингтің мақсаты қоршаған тін дұрыс қалыпта бола алуы үшін бұлшықетті шандыр мен оның босансуымен күрделі іс-әрекеттер жасау болып табылады. Терапия үдерісі саусақтар, саусақ буындары және шынтақтардың көмегімен терең уқалауға негізделген. Осылайша, И.Рольфтің «медициналық-психологиялық» білімдер негізінде психотерапияға медицинадан алынған (қолмен емдеу) тікелей қолмен әсер етуді енгізуге деген ұмтылысы жүзеге асырылды. Осы тәсілдің түсініктеріне сәйкес, тәндік бұзылыстарды тікелей түзету психологиялық мәселелер мен олардың салдарларын шешудің кілті болып табылады [6].

Тәннің символикалық тілі. Тәннің бір емес, екі тілі бар: тәннің сыртқы тілі – ымдау және кинестетика (ишарат, сырт келбет) - әлеуметтік-коммуникативті рөл атқарады. Ал екіншісі, тәннің ішкі тілі – кинестетикалық, ішкісезімдік және терілік сезімдер, ішкі сезімнің тәндік белгілері – ішкі тұлғалық байланыс, саналық және санадан тыс үдерістер арасындағы диалог

үшін қызмет етеді. Тәннің бұл тілінде әрбір адам сөйлей алады, бірақ кез келген адам оны ести немесе тіпті түсіне алмайды. Адамның өз тәнінің тілін түсінбеуі, оның ішкі сезімнің белгілеріне назар аудармауы сияқты психологиялық мәселелер осыдан көрініс табады.

Феликс Дейчтің (F.Deutch) пікірі бойынша, психотерапияда емделуші әрдайым «екі тілде сөйлейді: вербальді және соматикалық», яғни саналы-сөзді және санадан тыс-тәндік. Осы екі айтылудың үйлесімі олардың «бірмезгілдегі өзара байланысы» (Шульц-Хенке) тәнде сақталып қалады. Бұл тек екінші (ішкі сезімдік) хабар қабылданбай – еленбей немесе түсінілмей – қалып, сәйкесінше оның күшеюі және нығаюы жүзеге асқан жағдайда ғана орын алады [11].

А.Пиздің зерттеуінше, тәннің тілі деген бұл сөз нені білдіреді? Бұл дегеніміз – ішкі сезімнің ойға салуы немесе тәндік сезімдердің белгі қызметі, олардың символикалық мәні. Тәннің тілінің өзіндік сөздігі осыдан келіп қалыптасады. Дегенмен, біздің санамызға қарата айтылған «тәннің тіліндегі сөз» тұрақты түрде айтылып тұрғанымен, адам бұл белгілерді саналы деңгейде жиі қабылдамайды. Бұл белгілер біздің санамыздың шеткі жағында, сезінудің шегінде А.Беку бойынша, автоматты ойлар деп аталатын тәндік құраушылар) болып, еленбеген сенсорлық тәжірибе (К. Роджерс) саласына түседі [12].

Ішкі сезім неге өз хабарламалары үшін көру немесе есту амалдарын емес, тәннің тілін таңдайды? Неге кинестетикалық модальдылық ішкі сезім үшін саналы «Мен» – мен тілдесудің ақпараттық арна қызметін атқарады? Іс жүзінде, мысалы, көру немесе есту сияқты басқа модальдылықтарда ішкі сезіммен өндірілетін бейнелер жай ғана сыртқы ортадан келетін сенсорлық тармақпен жабылады, «болмысты режимде» түсетін ішкі сезім белгілері, мысалы көру немесе есту ақпараттары үлкен ағында жоғалады.

Л. Марчердің «Бодинамикалық талдауы». Л.Марчер – В.Райхтің ізбасары, өз теориясында Райхтің «бұлшықетті сауыт» туралы түсінігіне сүйенді. «Бодинамикалық» (biodynamic) термині екі түбірдің бірігуінен жасалған: тән (body) + өзгеріс (dynamics), тәндік дамуды талдау деп түсініледі. Әдістің негізінде жастық дамуды (психология, анатомия және жүйкелік-бұлшықетті жүйенің жастық физиологиясы шеңберінде) тұлғалық дамумен кезеңдеп салыстыру жатыр [4]. Қандай да бір тұлғалық қасиеттердің тәнге «жалғануы» туралы түсініктерден тәндік-саналық бірліктің негізінде жататын жеке бұлшықеттердің немесе бұлшықет топтарының ауыспалы психологиялық қызметтері туралы түсінік шығады (1-кестені қараңыз). Осылайша, аталған түсініктерге сәйкес, бұлшықеттердің жағдайларын қалыпқа келтіру арқылы психологиялық мәселелерді түзету жүзеге асырыла алады. Жеке бұлшықеттердің жағдайының диагностикасы психологиялық мәселелер диагностикасы үшін де қолданыла алады [13].

Кесте 1 - Бұлшықет топтары және олардың психологиялық қызметтері

Бұлшықет топтары	Бұлшықеттердің психологиялық қызметтері
Бас, мойын	
Жалпы мимикалық бұлшықеттер	Сезімдерді, әлеуметтік байланыстарды білдіру
Көз айналасындағы бұлшықеттер	Назардың бағыттылығы және қысқа мерзімді жоспарлау
Ауыз айналасы мен тіл бұлшықеттері	Эмоционалды қабылдау
Мойынның алдыңғы жағының бұлшықеттері	Сөйлеп өз ойын білдіру
Мойынның артқы жағының бұлшықеттері	Ерік-жігер, тәкаппарлық, жағдайларды бағдарлау
Иық белдеуі пен қолдар	
Иықты бүгуші және жазушы, сонымен бірге иықты әкелетін және әкететін бұлшықеттер	Қатынастардағы жеке кеңістік

Иықты көтеретін бұлшықеттер	Психологиялық «жүкті» алып жүруге қабілеттілік
Иық ротаторлары	Өзін-өзі қорғау және басқалардың қолдауын қабылдай алу қабілеттілігі
Білекті жазғыштар	Итеру, қашықтықта ұстап тұру
Білекті бүккіштер	Тарту және ұстап тұру
Білек ротаторлары	Алу және беру
Білезік бүккіштері мен жазғыштары	Жайғастыру немесе мінез-құлықты әлеуметтік бақылау
Бас бармақ пен шынашақты қарсы қоятын бұлшықеттер	Қабылдаудың күшеюі. Жазбаша сөз.
Саусақтарды жазғыштар	Сезімтал тетік (шекараны өзгерту): «өзінен босату» қабілеті
Саусақтарды бүккіштер	Жанасу, зерттеу және ұстап тұру; алу және беру қабілеті
Аяқтар	
Санды бүккіштер	Алға қозғалуға және психологиялық байланысқа бастамалау
Санды жазғыштар	Өзін-өзі таныту, «өзінікінде тұру» қабілеті
Санды әкелетін бұлшықеттер	Сексуалды-сезімтал өзіндік сана
Сирақты жазғыштар	Өзара қатынастағы дербес шекаралар
Сирақты бүккіштер	Бағытты таңдау және алға қозғалуды бақылау
Асықты жілік бұлшықеттері	Топтық өзара әрекеттестіктегі дербес тепе-теңдік
Табан және саусақтарды жазғыштар	Шынайылықпен байланыс
Табанды бүккіштер	Өзін-өзі таныту, «аяқта нық тұру» қабілеті
Саусақтарды бүккіштер	Жермен байланысты сезіну

Л. Марчер тонус жағдайы мен бір жағынан, нақты бұлшықет пен бұлшықет топтарының күштері, екінші жағынан, адамның жағдайының психоэмоционалды аспектілері арасындағы арақатынастылықты суреттеп Гудхард пен оның ізбасарларының еңбектеріне жақындады. Бұл зерттеулер төменде айтылатын, тонус пен қандай да бір бұлшықеттердің күшінің өзгеруін бірінші кезекте физиологиялық мінездің бұзылуымен байланыстыратын қолданбалы кинезиология шеңберіндегі зерттеулерге ұқсас.

Л.С. Белгородский, М.Е. Сандомирскийдің пайымдауларына, денеге бағдарланған психотерапевтік әсер мүмкіндігін қозғалыстық психотехникалардың көмегімен клиентке өз эмоцияларын дәлірек тануға әрі ажыратуға, өзінің өткен эмоционалды тәжірибесін қайта басынан өткізуге көмектесіп, сол арқылы сана-сезімінің сферасын кеңейтуге және өзіне деген анағұрлым эмоционалды жағымды қатынасты қалыптастыруына ықпал етіп, адамды оның психо-әлеуметтік және биологиялық қызметінің тұтастығымен қарастыруға байланысты кеңейтеді. Осылайша, тәндік-бағдарлық тәсіл әдістерінің жалпы негізі тән (body) мен рухани-психикалық сфераның (mind) ажырамас байланысы туралы түсінікке негізделген терапия үдерісінде (body-mind therapy) терапевтің клиенттің тәнімен байланысын пайдалануы болып табылады. Мұнда клиенттің жауап қайтарылмаған эмоциялары мен зақымды естеліктері тәнде сақталып қалған психологиялық қорғаныстың физиологиялық механизмдерінің қызметінің нәтижесі деп жорамалданады. Олардың тәндік көріністерімен

жұмыс кері байланыс қағидаты бойынша клиентке тұлғаның ығыстырылып шығарылған аспектілерін сезінуге және қабылдауға, оларды өзінің терең болмысының (self) бөліктері ретінде біріктіруге көмектесіп, клиенттің психологиялық мәселелеріне түзету енгізуге көмектеседі [14].

Сонымен, **қорыта келгенде**, денеге бағдарланған терапия әдістері мен тәсілдерінің көптүрлілігіне қарамастан, олардың барлығын адамның когнитивті, мінез-құлықтық, эмоционалды және тәндік көріністерін бірлікте қарастырумен қол жеткізілетін адамды біріктірілген болмыс ретінде түсінуге деген жалпы ұмтылыс біріктіреді.

Психотерапия контекстінде алуан түрлі 50 денеге бағытталған емдік жүйелер бар, олардың арасында райхиандық терапия, Лоуэн бойынша биоэнергетикалық психоанализ, Фельденкрайз жүйесі, Александердің техникасы, рольфинг, розен-әдіс, биосинтез, биодинамикалық психоанализ кең танымал. Денелік психотерапия (денеге бағытталған, соматикалық терапия) – салыстырмалы түрде денені саналы ұғынуға және «азат етуге» бағдарланған, оның биологиялық және әлеуметтік негізделген реакцияларын тануға, өзіндік денесіне оралуға, алғашқы импульстерді ашуға, денені өзгерту арқылы жұмысқа, тұтастыққа жетуге және қазіргі сәтпен өмір сүруге бағытталған психологияның жас және перспективті бағыты. Денеге бағытталған терапияның дамуына К.Юнгтің аналитикалық психологиясы күшті әсер етті. «Жаны жоқ дене бізге ешнәрсе айта алмайды, біз жанның көзқарасын қолдай алмаймыз, жанның денесіз ешбір мәні жоқ». К.Юнг бойынша, мысалы, биде көрінетін «белсенді қиял» деп атаған әртістік көңіл-күйлер, саналы ұғынылмаған қалаулар мен қажеттіліктерді бейсаналылықтан туындатып, оларды катарсистік босату мен талдау үшін қолжетімді етеді. Адам арнайы дене жаттығуларының көмегі арқылы бұлшық ет қабығынан босап, өзінің денесін таниды, өзінің ішкі ынталарын саналы ұғынады және оларды қабылдайды. Бұл адамның терең ұмтылыстары мен сезімдеріне сәйкес, үйлесімді өмірде өзін-өзі реттеу қабілетін дамытуға, басқаша айтқанда, дене және психологиялық өсуге әкеледі

Біздің еңбегіміздің тақырыбына сәйкес, сана мен тәннің (яғни, бұлшықетті жүйенің) ықпалы мен өзара шарттастығы түрлі тәсілдерде қандай түрде қарастырылатынына назар аудару маңызды болып табылады.

1. Райх В. Анализ характера. – М., 2000. - 220 с.
2. Райх В. Анализ личности. – М.: «Ювента», 1999. - 333 с.
3. Райх В. Характероанализ / Пер. с англ. А. Боковикова. – М.: «Когито-Центр», 2006. – 368 с.
4. Лоуэн Александр. Депрессия и тело. – М., Велигор, 2015. - 319 с.
5. Лоуэн А. Психология тела: биоэнергетический анализ тела / Пер.с англ. С.Коледа – М.: Институт общегуман.исслед. – 2000.- 256 с.
6. Кушербаяева Е. Телесно-ориентированные игры для детей с аутистическим синдромом. Республиканский научно-методический, психологический журнал «Жантану мәселелері_Вопросы психологии». – №5, 2014.
7. Бегалиева Н.У. Тұлғаның денелік және психикалық күйін үйлесімге келтіру жаттығулары. Республикалық ғылыми-әдістемелік, психологиялық «Жантану мәселелері_Вопросы психологии» журналы. – №4, 2013. - 23-25 бб.
8. Фельденкрайз М. Осознание через движение. – СПб, 1998.
9. Фельденкрайз М. Искусство движения. Уроки мастера. // Москва, ЭКСМО, 2013.
10. Фельденкрайз М. Осознание через движение: 12 практических уроков // М. - СПб, 2014. 160 с.
11. Телесно-ориентированная психотерапия. Хрестоматия// Автор-составитель Л.С.Сергеева. - СПб., 2000.
12. Пиз А. Новый язык телодвижений / Перевод с англ.: Новикова Т.- М.,Издательство:Эксмо, 2013.
13. Баскаков В. Свободное тело. – М.: Институт общегуманитарных исследований, 2014. – 224с.
14. Руководство по телесно-ориентированной терапии. – СПб: «Речь», 2013. 256 с.

Аннотация

*Бегалиева Н.У., Алипбаева Б.М. – Казахский государственный
женский педагогический университет*

Сущность и специфические особенности телесно-ориентированной терапии

В статье рассматриваются сущность и специфические особенности телесно-ориентированной терапии – одного из современных направлений психологии и психотерапии. Подробно изучается концепция Вильгельма Райха, основоположника телесно-ориентированной психологии и психотерапии, где особое внимание уделяется телесно-ориентированной терапии. В рамках статьи проводится сравнительный анализ взглядов основных представителей данного направления, таких как А. Лоуэн, Ида Рольф, М. Александер, М. Фельденкрайз. Вместе с тем, широко освещается концепции и других авторов, занимающихся проблемой телесно-ориентированной терапии. В связи с тем, что использование телесно-ориентированной терапии делает возможным осознание глубокой взаимосвязи души и тела, разума человека, также уделено внимание области ее фактического применения.

Ключевые слова: тело, мышечный панцирь, защитный панцирь, символический язык тело, биоэнергетика, скованность тела, расслабление.

Abstract

Begalieva N. U., Alipbaeva B. M. – Kazakh state women's teacher training university

The essence and specific features of bodily-oriented therapy

In article the entity and specific features of the solid oriented therapy – one of the modern directions of psychology and psychotherapy are considered. Explicitly Wilhelm Raich's concept, the founder of the solid oriented psychology and psychotherapy where special attention is paid to the solid oriented therapy is studied. Within article the comparative analysis of views of the main representatives of this direction, such as A. Lowen, Ida Rolf, M. Alexander, M. Feldenkryaz is carried out. At the same time, it is widely illuminated with the concept and other authors dealing with a problem of the solid oriented therapy. Because use of the solid oriented therapy does possible realization of deep correlation of soul and a body, reason of the person, attention is also paid to the field of its actual application.

Keywords: body, muscular armor, protective armor, symbolical language body, bioenergetics, constraint of a body, relaxation.

МРНТИ 15.01.11

S.A. Fedossova¹

*¹S.Amanzholov East-Kazakhstan State University
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

**SPEAKING TRAINING AS FUNDAMENTAL ASPECT OF LEARNING
FOREIGN LANGUAGE**

The article deals with Speaking as very multifaceted and complex phenomenon. First, it performs the function of a means of communication in a person's life. Secondly, speaking is a form of human activity. Thirdly, it is important to remember that as a result of speaking there is its product – a saying. Being an activity and its product, speaking has some traits that serve as a guide in training, as suggestion what conditions must be created for the development of speaking, as well as evaluation criteria of the learning outcomes.

The modern system of teaching a foreign language comes from the fact that the methods of teaching foreign languages are important not only communicative situations, which occur every second in the language communities and almost incalculable, but only repetitive, which most typical, or standard situations. The term refers to a typical communicative situation of an imaginary building or a model of real contact, which implements language behavior of interlocutors in their typical social-communicative roles.

Keywords: communicative situation, communication, real contact, modern techniques, methodology, speech activity speaking skills.

Communication conditions in the modern world, where a foreign language is a means of communication, knowledge, cognition and information storage, determined the need for development of all kinds of language skills: speaking and listening comprehension, as well as reading and writing. In this article we focus upon the process of developing students' speaking skills in secondary school.

Speaking is a productive type of speech activity by which the verbal communication is performed. Speaking is the expression of thoughts verbally in the core of speaking pronunciation, vocabulary and grammar skills. Speaking is very multifaceted and complex phenomenon. First, it performs the function of a means of communication in a person's life. Secondly, speaking is a form of human activity. Thirdly, it is important to remember that as a result of speaking there is its product - a saying. Being an activity and its product, speaking has some traits that serve as a guide in training, as suggestion what conditions must be created for the development of speaking, as well as evaluation criteria of the learning outcomes.

U.K. Babansky believes that the method of training is nothing more than "an orderly way related activities of a teacher and students to address problems of education" [1,p.68]. Thus, as the method of teaching we mean a way of organizing learning and cognitive activity of a teacher and students, addressed to the solution of educational tasks. At the heart of modern teaching methods are speaking categories such as verbal communication as: the situation, the role of the position, the community, the type and scope of communication, which are considered by modern science, as a model of verbal communication.

The most important of these methods of training speaking is communicative (speech) situation. Communicative situation, as a method of teaching speaking, which consists of four factors:

- Circumstances of the fact (or a situation), which carries out a communication (including the presence of other people);
- Relationship between the communicants;
- Verbal motivation;
- Implementation of the act of communication, creating a new position, the incentives for speaking [2,p.12].

